

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ЖОБАСЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰТАПХАНАСЫНАН  
АТЫРАУ -2020

Бекет Қарашин

**ҰЛЫ БАБАЛАРЫМЫЗ МӘНГІЛІК  
ЖАДЫМЫЗДА**  
*(тарихи эсселер)*

Бекет Карашин

**ПОМНИМ О ПРЕДКАХ ВЕЛИКИХ  
СВОИХ**  
*(исторические эссе)*



ИЗ ЭЛЕКТРОННОЙ БИБЛИОТЕКИ ПРОЕКТА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

АТЫРАУ -2020

Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@

ЖОБАСЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚІТАПХАНАСЫНАН

Атырау -2020

## БЕКЕТ ҚАРАШИН

ҰЛЫ БАБАЛАРЫМЫЗ МӘҢГІЛІК ЖАДЫМЫЗДА  
(тарихи эсселер)



Академик Зейнолла Қабдолов  
Атындағы қор

Фонд имени академика  
Зейноллы Кабдолова



## БЕКЕТ КАРАШИН

ПОМНИМ О ПРЕДКАХ ВЕЛИКИХ СВОИХ  
(исторические эссе)

ИЗ ЭЛЕКТРОННОЙ БИБЛИОТЕКИ ПРОЕКТА

Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@

Атырау -2020



## АННОТАЦИЯ

Бұл кітап екі тілдегі ғылыми-көпшілік туындыларды қамтиды.	Данная книга представляет собой научно-популярное произведение на 2-х языках.
Ол сондай-ақ тарих, тілтану, лингвистика бойынша қосымша оқу құралы болып табылады.	Она также является дополнительным учебным пособием по языкознанию, истории, лингвистике.
Екі тілде құрастырылған бұл кітап оқырмандардың қазақ және орыс тілдерін салыстырмалы түрде үйренуіне көмектеседі.	Двуязычная книга составлена таким образом, чтобы читатели могли сравнительным способом изучать одновременно и казахский, и русский языки.
Сонымен бірге кітаптың жастар тәрбиесінде маңызы жоғары: патриоттық-отансүйгіштік рухты оятуға, олардың бойында қайсар мінезді қалыптастыруға, әділеттілікке және демократиялық көзқарастардың дамуына қызмет етеді.	Она также несёт огромный воспитательный заряд для молодёжи, её формирования и развития в духе героизма и патриотизма, интернационализма и демократизма.
Кітап үлгісі электрондық оқулықтарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.	Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.
Аталған кітап тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде таратылады.	Книга распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях.
Оқулықты жүктеп алу тегін.	Скачивание бесплатное.
Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2020» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған.	Книга издана на спонсорские средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2020».
Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.	Она предназначена для широкого круга читателей, изучающих казахский язык.
Редакциялық коллегия: М.М. Өуезов, Б. Қарашин. Бас редактор және корректор – Б.Қарашин. Аудармашы: Д.Имамбаева Суретші: Мария Кель. Беттеу, дизайн - Аждар Жұлдыз.	Редакционная коллегия: М.М. Ауэзов, Б. Карашин. Главный редактор и корректор – Б. Карашин. Переводчик: Д.Имамбаева Художник: Мария Кель. Верстка, дизайн: Аждар Улдуз.



### «ӘЛЕМНІҢ ҚҰДАЙ ЖІБЕРГЕН ӘМІРШІСІ»

«Біз өз ата-бабаларымыздың атақ-даңқын мақтан тұтуымызға болады және сөйтуге міндеттіміз де; ал, оларды құрметтемеу нағыз ұят іс және тайыздық!» (Пушкин)

1

Тарихта халықтарды, діндерді, мәдениеттерді, дүниетаным мен ғылымды алға жетектеген мыңдаған, он мыңдаған көрнекті қайраткерлердің, тарихи тұлғалардың, ұлы адамдардың есімдері жинақталған. Осы ерен жүйрік есімдер мен адамдардың шоғырында көрнекті қайраткерлердің көрнектісі болып, айрықша дара тұрғандары бар. Олардың қатарында «Ғаламды бағындырушының» есімі мен тұлғасы бар, болады және бола бермек.

Шыңғысхан жайлы көп жазылды, белгілі жайттар да аз емес. Бірақ, әдетте, ұлы тұлғаға ере жүретін құпиялармен, белгісіздікпен, фальсификациямен, өтірікпен, жорамалмен және басқа да «атрибуттармен» көмкерілгені одан да көп.

### «ВЛАДЫКА МИРА, НИСПОСЛАННЫЙ БОГОМ»

«Гордиться славою своих предков не только можно, но и должно; не уважать оной есть постыдное малодушие!» (Пушкин)

1

История накопила тысячи, десятки тысяч имён выдающихся деятелей, исторических личностей, великих людей, ведших за собой народы, религии, культуры, мировоззрения и науки. В плеяде всех этих имён и людей есть такие, которые стоят особняком, являясь выдающимися из выдающихся деятелей. К ним относили, относят, и будут относить имя и личность «Потрясателя Вселенной».

О Чингисхане написано много, известно немало. Но ещё больше того, что покрыто тайной, неизвестностью, фальсификациями, ложью, домыслами и другими «атрибутиками», как правило, сопровождающих великую личность.

Еуропада ұзақ уақыт өмір сүрген, қазір де бар (және де тек Еуропада ғана емес) осындай фальсификацияның біреуі бойынша, Шыңғысхан тек варвар, қатыгез қаһарман, қиратушы, залым данышпан, мәдениет пен өркениеттің дұшпаны және т.с.с. болған деген қысыр сөздер бар. Алайда, бұл пікірді кейбір еуропалықтардың өздері, көрнекті қайраткерлер мен ғалымдар теріске шығарған болатын. Мысалы, Наполеон өзінің «Ойлар» трактатында өзін Шыңғысханның шәкірті санады, әскери стратегияның және тактиканың көбін содан алды және тіпті: «Мен Шыңғысхан сияқты бақытты болған жоқпын!» деп мойындады.

Бірақ, Шыңғысханға деген осындай толығымен теріс көзқарас біздің заманымызда да сақталып отыр. Шыңғыс ісінің жағымды тарихи мән-маңызын Мұхтар Шаханов және басқа да қазіргі қайраткерлер үзілді-кесілді, біржақты жоққа шығарады. Ресейлік тарихшылар мен идеологтар қауымы Москва патшалығының, одан кейін Ресей империясының қалыптасуы мен көтерілуіндегі Моңғол Империясының орасан зор рөлін мойындамайды.

Бір жағынан, осы адамның адамзат алдындағы еңбегін шектен тыс ұлғайтып көрсету, тіпті оның есімін, істерін құдыреттендіру үрдісі де байқалады. Шынында, қытайлықтар оны Қытай империясының негізін қалаушы, ұлттық батыр, адам бейнесіндегі құдай деп есептейді. Моңғол тарихшылары, Санан-Сецен-Қоңтайжыдан (XVII ғ.) бастап, барлығы Шыңғысханның тұлғалық қасиеттерін абсолюттендіруге және дифирамбылар арнауға сараңдық танытпады, олардың барлығын тек жақсы жағынан көрді.

Бірақ тарих диалектикасы Шыңғысхан іспетті тұлғаларға ешқашан тривиалды біржақты өлшемдермен, этикалық бағалаумен, формальды логикамен келуге болмайтынын үйретеді. Бұл тұлғалар тарихтың өз қисынымен талап етілгенін, тарихтың біз субъективті деп атайтын факторы екенін, онсыз тарихи уақиғалардың объективті өзгерістері мүмкін еместігін есте ұстау керек.

Одним из таких фальсификаций являлось, бытовавшее в Европе долгое время, да и бытующее сейчас (и не только в Европе), досужее мнение о том, что Чингисхан был лишь варваром, демоническим героем, разрушителем, злым гением, противником культуры и цивилизации и т.п. Но это мнение отчасти было опровергнуто самими европейцами, выдающимися деятелями и учёными. Например, Наполеон в трактате «Мысли» считал себя учеником Чингисхана, многое из военной стратегии и тактики перенял у него и даже признавался: «Я не был так счастлив, как Чингисхан!».

Но данное полностью негативное отношение к Чингисхану сохраняется и в наше время. Категорически, односторонне не приемлет позитивное историческое значение деяний чингисова Мухтар Шаханов и другие деятели современности. Масса российских историков и идеологов не признают огромную роль Монгольской Империи в становлении и возвышении Московского царства, а затем и Российской империи.

С другой стороны, заметна тенденция чрезмерного преувеличения заслуг этого человека перед человечеством, даже некоторого обожествления его имени, свершений. Так, китайцы считают его основоположником Китайской империи, национальным героем, богом в плоти. Монгольские историки, начиная с Санан-Сецен-Хун-тайджи (XVII в.), не скупилась на дифирамбы и абсолютизирование черт личности Чингисхана, видя во всех их лишь позитив.

Но диалектика истории учит тому, что к таким личностям, как Чингисхан, никогда не следует подходить с тривиальными однобокими мерками, этическими оценками, формальной логикой. Надо иметь в виду, что эти личности были востребованы самой логикой истории, являлись тем фактором истории, который мы называем субъективным, без которого объективные изменения исторических событий невозможны.

Сонымен, Шыңғысхан деген кім? Оның шығу тегі қандай? Ол тарихта не жаңалық жасады? Оның бізге, біздің заманымызға тікелей қатысы бар ма?

Осы сұрақтардың бәріне бір мақаланың шеңберінде жауап беру мүмкін емес. Тақырыптың тарихи қатпарларын біз тек ішінара ғана қозғаймыз, себебі бұл туралы анағұрлым толық мағлұматты толып жатқан дереккөздерден, кітаптар мен оқулықтардан табуға болады. Ал, біз бұл тақырыпқа қатысты дәстүрлі емес көзқарастарды ұстанатын боламыз, сенсация деуге лайық идеялар мен болжамдарды ұсынамыз, кейбір тарихи құпияларды қозғаймыз, проблемалар жөніндегі өз ой-толғамдарымызды келтіреміз. Бұл тақырыптың өзектілігі, Шыңғысхан державасының тарихын біз Қазақ хандығының, Москва Русі тарихының бастауы ретінде қарастыруға тиіс екенімізге келіп тіреледі.

2

## **ШЫҒУ ТЕГІ МЕН ӨМІРБАЯН БЕТТЕРІНЕ ТҮРКОЛОГИЯ ПРИЗМАСЫ ТҰРҒЫСЫНАН КӨЗҚАРАС**

Шыңғысхан ауызша деректер бойынша 1155 ж. (доңыз жылы) туған. Бірақ бұл датаға көптеген тарихшылар қарсы (мысалы, Л.Н.Гумилев), олар оны 1162 жылы туған деп дәлелдейді. Оның туған кездегі толық есімі – Теңгрин Огуйхсен Темучин. Хан болып сайланған соң, оған Шыңғысхан деген титулдық есім тағайындалған. Өміріндегі толық есімі – Делихян эзен Суту Богдо Шыңғысхан («Әлемнің Құдай жіберген әміршісі Шыңғысхан»). 1227 жылы қайтыс болған.

Оның шежіресі архитектуралық бастауларды (рудың ең арғы негізін қалаушылар) қоспағанда 12 атаға дейін белгілі. Оның ең әйгілі ата-бабаларын ғана атап өтеміз. Әуел бастан бізді бір мән-жай қайран қалдырады.

Итак, кто такой Чингисхан? Каково его происхождение? Что нового в истории он совершил? Имеет ли он непосредственное отношение к нам, нашей современности?

На все эти вопросы в рамках статьи дать ответ невозможно. Исторических пластов темы мы коснёмся лишь отчасти, поскольку более полные сведения об этом можно найти в многочисленных источниках, книгах и учебниках. Мы же будем придерживаться нетрадиционных взглядов на тему, выдвинем почти сенсационные идеи и гипотезы, коснёмся некоторых исторических тайн, представим свои размышления по проблемам. Актуальность этой темы состоит в том, что историю державы Чингисхана мы должны рассматривать, как предысторию Казахского ханства, Московской Руси.

2

## **СТРАНИЦЫ ПРОИСХОЖДЕНИЯ И БИОГРАФИИ ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ ТЮРКОЛОГИИ**

Чингисхан по устным источникам родился в 1155 г. (год кабана). Но эта дата оспорена многими историками (н-р, Л.Н.Гумилёвым), которые доказывают, что он родился в 1162 году. Его полное имя от рождения – Тенгрин Огуйхсен Темучин. После избрания ханом, ему было присвоено титульное имя Чингисхан. Полное прижизненное имя – Делихян эзен Суту Богдо Чингисхан («Владыка мира, ниспосланный Богом Чингисхан»). Умер в 1227 году.

Его родословная известна до 12 колен, не считая архиродовых истоков (самых дальних основоположников рода). Отметим лишь самых известных его предков. С самого начала нас поражает одно обстоятельство.

Шыңғысханның ең арғы бабалары ғұндардың Нирут тайпасының бір бөлімшесіне барып тіреледі, одан Хият (кият, кият), ал сонан соң – Бөріжеген («бөрінің етін жеген») бөлімшелері тарайды. Сонда, бұл қалай болғаны? Ғұндар, бұған дейін дәлелденгендей, қағанаттық түркілердің ізашарлары, түптүркілер болып табылады. Демек, Шыңғысхан ешқандай моңғол емес, түркі болғаны ма?!? Талдаудың одан арғы барысы бізді бұл сұраққа оң жауап беруге итермелейді. Бұл құпияның принциптік мәні бар, оны бізге дейін де ашуға тырысқан, бірақ біз жұмбақтың өзіміз тапқан шешімін келтіреміз. Генеалогияны жалғастырайық...

Шыңғысханның 12-ші буындағы атасы – Бориден-чоно. Бориден «бөріден шыққан» деген түркіше сөз тіркесі. Осы толық есімнен біз билингва немесе тіпті калька тауып аламыз: бөріден («бөріден, қасқырдан шыққан», түркі сөзі) және оның моңғол тіліне аудармасы (чоно – қасқыр). Шыңғысханның бабасының түркілік есімін «моңғолтілділер» өз қалыбына салып аударуы әбден мүмкін.

Бірнеше генеалогиялық буындарды өткізіп жіберіп, «Ғаламды бағындырушының» ең жақын аталарына келейік. Оның бабасы Қабыл-хан болатын (тағы да түркілік есім!). Ол қатты ашу қысқан кезде Қытай императорын сақалынан тартып сүйрегенімен аты шықты. Қабыл-ханның бауыры Қотұл-ханның (түркішеден аударғанда – «фаллостың ұлы») атағы да одан кем емес. Кәзірде әдепсіз саналатын «қот», «құт», «көт» (фаллос) түбірлерінен шыққан есімдер ол уақытта кәдімгі әдеби сөздер болатын. Салыстыратын болсақ: Көтен (қыпшақтардың ханы), Құтыз (Мысыр сұлтаны), Кутузов (Кутузов-Голощекиндер әулеті – Алтын Орданың тумалары), Көтібар (қазақтың Есет пен Бекет батырларының әкесі).

Самые дальние предки Чингисхана восходят к подразделу гуннского племени Нирут, от которого проистекают подразделы Хият (кият, кият), а затем – Бөріжеген («питавшийся волчьим мясом»). Так, что же выходит? Гунны, как уже доказано, являлись пратюрками, предшественниками каганатовских тюрков. Выходит, Чингисхан вовсе не монгол, а тюрк?!? Дальнейший ход анализа склоняет нас к положительному ответу на этот вопрос. Эта тайна имеет принципиальное значение, её уже пытались раскрыть ещё до нас, но мы приводим собственное видение загадки. Продолжим генеалогию...

Предок Чингисхана в 12-ом колене – Бориден-чоно. Бориден переводится словосочетанием «от волка» (тюркс.) В этом полном имени мы находим билингву или даже кальку: бориден («от волка», от тюркского слова «бори», волк) и его перевод на монгольский (чоно – волк). Вероятность того, что тюркское имя предка Чингисхана «монголоязычные» переводили на свой лад, очень велика.

Пропустив несколько генеалогических звеньев, обратимся к самым близким предкам «Порявателя Вселенной». Прадедом его был Кабул-хан (опять-таки, тюркское имя!). Он был знаменит тем, что в порыве гнева таскал за бороду императора Китая. Братом Кабул-хана являлся не менее известный Котул-хан (с тюркского – «фаллоса сын»). Ныне непристойные имена, выводимые из основы «кот», «кут», «кёт» (фаллос) были в те времена вполне литературными. Для сравнения: Котен (хан кипчаков), Кутуз (султан Египта), Кутузов (династия Кутузовых-Голощекиных – выходцы из Золотой Орды), Котибар (отец казахских батыров Есета и Бекета Котибаровых).

Шыңғысханның атасы – Батан-бағатұр. Әкесі – Есугей-бағатұр. Мен өзімнің бір этимологияда «бағатұр» сөзі «бұқа+түрк» («бұқа тәрізді, дәу, ірі түрік») сөзінен шығады деп жорамалдаған едім, бұл батырдың көлемі мен күшіне әбден сәйкес келеді. Шыңғысханның әкесінің есімі, шамасы, Есет, Есен және т.с.с. есімдердің еркелеткен нұсқасын білдіретін сияқты. Біз әлі күнге дейін үлкендерге және сыйлы адамдарға осылай сөйлейміз: Бәке, Сәке, Мәке, Есеке және т.с.с. Шыңғысханның анасы (Өлен) үш кішкентай ұлын күйеусіз бағып-қаққан парасатты әйел болған (Тимучиннің әкесін татарлар улап өлтірген).

Тимучиннің ағаларын Қайсар (батыл, өжет) және Бильгуши (білгіш, сауатты және т.с.с.) деп атады. Бұл да түркі есімдері. Қайсар, мысалы, өзінің есіміне сәйкес, шәлкес сотқар, бірбеткей адам болды, ол тіпті Шыңғысханның өзіне қарсы шығуға және тайталасуға батылы барды. Бұл оның туғандағы өз есімі емес, лақап аты болуы ықтимал.

Шыңғысхан моңғол болды ма деген сұраққа сол дәуірдің тарихшылары жауап берді. Мысалы, Шыңғысханның жылнамашысы Рашид-ад-Дин, Шыңғысханға дейін қандай да бір этнос немесе халық туралы айтпағанның өзінде, «моңғол» деген сөздің де мүлде болмағаны жөнінде үзілді-кесілді жазып кетті.

«Моңғол» сөзін бірінші рет айналымға Шыңғысханның өзі енгізді. Ол Биде тайпасына осындай атау берді – «көк моңғол» (аспан моңғолдары). Бұл тайпа Темучиннің өміріндегі ең қиын кезеңдерде оған көмектесті. Сонда, моңғол сөзі нені білдіреді? Көптеген этимологтар, бұл этникалық есім емес, әскери термин: мың немесе мон + қол (жалпы әскери бірліктің атауы) дегенді құптайды, бұл біздің ойымызша өте дұрыс.

Дед Чингисхана – Батан-багатур. Отец – Есугей-багатур. В одном из своих этимологий я предположил, что слово «багатур» происходит от слова «бука+турк» («быкоподобный, огромный, крупный турок»), что вполне соответствует размерам и силе богатыря. Имя отца Чингисхана, похоже, представляет уважительно-ласкательный вариант имён Есет, Есен и т.п. До сих пор мы так обращаемся к старшим и уважаемым людям: Баке, Саке, Маке, Есеке и т.п. Мать Чингисхана (Олен) была выдающейся женщиной, воспитавшей без мужа (отец Тимучина был отравлен татарами) трёх малолетних сыновей.

Братьев Тимучина звали Кайсар (упрямец, упрямый) и Бильгуши (знающий, просвещённый и т.п.). Это также тюркские имена. Кайсар, например, соответствовал своему имени, был неуживчивым забиякой, своенравным человеком, он даже осмелился перечить и выступать против самого Чингисхана. Возможно, это не родовое его имя, а прозвище.

На вопрос о том, был ли Чингисхан монголом, отвечали историки того времени. Например, Рашид-ад-Дин, летописец Чингисхана, безоговорочно писал о том, что до Чингисхана слова «монгол» вообще не было, не говоря уже о каком-либо этносе или народе.

Впервые слово «монгол» вошёл в оборот сам Чингисхан. Так он наименовал племя Биде – «көк монгол» (небесные монголы). Это племя в самое трудное время для Темучина помогало ему. Так, что же означает слово монгол? Многие этимологи, на наш взгляд совершенно верно, склоняются к тому, что это не этническое имя, а военный термин: мын или мон (тысяча) + кол (название боевой единицы вообще).



Расымен де, қазіргі моңғолдарды қосқанда, «моңғолтілді» ру-тайпалардың барлығының ата-бабалары сяньбиліктер, түркітілдес хуннулардың «құрдастары» болатын. Сол уақыттың өзінде-ақ хуннулар мен сяньбиліктер бір-бірімен араласып кеткені соншалық, бұл этностардың этникалық тазалығы туралы айтудың жөні жоқ. Түркі-шаталар, оңғұттар және т.б. этностар – осы араласудан туған метистер. Алайда, бір де бір дереккөзде, оның ішінде қытайларда да, моңғол этнонимі тарих сахнасында Шыңғысханның пайда болуына дейін кездеспейді. Осы сөздің этимологиясының тағы бір қызықты нұсқасы бар: «мәңгі + қол» («мәңгілік армия»). Бұл нұсқа да Шыңғысханның әскери әуестігімен байланысы бар, ол өзінің әскери ұйымын өзінің этникалық шығу тегінен анағұрлым жоғары қойған.

...Әкесі 9 жасында құдаласып қойған Темучин Бөртеге үйленеді. Ол одан 4 ұл көрді, - барлығы танымал тарихи тұлғалар, олардың есімдері де түркі тілінен шыққан.

Жалпы, Шыңғысханның түркілік шығу тегінің пайдасына, оның империясының құрамдас бөліктерінің этникалық араластығы жөнінде сөйлейтін фактілерді көптеп келтіруге болады. Енді олардың басын қосайық.

А) Шығу тегі. Бұл – ең басты және негізгі аргумент. Хунну-түркілер, гунну-түркілер тарихи сахнадан түскеннен кейін із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ, олар басқа этникалық қауымдастықтардың құрамына сіңіп кетті, жаңа этностарды түзді (қағанаттық түркілер, эфталиттер, түркі-шаталар, оңғұттар және т.б.). Шыңғысханның генеалогиялық қайнар көзі қият-бөріжегендер де осы қатардан шыққан.

Действительно, пра-пра-пра-предками всех «моногоязычных» родов-племён, включая нынешних монголов, являлись сяньбийцы, «ровесники» тюркоязычных хунну. Ещё в те времена хунну и сяньбийцы смешались настолько, что говорить об этнической чистоте этих этносов не приходится. Тюрки-шато, онгуты и др. этносы – метисы из этого смешения. Но ни в одном из источников, включая китайские, этноним монгол не встречается до появления на сцене истории Чингисхана. Есть ещё один интересный вариант этимологии этого слова: «манги + кол» («вечная армия»). Этот вариант тоже связан с военными пристрастиями Чингисхана, который свою военную организацию ставил намного выше, чем свою этническую принадлежность.

...Темучин, сосватанный отцом ещё в 9 лет, женился на Борте. Он имел от неё 4-х сыновей, известных исторических личностей, имена которых тоже вышли из тюркского языка.

Вообще, можно привести массу фактов, говорящих в пользу тюркского происхождения Чингисхана, этнической смешанности составных частей его империи. Сведём теперь их воедино.

А) Происхождение. Этот аргумент – самый главный и основной. Тюрки-хунну, тюрки-гунну не исчезли бесследно после схода с исторической арены, они влились в состав других этнических сообществ, образовали новые этносы (каганатовские тюрки, эфталиты, тюрки-шато, онгуты и т.д.). Из этого ряда и кияты-борижегены, генеалогический исток Чингисхана.

Б) Есім-сөз. Шыңғысханның ата-бабасының және жақын туыстарының есімдерін біз біраз болса да жілігін шағып жаздық. Олардың бәрі – түркі есімдері. Дәл осыны біз өзге де туыстарының, оның үзеңгілестерінің, яғни тарихшылар сын көзімен қарамастан «түркіленген моңғолдарға» жатқыза салған басқа ру-тайпа өкілдері есімдерінің құрамынан да көреміз. Мысалы, найман тайпасынан шыққан тарихи тұлғалардың есімдері: Бүйрек немесе Бұйрық, оның ағасы Байбұқа, осының ұлы Күшлік (игілік), Етитұғлық (жеті тулық), Білге (білгір), Құтбұқа (Бейбарыс тас-талқанын шығарған «моңғолдардың», дәлірегі найман әскерінің қолбасшысы) және т.б. Қоңырат есімдері: Меңлиекі (екі меңі бар), оның ұлы, атақты Көкше бақысы, оның әйелі Бөрте. Шыңғысханның әкесінің андасы (анд, ант беріскен) болған керейіттердің көсемінің есімі Тоғрул (жыртқыш құс). Бұл есімдердің барлығы тарихшылар бізге таңған моңғолдардың «түркіленуі» болжамына дейін-ақ түркілік болған.

Шыңғысханның ұлдарының, немерелерінің, серіктерінің есімдері де түркіше. Ұлдары: Жошы (жолшы), Шағатай (Сақатай – белді құлыншақ = бала), Үгедей (Оқтай – желдей ескен (жебедей) құлыншақ), Тулуй (толы – томпақ). Немерелері: Берке (Береке) – байлық, игілік, Құбылай (құбылмалы), Меңке (Мәңгі), Арық-Бұқа және т.б. Серіктері мен қолбасшылары: Желме, Мұқали, Боргурчи (Бүркітші), Жебе және т.б. Айтпақшы, соңғысының шын есімі – Жиргуадай. Жаңа есімді оған Шыңғысхан берген. Неліктен моңғолша (сяньбише) емес, керісінше түркіше?

Шыңғысханның жеке есімі (Тимучин) түркінің Темірші (темір ұстасы) есімінің қытайлық транскрипциясының түпкі төркіні, себебі қытайлықтар «Р» әріп-дыбысын айтпайды және жазбайды.

Б) Именослов. Имена предков и ближайших родственников Чингисхана отчасти мы уже разбирали по косточкам. Они все – тюркские имена. То же самое мы находим и в составе имён других родственников, его сподвижников, представителей других родов-племён, некритически отнесённых историками к «отюреченным монголам». Например, имена исторических личностей из племени найман: Буйрек (почка) или Буйрык (приказ), его брат Байбука, сын последнего Кучулук (благодать), Етитуглук (семизнаменный), Бильге (знающий, знаток), Кутбука (предводитель «монголов», точнее найманского войска, разбитого Бейбарсом) и др. Конратовские имена: Менлиеки (мен – родимое пятно, менлиеки – два родимых пятна), его сын, знаменитый шаман Кокчи, его жена Борте. Имя вождя керейитов Тоғрул (хищная птица), бывший андой (анд, ант – клятва, анда, анты – поклявшийся) отца Чингисхана. Все эти имена были тюркскими ещё до навязываемого нам историками гипотезы «отюречивания» монголов.

Имена сыновей, внуков, сподвижников Чингисхана тоже тюркские. Сыновья: Джочи (Джолчы – путник), Чагатай (Сакатай – крепкий жеребёнок = ребёнок), Угедей (Огтай – стремительный (как стрела) жеребёнок), Тулуй (Толы – пухленький). Внуки: Берке (Береке) – благо, прок, Кубылай (изменчивый), Менке (Манги) – вечный, Арик-Буга (худощавый бык) и т.д. Сподвижники и военачальники: Джельме (вероподобный), Мукали, Боргурчи (Буркутчи – дрессировщик и охотник с беркутами), Жебе (стрела) и т.д. Кстати, настоящее имя последнего – Джиргуадай. Новое имя ему дал Чингисхан. Почему не на монгольском (сяньбийском), а на тюркском?

Личное имя Чингисхана (Тимучин) суть китайская транскрипция тюркского имени Темирчи (кузнец, возделыватель железа), поскольку китайцы не выговаривают и не записывают букву-звук «Р».

«Шыңғысхан» титулдық есімі... «Хан» («қахан», «қаған» және т.с.с. тәрізді) – түркілік титул. «Шыңғыс» сөзі болса шығыс моңғолдарда (сяньбиліктерде) кездеспейді, ал батыс диалектісінде ол «мықты», «күшті» дегенді білдіреді (ең дұрысы, түркіден алынған болса керек). Бұл туралы Рашид ад-Дин де, моңғол тарихшыларының өздері де жазды. Есесіне оның көптеген аудармалары түркі тілінде бар. Сондай нұсқалардың бірі: «Шығыс», Шыңғысхан – Шығыс ханы (салыстырсақ: Батыхан, Батухан. Батый хан – Батыс ханы).

В) Шыңғысхан империясының түркі қағанаттарымен саяси құрылым, дүниетаным, титулдар, лауазымдар сабақтастығы.

В.1. Шыңғысхан мен оның бодандары, түркі қағанаттары сияқты Меңке Көк Тәңіріге сенді, бұл (тағы да түркі тілінен!) Мәңгі Көк Аспан деп аударылады.

В.2. Ашина қағандарының тотемі қасқыр болатын, Шыңғысханның руы бөріжеген өздерін Боз Қасқырдың ұрпағымыз деп санады... Міне, осыдан «бөріден» басталатын, осы рудың өкілдерінің «адам-қасқыр» текті көптеген есімдері бастау алады.

В.3. Шыңғысхан державасындағы титулдар мен лауазым атаулары дәл бір қағанаттық түркілер қойғаннан аумайды: хан, қахан, оттегін, күлік (батыр), білге (дана), тудун, кешиктен (кешик, кезек сөзінен, яғни қарауылдың ауысуы).

В.4. Шыңғысхан заңдары мен жарлықтары мәтіндерінің тілі. «Білік» және «Йасак» («Ясак», «Жасақ») заңдар жинағын Шыңғысхан түркі тілінде айтып жаздырған және олар оның диалектілерінің бірінде (ұйғыр) жазылған.

Титульное имя «Чингисхан»... «Хан» (также как и «кохан», «каган» и т.п.) – тюркский титул. Слово же «чингис» не встречается у восточных монголов (сяньбийцев), а в западном диалекте (скорее всего, заимствованное у тюрков) оно означает «крепкий», «сильный». Об этом писал Рашид ад Дин и сами монгольские историки. Зато много переводов его мы имеем на тюркском. Один из вариантов: «Шығыс» - Восток, Чингисхан – хан Востока (сравни: Батыхан, Батухан, Батыйхан – хан Запада).

В) Преемственность политического устройства, мировоззрения, титулов, должностей империи Чингисхана с тюркскими каганатами.

В.1. Чингисхан и его подданные, также как и тюрки каганатов верили в Мёнке Кёк Тенгри, что (опять-таки, с тюркского!) переводится как Вечно Синее Небо.

В.2. Тотемом каганов Ашина была волчица, род Чингисхана борижеген считал себя потомком Сивого Волка... Отсюда и проистекают масса «человолчьих» имён представителей этого рода, начинающихся с «бори».

В.3. Титулы и название должностей в державе Чингисхана будто присвоены тюрками каганатов: хан, кохан, оттегин, кулюк (герой), бильге (мудрый), тудун, кешиктен (от слов кешик, кезек, т.е. смена караулов).

В.4. Язык текстов законов и установлений Чингисхана. Эти своды законов «Билик» и «Йасак» («Ясак», «Джасақ») Чингисхан диктовал на тюркском языке и записаны они на одном из его диалектов (уйгурском).



Білік (білім) және йасак (шығарма, ереже, әңгіме) тілі жағынан ғана емес, сонымен бірге стилі жөнінен де Орхон-Енисей жазбаларындағы түркі қағандарының үндеуін қатты еске түсіреді. Мұндағы ең қызық және беймәлім нәрсе: бұл құжаттарды Шыңғысхан поэтикалық формада шығарған!!! Түркі қағандардың жазбаларына да осындай форма тән.

Тек бұл емес, сонымен бірге толып жатқан өзге де аргументтер бізді Шыңғысханның шығу тегін түркілік тамырлардан шығаруға болатынына, ал сонымен қабат, наймандар, татарлар, керейіттер, қоңыраттар тәрізді және т.б. этникалық қауымдастықтарды «түркілендірудің» далбаса нұсқасын да жоққа шығаруға итермелейді. Әлбетте, Шыңғысханның армиясы мен империясында сяньбиліктердің де ұрпақтары болды (хамаг, биде, шивен, ойрат және т.б. тайпалар), оларды бүгінде моңғолдар деп атайды. Бірақ олар тұрғындардың да, әскердің де болмашы бөлігін құраған. Олай болса, мынадай сұрақ тууы заңды: неліктен осы бір аз санды тайпалар түркіленбей, одан анағұрлым көп, сол «түркіленген моңғолдар» деп аталғандар «түркілене қалды»?!? Бұл нұсқаның қисынсыздығы және тіпті оғаштығы көрер көзге айқын.

Билик (знание) и йасак (произведение, предписание, сказание) не только по языку, но и по стилю сильно напоминают обращения тюркских каганов в орхон-енисейских надписях. Что интересно и почти неизвестно: эти документы Чингисхан сочинял в поэтической форме!!! Такая же форма присуща надписям каганов.

Не только эти, но и масса других аргументов склоняют нас к тому, что происхождение Чингисхана можно отнести к тюркским корням, а заодно, чтобы отместить и нелепую версию «отюречивания» таких этических сообществ, как найманы, татары, керейиты, коньраты и т.д. Конечно, в армии и империи Чингисхана были и потомки сяньбийцев (племена хамаг, биде, шивен, ойрат и т.д.), которых сегодня называют монголами. Но они составляли незначительную часть и населения, и войска. Резонен вопрос, тогда почему «отюречились» не эти малочисленные племена, а более многочисленные, которых и назвали «отюреченными монголами»?!? Нелогичность и даже нелепость этой версии налицо.

## **ШЫҢҒЫСХАННЫҢ ТАРИХТАҒЫ ЖАҒЫМДЫ РӨЛІ**

Оның өмірі мен қызметіндегі қол жеткізген нәтижелерінің жағымды жақтары өте көп, соның ішінде аса маңыздыларын, оның өзінде тезис түрінде атап өтуге тырысамыз.

### **3.1. Әскери ұйым**

#### **А. Тәртіп**

Бұл жағынан алғанда, сірә, әлемде ешқашан дәл мұндай тәртіпті армия болмаған шығар. Ол әскерді қатаң ұйымдастыруға және әскери қылмыстар үшін жазалау жүйесіне сүйенді. Тіпті қателіктердің өзі қылмыс деп есептелді, олар үшін негізгі жаза, - өлім.

#### **Б. Стратегия және тактика**

Шыңғысханның даналығы оның ешқашан, ешбір шайқасқа қатып қалған қасаң көзқараспен қарамауында жатыр. Өрбір әскери іс-әрекет егжей-тегжейлі және нақты тиянақталды. Барлығы: ландшафт, жыл мезгілі, қарсыластың көңіл-күйі, оның соғысқа қабілеттілігі, әлсіз және күшті жақтары назарға алынды. Бұған барлау мәліметтері, шпионаждың кең желісі арқылы қол жеткізді. Тек осындай «мониторингтен» және ақпарат жинаудан кейін ғана соғыс стратегиясы мен шайқас тактикасы әзірленді, жеңіске жетудің мерзімі жоспарланды. Соғыстар мен ұрыстарда табысқа жетуге көмектесетін және ықпал ететін нәрсенің бәрі қолданылды. Бұл әскердің жеңілмейтіндігі, оның сансыз көптігі туралы рухты қашыратын сыбыс тарату жолымен қарсыласқа психикалық әсер ету, тұтқиылдан тап беру, жау үшін мүлдем тосын жүріс жасау және жаңа тактикалық тәсілдерді қолдану. Әскери қақтығыстардың сценарийлері ешқашан дерлік қайталанбады, ал егер қайталана қалғанның өзінде (мысалы, жалған шегініс жасау), бәрібір де олар қарсыласты қапыда қалдырды. Осы соғыстардың, шайқастардың бәрінде керемет дамыған әскери шығармашылық, соғыс ісінің авторлары мен «сценаристерінің» данышпандығы сезіледі және айқын аңғарылады.

## **ПОЗИТИВНАЯ РОЛЬ ЧИНГИСХАНА В ИСТОРИИ**

Этих положительных сторон результатов жизни и деятельности много, попытаемся лишь отметить наиболее важные, да и то тезисно.

### **3.1. Военная организация**

#### **А. Дисциплина**

В этом отношении, пожалуй, никогда в мире не было такой дисциплинированной армии. Она вытекала из строгой организации войска и системы наказания за военные преступления. Даже провинности считались преступлениями, наказания за которые, большей частью, - смерть.

#### **Б. Стратегия и тактика**

Гений Чингисхана состоял в том, что он никогда, ни к одному сражению не подходил догматически. Каждое военное предприятие скрупулёзно и конкретно просчитывалось. Бралось во внимание всё: ландшафт, время года, настроение противника, его боеспособность, слабые и сильные стороны. Достигалось это путём разведанных, широкой сети шпионажа. Только после такого «мониторинга» и сбора информации разрабатывались стратегия войны и тактика сражений, планировались сроки достижения победы. В войнах и битвах использовалось всё, что помогало и способствовало успеху. Это и психическое воздействие на противника путём деморализирующих слухов о непобедимости войска, его тьмачисленности, и использование неожиданных выпадов, совершенно неожиданных для врага ходов и новых тактических находок. Сценарии военных столкновений почти никогда не повторялись, а если и повторялись (н-р, ложные отступления), то всё равно они заставляли противников врасплох. Во всех этих войнах, битвах чувствуется и обнаруживается крайне развитое военное творчество, гений авторов и «сценаристов» ратного дела.

## **В. Озық қару-жарақ, әскери жабдықтар, қозғалыс құралдары**

Сол кездегі әскердің ең алдыңғы қатарлы түрі кавалерия болатын, ал Шыңғысхан армиясы бірыңғай ат үстінде болды. Көшпелілер шын мәнінде ат үстінде өмір сүргенін айтудың да қажеті жоқ: ат үстінде тамақ ішті, ұйықтады, соғысты. Қағанаттық түркілер сияқты, моңғолдардың да ауыр және жеңіл атты әскері болды. Және де, олардың атты әскері Батыстың рыцарьлық кавалериясынан анағұрлым асып түсетін. Лигница түбіндегі шайқас мұны дәлелдеп берді: рыцарьлар моңғолдардың ауыр атты әскерінен естері шыға абдырап, төбелерінен тас түскендей болды. Тіпті олардың найзамен, арқанмен, құрықпен (асау жылқыларды ұстауға арналған, ұшында ілмегі бар сырық) қаруланған жеңіл атты әскерінің өзі рыцарьларды аттарынан аударып түсіріп, өлгенше сабайды не болмаса сүйреп әкетеді.

Моңғолдардың жабдықтары да сол дәуірдегі әскери қорғаныс құралдарының барлық түрінен асып түсті. Тіпті, моңғолдардың жібек жеңде киюінің өзі әскери мәнге ие еді. Денеге кірген жебе мұндай ішкіімді жырта алмайтын. Жебе денеге жібек жіптермен бірге кіреді, оны тәнге тым қатты зақым келтірмей және жыртпай суырып алуға болатын.

Қару-жарақ және оны қолдану шеберлігі жағынан да моңғолдарға тең келетін ешкім болмады. Бала кездерінен жебе атуға, атқа мінуге, шабуға жаттыққан, оған қоса төзімді әрі ержүрек жауынгерлер әскери өнердің кереметін көрсетті. Қарудың дәстүрлі түрлерінен басқа моңғолдар шабуылдаушы және қорған бұзатын құралдарды, катапульттерді, от атқыштар мен таранды жылдам меңгеріп алды.

## **В. Передовое вооружение, снаряжение, средства передвижения**

Самым передовым родом войск в то время была кавалерия, а армия Чингисхана была исключительно на конях. Не надо даже говорить, что номады буквально жили на конях: ели, спали, воевали. Как и кагантовские тюрки, монголы имели и тяжёлую, и лёгкую конницу. Причём, конница их намного превосходила рыцарскую кавалерию Запада. Сражение при Лигнице доказала это: рыцари были ошеломлены и опрокинуты тяжёлой конницей монголов. Даже их лёгкая конница, вооруженная копьями-баграми, арканами, курыками (шест для ловли диких коней с петлёй на конце), стаскивала с коней, добывала или утаскивала рыцарей.

Снаряжение монголов также превосходила все воинские защитные средства того времени. Даже то, что монголы носили шёлковые рубашки, имело военное значение. Стрела, попавшая в тело, не разрывала такое нательное бельё. Стрела входила в тело вместе с шёлковыми нитями, вытащить которую можно было, не нанося телу особых тяжёлых разрывов и повреждений.

По части вооружения, и умения им пользоваться, монголам также не было равных. Натренированные с детства в стрельбе, скачках, рубке, да ещё выносливые и бесстрашные воины, творили чудеса боевых искусств. Кроме традиционных видов оружия монголы довольно быстро освоили штурмовые и стенобитные орудия, катапульты, огнемёты, тараны.

## **Г. Стратегтер мен әскери қолбасшылар мектебін құру**

Әлемнің бір де бір армиясы дәл Шыңғысхан әскері сияқты өз қатарынан көрнекті бас қолбасшыларды, оған қоса сондай көп қылып шығара алған жоқ. Тіпті оның балалары, текті ханзадалар мен немерелері сол уақыттағы ең әйгілі қолбасшылар болатын.

Қытайды және өзге оңтүстік-шығыс елдерді бағындыруды Мұқали бастады, ал Шыңғысханның немересі Құбылай оны аяқтады. Соңғысы флот құрып, Жапонияны да басып алуға шақ қалды, алайда тайфундар мен цунами ғана бұл флотты жойып жіберді. Сүбедей, Жебе, Желме, Бүркітші, Батый, Құлағу, Мөңке және басқа да көптеген қолбасшылар өз есімдерін әлемнің әскери тарихына алтын әріппен жазды. Бұл стратегтердің бүкіл жеңістерінің артында, әрине, Шыңғысханның әскери данышпандығы тұрғаны анық. Ол – осы мектептің негізін қалаушы және әскери «академик».

### **3.2. Дипломатия және саяси-экономикалық басқару**

Ірі әскери науқандардың алдында Шыңғысхан өзінің жаулап алу саясатының болашақ нысанына қатысты дипломатиялық қадамдарды қолданғаны белгілі. Кейбір жағдайларда бұл оған үздіксіз соғыстарда қажетті дамыл берді, ал кейде – әлеуетті қарсыласты «тыныштандыра тұрды», олардың қырағылығын бәсеңдетті. Ол «бөліп ал да билей бер», соғыссыз бағынғандарға қатысты аяушылық таныту, және де керісінше, бағынбағандарға қатаң дипломатия мен әскери қатыгездік көрсету тәсілдерін де табыспен қолданды.

Оның дипломатиясы табысты болуының тағы бір себебі, ол шіркеу қызметкерлерін салықтан босатты, әлемдік діндердің қандай да біреуіне артықшылық бермеді. «Маған қандай Құдайға сенсе де бәрібір, тек олар маған көмектессе болды», - міне, оның діни ұстанымы.

## **Г. Создание школы стратегов и военачальников**

Ни одна армия мира не выдвинула из своих рядов, причём массово, таких выдающихся главнокомандующих, как армия Чингисхана. Даже его дети, принцы крови, и внуки были самыми славными военачальниками того времени.

Покорение Китая и других юго-восточных стран начал Мухали, а закончил внук Чингисхана Кубилай. Последний, построив флот, чуть было не покорил и Японию, но лишь тайфуны и цунами уничтожили этот флот. Субадай, Джебе, Джельме, Буркутчи, Батый, Кулагу, Мёнке и масса других полководцев золотом вписали свои имена в военную историю мира. За всеми этими победами стратегов стоит, конечно же, военный гений Чингисхана. Это он – основатель и военный «академик» этой школы.

### **3.2. Дипломатия и политико-экономическое управление**

Известно, что перед крупными военными кампаниями Чингисхан применял дипломатические шаги по отношению к будущим объектам завоевательной политики. В одних случаях это давало ему нужную передышку в бесконечных войнах, в других – «успокоение» потенциальных противников, усыпление их бдительности. С успехом он применял и способы «разделяя-властвования», милости по отношению к покорившимся без войны и, наоборот, жёсткую дипломатию и военную безжалостность к непокорным.

Успех его дипломатии заключался и в том, что он освободил от налогов церковных служителей, не отдавал предпочтения к какой-либо из мировых религий. «Мне без разницы, какому Богу верить, лишь бы они помогали мне», - вот его религиозное кредо.

Шыңғысханның орасан зор державасы сағат тетігі сияқты жұмыс істеді. Оған заңнамалық жүйе, салық салу саясаты, тоқтаусыз байланыс, сауда ісін қамқорлыққа алу көмектесті.

Шыңғысханның заңдары шенеуніктер мен билеушілердің озбырлығының жолын кесті, сөйтіп азаматтардың заңға бағынуына және қорғалуына ықпал етті. Барлығы жарлықтар алдында да, жазалау жүйесі алдында да тең болды. Заңдардың басты негізі қатыгездік емес, әділеттілік еді.

Шыңғысхан тұсында салық салу ісі түркі қағандарының жүйесін ұстанды. Салықтар, қатал түрде алынғанмен де, тағайындалған мөлшерден бұлжытпай анықталды (10%). Мұнда да озбырлыққа жол берілмеді.

Саудагерлер мен көпестер мемлекеттің қатаң қорғауына алынды. Керуендерге қарақшылық жасау және тонау, көпестерді өлтіру оқиғалары өте сирек болғаны кездейсоқтық емес. Көпестер де, дін қызметкерлері тәрізді, қол сұғылмайтын кәсіптердің ерекше тобын құрады.

Шыңғысхан державасындағы сол кездегі байланыс жүйесі қайран қалдырады. Кейіннен бүкіл әлем моңғолдардың пошталық «шұңғылдар» жүйесін қабылдап алғаны белгілі. Пошта жұмыскерлерінің қызметі қиын, бірақ ең құрметтілердің бірі болды. Ешкімнің поштаны кідіруге, оны тың аттармен қамтамасыз етпеуге дәті бармады. Тіпті, аттардың мойнындағы қоңыраулар, моңғолдардың жаңалығы бола отырып, «шұңғылдағы» жұмыскерлерді әдейі құлақтандыруға, тың жылқыларды дер кезінде дайындауға, пошташыларды тамақтандыруға және киіндіруге арналды. «Көгершіндер» поштасы қызметі де кеңінен жолға қойылды. Байланыстың осы құралының есебінен бір-бірінен өте алыс қашықтықта орналасқан әскерді үйлестіру жүзеге асырылды.

Огромная держава Чингисхана функционировала, как часовой механизм. Тому способствовали законодательная система, политика налогообложения, бесперебойная связь, покровительство над торговлей.

Законы Чингисхана исключали произвол чиновников и правителей, способствуя тем самым законопослушанию и защищённости граждан. Все были равны перед предписаниями, как равны и перед системой наказаний. Главной основой законов была не жесткость, а справедливость.

При Чингисхане налогообложение придерживалось системы тюркских каганов. Налоги, хотя и взимались жёстко, но строго определялись установленными размерами (10%). Здесь также не допускался произвол.

Торговцы и купцы были под строгим покровительством государства. Не случайно, что чрезвычайно были редки случаи грабежей и налётов на караваны, убийства купцов. Купцы, как и служители веры, составляли особый слой неприкосновенных профессий.

Связь тех времён в державе Чингисхана была поразительна. Известно, что весь мир затем перенял систему почтовых «ям» монголов. Служба почтовых работников была трудной, но одной из самых почётных. Никто не смел, задерживать почту, не обеспечивать её свежими конями. Даже колокольчики на шеях лошадей, являясь нововведением монголов, были предназначены для заведомого оповещения «ямных» работников, для своевременного приготовления свежих лошадей, питания и одежды для почтовиков. Широко была поставлена и служба «голубиной» почты. За счёт этого средства связи осуществлялась координация войск, находящихся друг от друга на огромном расстоянии.



Моңғолдар жаулап алған елдер құлазып қалған жоқ, өз тіршілігін жалғастыра берді. Олардың дамуының басты шарты бағыныштылық және салық төлеу болды. Бұл жүйе кейіннен көптеген бағынышты елдердің көтерілуіне (әсіресе, Москва Русінің), олардың «моңғолдық өрістен» шығып, дербес дамуына ықпал етті.

Завоёванные монголами страны не опустошались, а продолжали существовать своим чередом. Главными условиями их развития были покорность и уплата налогов. Эта система способствовала затем возвышению многих покорённых стран (особенно Московской Руси), выходу их из «монголосферы» и самостоятельному развитию.



## **ДАЛА БАРЫСЫ – МЫСЫРДЫҢ БАРС СТЕПЕЙ БЕЙБАРС ЕГИПТА БЕЙБАРЫСЫ**

Бұл мақала автордың «Бейбарыс: дәуір және тұлға» кітабының (Алматы, «Өлке» баспасы, 2001 ж.) негізінде жазылды және осы кітап кейіпкерінің өмірінің негізгі кезеңдерін, ең көрнекті іс-әрекеттерін, оның құлдан батырға, жауынгерден қолбасшыға және сұлтан-сарай патшасына дейінгі жолын бейнелейді.

### **«БЕЙБАРЫСНАМАНЫҢ» ДЕРЕККӨЗДЕРІ**

Аталған кітаптың жарыққа шығуынан кейін автор оқырмандардың түрлі ойлары мен көптеген сын пікірлеріне тап болды. Олардың кейбіреулерінде Бейбарыс жайлы биографиялық мағлұматтардың шынайылығына, оның қыпшақтарға, беріштерге қатыстылығына неше түрлі күмәнді сөздер айтылды. Сол себепті оның өмірбаяндық дереккөздері (әдеби және тарихи), мінез сипаттары, сырт келбеті, іс-әрекеттері туралы мәселенің маңызы зор.

Данная статья написана на основе книги автора «Бейбарс: эпоха и личность» (Алматы, издательство «Олке», 2001 г.) и отражает основные вехи жизни, наиболее выдающиеся деяния героя этой книги, его путь от раба до ратоборца, от бойца до полководца и султана-царедворца.

### **ИСТОЧНИКИ «БЕЙБАРСИАДЫ»**

После выхода в свет указанной книги автору немало приходилось сталкиваться с различными мнениями и отзывами читателей. В некоторых из них высказывались различного рода сомнения в истинности биографических сведений о Бейбарсе, принадлежности его к кипчакам, бершам. Поэтому вопрос об источниках (литературных и исторических) его биографии, чертах характера, внешнем облике, деяниях представляется особо важным.

Оған қоса, оның жеке тұлғасы мен қызметінің көптеген сипаттамалары тарихи мәліметтерге, куәгерлер мен Бейбарыстың жақындарының түсініктеріне қайшы келетініне орай бұның маңызы арта түседі. Ең алдымен, сөз арабтың халықтық романы туралы болып отыр, айтпақшы, оны С.Әбдірахманов қазақ тіліне аударған.

Бірақ, бұл дереккөз тарихи шығарма емес: жанры бойынша да, мазмұны жағынан да ол, әділетті әрі данышпан билеуші, халықтың, елдің, діннің қорғаушысы туралы араб ертегілері циклына жататыны сөзсіз. Ондағы Бейбарыс бейнесі – халық батырының жинақталған образы, ал халық, қай жерде болмасын, осындай образды жасай отырып, қиялының байлығын көрсетеді: тарихи фактілер халық шығармашылығы үдерісінде аңыздармен астасып, мифтер мен ертегілерге айналады, мұнда шындықты өтіріктен, ол тым әдемі болса да, ажырату мүмкін емес.

Дәл осылайша Бейбарыс жайлы көркем фильмнің шығарушылары, тарихи материалды қолданғанмен де, нақ көркем туынды жасау қажеттігі салдарынан, ойдан шығарылған элементтерді қолданған, дегенмен бұл Окуджаваның әніндегідей, «алдау емес». Мысалы, фильмнің соңындағы кадрлар Бейбарыстың тарихи Отанына инкогнито қайтып оралғанын көрсетеді, ал шын мәнінде бұлай болған жоқ. Сол фильмде Шеджерет ад Дур Құтыз сұлтанның әйелі немесе көңілдесі сияқты көрсетілген, бірақ ол ешқашан мұндай мәртебеде болған емес.

Сол себепті, «Бейбарыснама» бойынша алуан түрлі мағлұматтардың құнын кемітпестен, бұл мақала негізінен, автордың кітабы тәрізді, аңыздарды, мифтер мен қиялдарды бір шетке ысырып қойып, біріншіден, тарихтың жалпы барысының тәжірибесімен, екіншіден, кейінгі шыққан тарихшылар мен қазіргі заманғы авторлар жүргізген өзіндік «сараптама» нәтижелерімен тексерілген тарихи фактілерге, куәгерлердің айғақтарына сүйенетінін атап айтамын.

Он тем более важен потому, что многие описания его личности и жизнедеятельности противоречат историческим сведениям, показаниям очевидцев и приближённых Бейбарса. Прежде всего, речь идёт об арабском народном романе, к стати, переведённом на казахский язык С. Абдрахмановым.

Но этот источник не является историческим произведением: и по жанру, и по содержанию он относится, скорее всего, к циклу арабских сказок о справедливом и мудром правителе, защитнике народа, страны, веры. Образ Бейбарса в нём – собирательный образ народного героя, а народ, как и везде, создавая подобный образ, проявляет богатое воображение: факты истории в процессе народного творчества, обрастая легендами, превращаются в мифы и сказки, где отделить истину от неправды, хотя и красивой, невозможно.

Точно так же создатели художественного фильма о Бейбарсе, хотя и использовали исторические материалы, но в силу создания именно художественного произведения, применяли элементы вымысла, который, как пел Окуджава, однако, «не есть обман». Например, кадры окончания фильма утверждают о возвращении Бейбарса инкогнито на свою историческую Родину, хотя на самом деле этого не было. В том же фильме Шеджерет ад Дур выставлена, как жена или наложница султана Кутуза, но она никогда не была в этом статусе.

Поэтому, не умаляя достоинств всевозможных данных по «бейбарсиаде», отмечу, что данная статья, так же, как и книга автора, отсекая легенды, мифы и вымыслы, базируется по преимуществу на исторических фактах, свидетельствах очевидцев, проверенных, во-первых, практикой общего хода истории, во-вторых, в результате своеобразной «экспертизы», проведённой более поздними историками и современными авторами.

Бұл жағынан алғанда бізде, мамлюктар мен олардың көрнекті тұлғалары туралы, Бейбарыс жайлы, оның айналасы, мирасқорлары, және де сол қатыгез дәуір туралы теңдессіз құнды мағлұматтар, айғақтар, сипаттамалар қалдырған есімдердің тұтас бір шоғыры бар. Міне, олардың есімдері: ибн-Уәсил, ибн Шаддат, ән-Нуайри, Байсары, ибн-Абдузахир, Бейбарыс ад-Дуадар, ибн Айбек, ибн-Халдун, ибн-Таниберді, әл-Макризи, әл-Юнини, әл-Айни, ибн-Хаукаль, ибн-Ийас, ат-Табари, ибн-Арабшах және басқалар. Олардың көпшілігі Бейбарысты көзімен көргендер, оның замандастары, серіктері болды, олардың бір бөлігі тың тарихи іздермен «жүрді», кейбіреулерінің өздері де құл, мамлюк, сұлтанның жақындары болған.

Этникалық көзқараспен қарағанда, келтірілген есімдер көрсетіп тұрғандай, бұл авторлар мен куәгерлер негізінен арабтар мен түркілер еді. Бірақ, тіпті осы дәуірді сипаттаған арабтардың өзі, объективтілік таныта отырып, Бейбарысты үзілді-кесілді «бөрілі» Беріш руынан (Албөрі, Бөрілі және т.с.с.) шыққан түркі-қыпшаққа жатқызды. Олардың ішінде ибн-Халдун, ибн-Шаддат, әл-Айни толық әрі жүйелі фактілер қалдырған.

Еуропалық авторлардан, мамлюктер тарихын объективті және фактологиялық түрде сипаттаған Хитти, Д. Олдридж, Лен-Пуль-Стенли сияқты авторларды атап өткен жөн, дегенмен олардың кейбір тұжырымдары талас туғызады. Айтпақшы, олардың жұмыстары орыс тіліне аударылған. Орта ғасырларды, әсіресе мамлюктар тарихын зерттеуде В.Г. Тизенгаузеннің «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы» атты ғаламат еңбегі бізге баға жетпес қызмет көрсетеді және көмек береді, онда осы тарихқа қатысты араб мәтіндерінің барлығы дерлік аударылған. Біз үшін ондағы Алтын Орданың қыпшақтық-мамлюктік Мысырмен дипломатиялық қатынастары, елшілік нәтижелерін, тұрмысын, діни көзқарастарын және т.с.с. сипаттаған беттері өте қызық.

В этом отношении мы имеем целую плеяду имён тех, кто оставил нам бесценные сведения, свидетельства, описания о мамелюках и их выдающихся личностях, о Бейбарсе, его окружении, преемниках, и суровой эпохе. Вот их имена: ибн-Уасиль, ибн Шаддат, ан-Нуайри, Байсары, ибн-Абдузахир, Бейбарс ад-Дуадар, ибн Айбек, ибн-Халдун, ибн-Таниберды, аль-Макризи, аль Юнини, аль Айни, ибн-Хаукаль, ибн-Ийас, ат-Табари, ибн-Арабшах и многие-многие другие. Многие из них были очевидцами, современниками, сподвижниками Бейбарса, часть их «шла» по свежим историческим следам, некоторые сами были рабами, мамелюками, приближёнными султана.

В этническом отношении, как видно из приведённых имён, эти авторы и свидетели были в основном арабами и тюрками. Но даже арабы, описавшие эту эпоху, проявляя объективность, безоговорочно относили Бейбарса к тюркам-кипчакам из «волчьего» (Албори, Бориили и т.п.) племени Берш. Из них полные и системные факты оставили ибн-Халдун, ибн-Шаддат, аль-Айни.

Из европейских авторов, объективно и фактологически описавших историю мамелюков, следует отметить Хитти, Д. Олдриджа, Лен-Пуль-Стенли, хотя некоторые их положения не бесспорны. Кстати, их работы переведены на русский язык. Неоценимую услугу и помощь в изучении истории средневековья, в особенности истории мамелюков, даёт нам титаническая работа В.Г. Тизенгаузена «Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды», в которой переведены почти все арабские тексты, относящиеся к этой истории. Для нас наиболее интересны её страницы дипломатических отношений Золотой Орды с кипчакско-мамлюкским Египтом, описания результатов посольств, быта, религиозных взглядов и т.п.

Қысқасы, объективті және адал ниетті тарихи материалдар жетіп артылады. Тіпті олардың көбісі, үзік-үзік, шашыраңқы сипатта болса да, тиісінше және концептуалды түрде өңдеген жағдайда, сол дәуірдің бар нақышымен үйлесімді картинасын беруге, ұлы қайраткердің, қайғылы, бірақ асқақ тұлғаның бейнесін жасауға мүмкіндік береді...

## ҚҰЛДЫҚ ЖӘНЕ ҚҰЛДЫҚ БАУЫРЛАСТЫҚ

Бейбарыстың тұтқындалу фактісі, оның осы сәттегі жасы туралы Бейбарыстың жерлесі, құрдасы, кейіннен әмір дәрежесіне дейін жеткен серігі Байсарының аузынан ибн-Шаддат жазып алған.

Байсарының сөзі бойынша, Бейбарыс пен оның өзі 1225 жылы Қыпшақияда туған. Моңғол шапқыншылығынан қашқан Бейбарыстың руластары болгар ханы Анардан пана сұраған. Бұл хан, жалған уәде беріп, оларға опасыздықпен шабуыл жасады, біреулерін өлтірді, басқаларын тұтқынға алып, құлдыққа сатты. Олардың арасында Бейбарыс пен Байсары да болды. Олар сол кезде 14 жаста еді.

Нақ осы ибн-Шаддат, бәлкі, Бейбарыстың өз сөзі, әлде, сол Байсарының айтуы бойынша, Бейбарыстың Беріш тайпасынан шыққан түркі – қыпшақ болғанын мәлімдейді. Бұл тайпаның өкілдерін арабтар Бурж-оғлы (Беріштің ұлы) деп атады, ал X, XI, XII ғғ. орыс жылнамалары БУРЧевичтер деп, «Пурыштың ұлдары» және т.с.с. атаған.

«Мен, Беріш руынан шыққан Бейбарыс, ат-түрк, әл қыпшақ», - Бейбарыстың өзі осылай деді. Бұл түсінік, шамасы, бір дереккөзден келесіге көшіп жүріп, әл-Айнидің «Тарихи дәуір тұрғындары жайлы маржан моншақтар» атты трактатында мәңгілікке тіркеліп қалды. Айтпақшы, Бейбарыстың осы генеалогиялық түсініктемесін немесе «автопрезентациясын» орыс тіліне Тизенгаузен аударған.

Словом, исторических материалов объективных и добросовестных предостаточно. При должной и концептуальной обработке, даже многие из них, носящие фрагментарный, отрывочный характер, дают возможность создания мозаично-гармоничной картины эпохи, образа великого деятеля, трагичной, но возвышенной судьбы...

## РАБСТВО И РАБСКОЕ БРАТСТВО

Факт пленения Бейбарса, его возраст в этот момент записан ибн-Шаддатом из уст Байсары, земляка, ровесника, впоследствии соратника Бейбарса, дослужившегося до звания эмира.

По словам Байсары, он и Бейбарс родились в Кипчакии, в 1225 г. Бежавшие от монгольского нашествия, сородичи Бейбарса попросили убежища у хана болгар Анара. Последний, дав лживое обещание, вероломно напал на них, одних убив, других же пленив, продал в рабство. Среди них был и Бейбарс вместе с Байсары. Им тогда было по 14 лет.

Именно ибн-Шаддат, то ли, по словам самого Бейбарса, то ли, по словам того же Байсары, сообщает, что Бейбарс был тюрком – кипчаком из племени Берш. Представителей этого племени арабы называли Бурдж-оғлы (сын Берша), русские же летописи X, XI, XII вв. именовали БУРЧевичами, «сынами Пурыша» и т.п.

«Я, Бейбарс, ат-тюрк, аль кипчак из рода Берш», - утверждал сам Бейбарс. Это показание, видимо, кочуя из одного источника в другие, бессмертно зафиксировано в трактате аль-Айни «Коралловые бусы о жителях исторической эпохи». Кстати, это генеалогическое показание или «автопрезентацию» Бейбарса на русский язык перевёл Тизенгаузен.

Ру, ал кейіннен тайпа болған Беріш, Кіші Жүздің көптеген құрылымдары (Шеркеш, Кете, Алтын, Шөмекей және т.б.) тәрізді бір кездері Алтайда өмір сүрген, кейіннен батысқа қоныс аударды және қыпшақтар күшейген соң жетекші қыпшақ тайпасының атауы бойынша осынау қуатты коалицияның қатарына қосылды, ол тарағаннан кейін, - Алтын Орданың, және, ақыр соңында, - қазақ халқының құрамына кірді.

Алайда, мұнда тағы бір мән-жай бар... Түркі тайпаларының батысқа, Таяу Шығыс, Кіші Азия, Иран, Ауғанстан, Үндістан және т.б. елдерге қоныс аударуы Шыңғысхан түмендерінің және оның ұрпақтарының шапқыншылықтары мен жаулап алуынан әлдеқайда бұрын басталды. Бұған Арал, Балқаш, Каспий маңы даласындағы құрғақшылық, сонымен бір мезгілде осы көлдердің деңгейінің көтерілуі және соның салдарынан даланы су басуы және жұттар себеп болды. Түркілер рулық жайылымдарын тастап кетуге, жаңа жерлер үшін бір-бірімен және басқа халықтармен соғысуға, өзге елдерді басып алуға, олардың халқын жалдамалылар немесе өзінің және басқалардың әскерінен жеңілуі нәтижесінде құлдыққа түскен құлдар есебінен толықтыруға мәжбүр болды. Әсіресе, түркілердің екі бұтағы: қыпшақтар мен оғыздар арасында кескілескен соғыстар болды.

Батыс Қазақстан даласында, Орал, Еділ, Днепр, Дон алаптарында түркілер бірін бірі кезекпен ауыстырып отырды: оғыздардың бір бұтағы (печенегтер) осы өлкеге Арал маңынан баса-көктеп кіріп, хазарлармен, викингтермен, славяндармен соғысты, бұлғарлармен одақтасқан олар Хазарияны жеңіліске ұшыратты, бірақ өздерінің тайпаластары оғыздардан (оларды Русьте торк деп атаған) қирата соққы алды, ал оғыздарды, өз кезегінде қыпшақтар талқандады. Алайда, олардың қарсыластығы бұнымен біткен жоқ.

Род, а затем племя, Берш, как и многие образования Младшежужья (Шеркеш, Кете, Алтын, Чомекей и т.д.) жили когда-то на Алтае, затем после миграции на запад и усиления кипчаков влились в ряды этой мощной коалиции, названной по имени ведущего племени кипчакской, после распада которой, - в состав Золотой Орды, и, наконец, - казахской народности.

Но здесь есть ещё одно обстоятельство... Миграция тюркских племён на запад, в страны Ближнего Востока, Малую Азию, Иран, Афганистан, Индию и т.д. началась задолго до набегов и завоеваний туменов Чингисхана и его потомков. Причинами этого явились засуха в степях Приаралья, Прибалхашья, Прикаспия, одновременный подъём уровня этих озёр и соответствующее затопление степи и джуты. Тюрки вынуждены были покидать родовые пастбища, биться между собой и другими народами за новые земли, завоёвывать другие страны, пополнять население их в качестве наёмников или рабов, обречённых на рабство в результате поражений от своих и чужих войск. Ожесточёнными, в особенности, были войны между двумя ветвями тюрков: кипчаками и огузами.

В степях Западного Казахстана, бассейнов Урала, Волги, Днепра, Дона, тюрки попеременно сменяли друг друга: ветвь огузов (печенеги), ворвавшись в эти края из Приаралья, воевали с хазарами, викинггами, славянами, в союзе с булгарами они нанесли поражение Хазарии, но сами же были разбиты своими соплеменниками огузами (которых на Руси называли торками), которых, в свою очередь, разгромили кипчаки. Но на этом их противостояние не было завершено.

Оғыздардың, оның ішінде печенегтердің бір бөлігі қыпшақтарға бағына бастады, солардың қатарын толықтырды (қарабөріктілер, қарақалпақтар). Келесі бөлігі, Руське келіп, князьдіктердің жалдамалысына айналды (қара клобуктар). Оғыздардың кейбір бұтақтары болса басқа елдерге ойысты.

Осылай селжүктер Иранды, Сирияны және басқа араб елдерін бағындырды. Олар қыпшақтарға қарсы жаңа экспансияны бастаған өте қуатты Хорезм мемлекетін құрды. Селжүктер халифтерді жетекші позициялардан ығыстырып шығарды, халифаттарда алдымен зайырлы, ал кейіннен діни билікті де басып алды.

Мысалы, Мысырда, Саладин барлық фатимидтерді жер аударып, сұлтандық билікті орнатты (сұлтан титулы түркіден шыққан). Ол кресшілерді бірнеше рет талқандады, Арменияны, Әзірбайжанды, Грузияны бағындырды.

Бір жағынан, осы жерлердің автохтондарымен, екіншіден, - кресшілермен тоқтаусыз болған соғыстар, сондай-ақ, көтерілістерді басу қажеттілігі, жаңа басқыншылар (моңғолдар) тарапынан пайда болған қатерлер сұлтан-селжүкідтердің, ал араб елдерінде – халифтердің орасан зор армия ұстауына зәрулік туғызды. Алдымен оның қатары жалдамалылардан құралды (олардың негізгі бөлігі қыпшақтардан тұратын), ал кейіннен құл-сарбаздар институты құрылды (зиндж, абд, кулям, мамлюк).

Құлдарды жер жүзінен жеткізді. Мысалы, арабтар негрлерді зиндж және абд деп атаған (олар көбінесе Суданнан болатын), осылардан халифтің гвардиялары құрылды. Қалған құлдарды (славяндар, гректер және т.б.) кулям деп атады.

Часть огузов, в том числе и печенегов, стала подчиняться кипчакам, пополнила их ряды (караборикты, каракалпаки). Часть их, попавшая на Русь, стала наёмниками княжеств (чёрные клобуки). Некоторые же ветви огузов подались в другие страны.

Так, сельджуки покорили Иран, Сирию и другие арабские страны, Они образовали мощное государство Хорезм, которое повело новую экспансию против кипчаков. Сельджуки вытеснили с ведущих позиций халифов, захватили в халифатах сначала светскую власть, а затем и религиозную.

Например, в Египте, Саладин, сослав всех фатимидов, установил султанскую власть (титул султан тюркского происхождения). Он несколько раз разбил крестоносцев, покорял Армению, Азербайджан, Грузию.

С одной стороны, постоянные войны с автохтонами этих мест, с другой, – крестоносцами, а также необходимость подавления восстаний, возникшая угроза со стороны новых завоевателей (монголов), вызывали у султанов-сельджукидов, а в арабских странах - халифов, потребность иметь огромные армии. Сначала её ряды состояли из наёмников (основную их часть составляли кипчаки), а затем был создан институт рабов-воинов (зиндж, абд, кулям, мамлюк).

Рабов поставляли со всего света. Например, зинджами и абдами арабы называли негров (более всего они были из Судана), из которых были созданы гвардии халифов. Остальных рабов (славян, греков и др.) называли кулямами.

Мамлюктердің басқалардан өзгешелігі олардың мемлекеттік құлдар мәртебесін иеленуінде еді, яғни, олар, өздерінің жауынгерлік жетістіктері мен ерекшеліктері болған жағдайда, марапатталып отырды: лауазымға, жер үлесіне, олжаға ие болды, одан да жоғары мансаптарға, халифтердің бала қылып алуына дейін жете алатын. Бірақ, осы өз Отанынан айрылған айбарлы құлдар, жат ел үшін қыңқ етпей өз бастарынан айрылуға бармады, олар әрдайым, қандай елде өмір сүрсе де, билікті басып алуға тырысты.

Мұнда әсіресе түркілер айрықша көзге түсті. Мысырда билікті мамлюктер басып алғанға дейін, түркі-қыпшақтар Дели сұлтандығын құрып, Үндістан мен Ауғанстанда таққа отырды (1206 ж.). Оның негізін құрушылар қазіргі Батыс Қазақстаннан шыққандар болғандығын есте тұтқан абзал, дәл сол «қасқыр текті тайпалар»: албөріліктер немесе Беріштер (Шамсаддин Тильтутмиш (билік құрған жылдары – 1211-1236), оның қызы Разия, Балбан).

Ал, Мысырда қыпшақтар өздерінің «құлдық жағынан бауырларының» бәрін кескілеп қана қоймай (әсіресе қара түсті құлдардың «жолы болмады», қыпшақтар оларды үш рет сойып салды, осыдан кейін негрлерді сатып алу-сату практикасы тоқтады), сонымен бірге халифтердің өздерін де өлтірді. Қыпшақтар Мысыр сұлтандығында өздерінің «арыстан текті қасиеттері», «тәкаппарлығы», «командалық лауазымдарға ұмтылысы», «жаратылысқа қарсы кеселдерден азаттығы», «әзәзілдікті жек көруі», «батылдығы, адалдығы, төзімділігі, жағымпаздыққа жаны қастығы», «екіжүзділіктен аулақтығы», «қарақшылық пен күш көрсетуге құмарлығы» (Л.Н. Гумилевтің тұжырымдары) арқасында жетекші позицияларға деген айрықша құқықтарға ие болды.

Олар, биікке көтеріле отырып, өздері де феодалға айналды, өздеріне арналған құлдарды, көбінесе өз тайпаластарын сатып алды. Дәл солайша Бейбарыс та, тұтқынға түсіп, сатылды және оны қыпшақ Айтегін Бундуктари сатып алды, ал кейіннен сұлтан ас-Салихтің меншігіне өтті.

Отличительной особенностью мамелюков было то, что они имели статус государственных рабов, т.е. они, в случае их воинских успехов и отличий, поощрялись: получали звания, земельные наделы, трофеи, могли осуществить и более высокую карьеру, вплоть до усыновления халифами. Но эти свирепые рабы, лишённые своей Родины, не могли безропотно лишаться своих голов за чужбину, они всегда, в какой бы стране не жили, пытались захватить власть.

Особенно в этом отличились турки. Ещё до захвата власти в Египте мамелюками, турки-кипчаки сели на трон в Индии и Афганистане (1206 г), образовав Делийский султанат. Что примечательно, его основателями были выходцы из нынешнего Западного Казахстана, те же «волчи племена»: алборлинцы или Берши (Шамсаддин Ильтутмиш (годы правления - 1211-1236), его дочь Разия, Балбан).

В Египте же кипчаки вырезали не только всех своих «братьев по рабству» (особенно «не повезло» чернокожим рабам, которых кипчаки вырезали 3 раза, после чего практика приобретения-покупки негров прекратилась), но и самих халифов. Кипчаки завоевали исключительное право на ведущие позиции в Египетском султанате за счёт своих «львиноподобных качеств», «гордости», «стремления к командным постам», «свободы от противоестественных пороков», «нелюбви к интригам», «смелости, преданности, выносливости, невосприимчивости к лести», «отсутствия лицемерия», «страсти к грабежу и насилию» (выражения Л.Н.Гумилёва).

Они, возвышаясь, сами становились феодалами, скупали себе рабов, преимущественно своих соплеменников. Точно так же и Бейбарс, попав в плен, был продан и куплен кипчаком Айтегином Бундуктари, а затем перешёл в собственность султана ас-Салиха.



## ҚОЛ БАСТАҒАН САРДАР, ЕЛ БАСТАҒАН КӨСЕМ

Өзінің құлдық қияметті бастан кешкен кезінде тәні де, рухы да шындалған Бейбарыс 20-25 жасында-ақ өзін ерекше жауынгер ретінде көрсетті. Дамиятта (Думият) жерінде кресшілер жасағымен болған шайқаста Бейбарыс өзінің ержүректігімен және әскери өнерімен көзге түскен болатын, осы соғыстан кейін-ақ ол қатардағы мамлюктен әмір дәрежесіне көтерілді, Салих сұлтанның жеке гвардиясына енгізілді, ал содан кейін оның жеке күзетін басқаратын болды.

Мансура түбіндегі шайқаста (тағы да сол кресшілермен) Бейбарыс енді әмір-қолбасшы ретінде шығады, оның басты еңбегі және ерлігі кресшілерді талқандау және Францияның королі ІХ Людовик пен оның екі ханзада бауырын тұтқындауға қатысуы болатын.

Соңғы крес жорығының алдындағы ірі эпизодтар саналатын бұл шайқастарда (1248-1254) мамлюктердің тактика мен стратегия жағынан кресшілерден басым екендігі толығымен байқалды. «Крест солдаттары» талқандалды, ал король бауырларымен бірге орасан көп өтем төлеп босатылды.

Осы жеңістердің нәтижесінде кресшілер өз авантюраларының табысқа жетуіне деген бар сенімі мен үміттерін жоғалтты, ал тынымсыз ІХ Людовик исламдық Шығысты тізе бүктірудің тағы бір талпынысын (сегізінші жорық) жасап, өз өлімін Тунисте обадан тапты (1270 ж.). Осымен кресшілердің идеясы мен практикасы жеңіс кресінің орнына... өлімнен кейінгі креске ие болды...

## ВОИТЕЛЬ И ПРЕДВОДИТЕЛЬ

Закалённый за время своих рабских мытарств и физически, и духовно, Бейбарс уже в 20-25 лет проявил себя незаурядным воином. Уже после сражения под местечком Дамиятта (Думият) с войском крестоносцев, где Бейбарс был замечен своим бесстрашием и воинским искусством, он из рядовых мамелюков был возведён в ранг эмира, включён в личную гвардию султана Салиха, а затем стал возглавлять его личную охрану.

В боях под Мансурой (опять-таки с крестоносцами) Бейбарс уже выступает как эмир-военачальник, главными заслугами и подвигами которого явились разгром крестоносцев и участие в пленении короля Франции Людовика ІХ и двух его братьев-принцев.

В этих сражениях (1248-1254), явившихся крупными эпизодами предпоследнего крестового похода, превосходство мамелюков над крестоносцами в тактике и стратегии проявилось в полной мере. «Солдаты креста» были разбиты, а король с братьями освободились ценой огромного выкупа.

В результате этих побед крестоносцы потеряли всякую веру и надежду на успех своих авантур, а неугомонный Людовик ІХ, сделав еще одну попытку (восьмой поход) поставить на колени исламский Восток, нашел свою смерть от чумы в Тунисе (1270 г.). Идея и практика крестоносцев вместо победного креста получили на этом крест... посмертный...

Бейбарыс өзінің жауынгерлік ерліктерінің нәтижесінде ірі саяси бедел де жинады, айналасына өзіне адал басбұзар, өжет қылышкерлер мен көзсіз батырлардың тобын ұйыстыра да білді. Міне, сол себепті ол 1250 ж. 2 мамырда ас-Салих сұлтанның ұлы және мұрагері Иса Тұран-шахқа қарсы бүлік көтерген кезде және оны өлтіргенде, полктастары бірден оның соңынан ерді. Бейбарыстың осыншама қатыгез қылығы түсінікті әрі орынды болатын: жас Тұран-шах елдің басына өлім қауіпін төнген кезде, өзінің уақытын қызықшылықпен, ырду-дырдумен, ойынмен, ішумен және көңіл көтерумен өткізді, және де державаны, әскерді басқаруға шамасы келмеді. Оған қоса, Тұран-шах кемақыл науқас еді...

Алайда, өжет қылығының жемісін Бейбарыстың өзі емес, керісінше саясат пен сарай интригасында тісқаққан адамдар (ас-Салихтың жесірі Шеджерет, оның жаңа күйеуі мамлюк Айбек) пайдаланып кетті, ал таққа үміткер қуғын-сүргінге түсті, яғни Бейбарыс өзінің достарымен Мысырдағы билікке Құтыз келгенге дейін Сирияда жасырынып жүрді.

Мысырға төнген моңғол шапқыншылығының қауіп-қатері Құтызды батыр әрі қолбасшы, кресшілермен шайқастарда ерекше көзге түскен Бейбарысты өз жағына тартуға мәжбүр етті, Құтыз Бейбарыстың беделіне, оның достары мен жақтастарына мұқтаж болды.

Құтыздың есебі дұрыс шықты: Құтыз сұлтан мен қолбасшы Бейбарыс моңғолдарды күтпей-ақ, Сириядағы оларға өздері барды. Кет-Бұға басшылық еткен Құлағу армиясының тылынан шықты және 3. IX. 1260 ж. 20 мыңдық найман корпусын талқандады. Кет-Бұғаны Құтыз тұтқынға алды және өлтірді, ол қан-қасаптан ақылы азып, жол-жөнекей Дамаскінің христиан тұрғындарын сойып салды. Абзалы, Құтыздың осы ессіз қылықтары Бейбарыстың Құтызды өлтіруіне итермелеген болса керек...

В итоге своих воинских подвигов Бейбарс накопил и крупный политический авторитет, сумел сплотить вокруг себя клан из отчаянных рубак и бесстрашных ратоборцев, верных ему сорвиголов. Вот почему его однополчане безоговорочно пошли за ним, когда он 2 мая 1250 г. поднял восстание против сына и наследника ас-Салиха султана Исы Туран-шаха и убил его. Причина столь жестокого поступка Бейбарса понятна и оправданна: юный Туран-шах проводил свои дни в забавах, праздности, играх, попойках и веселье тогда, когда над страной нависла смертельная опасность, и был не в состоянии руководить державой, войсками. Кроме того, Туран-шах был болезненно слабоумен...

Но плодами своего дерзкого поступка воспользовался не сам Бейбарс, а более искушенные в политике и дворцовых интригах люди (вдова ас-Салиха Шеджерет, ее новый муж, мамлюк Айбек), а опальный претендент на трон, т.е. Бейбарс скрывался со своими друзьями в Сирии до той поры, пока к власти в Египте не пришел Кутуз.

Угроза монгольского нашествия на Египет вынудила Кутуза привлечь на свою сторону Бейбарса, героя и полководца, отличившегося в битвах с крестоносцами, Кутуз нуждался в авторитете Бейбарса, его друзей и сторонников.

Расчет Кутуза оправдался: султан Кутуз и полководец Бейбарс, не дожидаясь монголов, сами пошли на них в Сирию, вышли в тыл армии Кулагу под предводительством Кет-Буга и 3. IX. 1260 г. разбили 20-ти тысячный найманский корпус. Кет-Буга был пленён и казнён Кутузом, который, обезумев от резни, вырезал попутно христианское население Дамаска. Скорее всего, эти безумные поступки Кутуза и подвигли Бейбарса на убийство самого Кутуза...

Құлағу, Кет-Бұғаның түмендерімен бірге талқандалған өзінің одақтас армяндарына көмектесуге және сонымен қатар өзін есеңгіретіп кеткен бірінші жеңілісі үшін кек алуға ниеттеніп, мамлюктерге қарсы жаңа армия қосты, бірақ оны енді жаңа сұлтанның, Бейбарыс сұлтанның әскері сол жылдың 10 желтоқсанында қайтадан талқандады.

Осындай жойқын жеңілістерінен кейін моңғолдар, бейбарыстық мамлюктердің күшін мойындап, Мысырды ұзақ уақыт мазаламады. Бірақ 17 жылдан соң олар Мысырды бағындырудың жаңа әрекетін бастады. Шайқас Альбистан түбінде болды және, тағы да, сұлтан әрі қолбасшы Бейбарыстың тамаша жеңісімен аяқталды. Ұрыс даласында 7000 моңғол және олардың одақтасы, 3000 грузин қаза тапты. 1300 моңғол тұтқынға алынды, бірақ Бейбарыс оларды Құтыз сияқты өлтірген жоқ, мұсылман етті.

Кресшілермен және моңғолдармен болған осы ірі жеңістерден басқа, Бейбарыс әскерін Кавказды және Шығыстың өзге елдерін жаулап алу жорықтарына алып барды. Ол бір де бір рет жеңілген жоқ, тек қарулы қарсыласпен ғана соғысты, қылмыскерлерден басқа бейбіт адамдарға тиіспеді.

Бейбарыстың бүкіл әскери табыстарын және мамлюктердің жеңістерін нақтылау негізінде мынадай сұрақ тууы заңды: Бейбарыстың жеңімпаздығының сыры неде, ол өзінің «әскери академияларынан» қай жерде және қашан өтті? Бұл сұраққа жауап беру кезінде объективті де субъективті себептерді назарға алған жөн. Негізгі себеп түркі-қыпшақ әскери өнерінің тарихи дәстүрлерінде, бұл дәстүрлердің мысырлық армияға тұтастай көшірілуінде, енгізілуінде жатыр.

Кулагу, вознамерившись помочь своим союзникам армянам, разбитым вместе с туменами Кет-Буги и одновременно отомстить за первое ошеломляющее поражение, бросил на мамелюков новую армию, которая 10 декабря того же года снова была разбита, но уже войсками нового султана, султана Бейбарса.

После этих сокрушительных поражений монголы, признав силу бейбарсовских мамелюков, надолго оставили Египет в покое. Но через 17 лет они предприняли новую попытку покорения Египта. Битва состоялась при Альбистане и закончилась, опять-таки, блистательной победой султана и полководца Бейбарса. На поле боя погибло 7000 монголов и 3000 их союзников, грузин. 1300 монголов было пленено, но Бейбарс не стал их вырезать, как Кутуз, а обратил в мусульманство.

Кроме этих крупнейших побед над крестоносцами и монголами, Бейбарс водил войска в походы по покорению Кавказа и других стран Востока. Он не потерпел ни одного поражения, воевал только с вооружённым противником, не трогал мирных людей, кроме преступников.

На основании констатации всех воинских успехов Бейбарса и побед мамелюков резонен вопрос: в чём же причина непобедимости Бейбарса, где и когда он проходил свои «военные академии»? При ответе на этот вопрос следует брать во внимание как объективные, так и субъективные причины. Основная причина кроется в исторических традициях тюркско-кипчакского воинского искусства, в том, что эти традиции были всецело перенесены, внедрены в египетскую армию.

Әскерлердің дәл осы машықтары мен қасиеттері түркілердің тірі қалуына көмектесіп қана қоймай, сонымен бірге жат жерде өз диктатурасын орнатуына ықпал етті. Далалық құлдар өңкей жас бозбалалар емес еді, олардың қатарында ысылған, тәжірибелі қолбасшылар, қару жасаушылар, жауынгерлік өнердің, табандылық, төзімділік, өнертапқыштық, мызғымас рух, қайрат-жігердің ежелгі дәстүрлерінің білгірлері болды.

Оған қоса, қаншама оғаш болса да, арабтар «исламның жауы» деп атап, күштеп «мұсылмандандыра» алмаған дәл осы түркілер, - ислам елдерінде аса ынталы және хас мұсылманға айналып, ислам әлемін біріктіруге және ұйыстыруға, оны кресшілерден қорғап қалуға қол жеткізді.

Сол кездегі варварлық Еуропаға рыцарьлық арнамыс сабақтарын берген солар еді ғой: христиан елдерінің бейбіт тұрғындарына тиіспеді, олардың діни сезімдеріне құрмет көрсетті, адамша сұрағандардың бәріне «қасиетті жерлерге» баруға мүмкіндік берді.

Дәл осы парасатты мінез-құлықтары үшін бүкіл Еуропа Саладинді, кейіннен Бейбарысты ұлықтады, ал еуропалық жазушылардың өздері (Хитти, Олдридж) осы істерді әділеттілікпен көрсете отырып, Еуропа үшін түркі-мұсылмандардың «өркениеттік» рөлі жайында ризашылықпен жазды, және де керісінше, кресшілер, корольдер («Арыстан Жүрек» Ричард, IX Людовик және т.б.) жайында бет-жүзіне қарамай, жиіркенішпен үн қатты. Христиан-коптылар да дәл осыны істеді: олар кресшілерді жек көрді, кресшілер жасаған заңсыздықтардан, тонау мен зорлық-зомбылықтан қорғаныш іздеп, мамлюктерден пана тапты.

Тіпті, православтық Византия өзінің сол кресші болған католик-«ағайындарының» елді және сенімді ойрандауынан мамлюктердің көмегімен аман құтылды. Халықтың, түрлі наным-сенімдегі адамдардың мамлюктердің төңірегіне осылайша ұйысуы Мысырдың қатыгез ортағасырлық соғыстар жағдайында мойымай төтеп беруіне көмектесті.

Именно эти навыки и свойства воинов помогли и способствовали не только выживанию, но и установлению диктатуры тюрок на чужбине. Не только юнцами были степные рабы, в их рядах были умудрённые, опытные полководцы, оружейники, знатоки боевых искусств, древних традиций несокрушимости духа, воли, стойкости, выносливости, изобретательности.

К тому же, как ни парадоксально, именно турки, которых арабы, называя «врагами ислама», не могли «омусульманить» насильно, - превратившись в исламских странах в наиболее ревностных и ярых мусульман, сумели сплотить и консолидировать исламский мир, защитить его от крестоносцев.

Они же преподали варварской Европе того времени уроки рыцарской чести: не вырезали мирное население христианских стран, уважали религиозные чувства последних, давали возможность посещения «святых мест» всем, кто просил об этом по-человечески.

Именно за эти благородные поступки вся Европа славилась Саладина, а затем Бейбарса, а сами европейские писатели (Хитти, Олдридж) объективно отражая эти дела, восторженно писали о «цивилизационной» роли тюрок-мусульман для Европы и, наоборот, презрительно и нелицеприятно отзывались о крестоносцах, королях (Ричарде «Львиное Сердце», Людовике IX и др.). То же самое проявляли христиане-копты: они ненавидели крестоносцев, искали и нашли защиту от беспредела, грабежей и насилия, которые творили крестоносцы, у мамелюков.

Даже православная Византия при помощи мамелюков спаслась от разрушения страны и веры, чинимых её «братьями»-католиками, в лице тех же крестоносцев. Такое сплочение населения, людей различных вероисповеданий вокруг мамелюков помогло Египту выстоять в условиях жестоких средневековых войн.

Құлдардың билік шыңдарына жету жолының осы және өзге де объективті себептері сұлтан мен оның әмірлерінің жеке қадір-қасиеттерімен толықты. Сұлтанның өзі Саладин заманынан-ақ қатардағы мамлюктер үшін үлгі болды. Ол, үйірдің көсемі тәрізді, әскерді жорықтарға, шайқастарға, ұрыстарға бастап барды. Бейбарыстың өзі және оның ізбасарлары (Қалауын, ән-Насир және басқалар) бұл дәстүрді қатаң сақтады, жауынгерлік істің бүкіл ауыртпалығын басқалармен тең бөлісті. Ешқандай да сарай салтанаты мен той-думандар оларды босаңсуға және нәуетектікке жеткізе алмады.

Осы қатаңдықтың, жауапкершілік пен айбарлылықтың бір көрінісі Бейбарыстың ішімдікке, жезекшелікке, наша тартуға тыйым салуды енгізуі болды. Ол ұрыларды, қазынаны тонаушыларды, диверсанттарды аяусыз жазалады. Бұл шаралар мен тыйымдардың барлығы, әлбетте, тәртіпті, соғысқа қабілеттілікті, армия мен мемлекеттің ұйымшылдығын сақтауға бағытталды.

Бейбарыстың өзі батырлықтың, аскетизмнің, табандылықтың нағыз үлгісі болатын. Орта ғасырлық тарихшылар мен биографтар оны осы тұрғыдан сипаттайтын көп жазбалар қалдырды. Айталық, ән-Нуайри атап көрсеткендей, Бейбарыс «киім мен тамақта азға қанағат етті, үнемшіл болды». Әл-Айни оның ержүректік, тапқырлық, тәсілқойлық, ептілік, қажырлылық, аскетизм, жауына рақымсыздық, қайрат, гүрілдеген дауыс, айбындылық сияқты қасиеттерін, адамдарды әскерге тікелей өзі іріктеп, тағайындағанын атап өткен.

«Дәуір уақиғаларының тамаша түстері» атты трактатында ибн-Ийас Бейбарыс жайлы былай деп жазды: «Ол тынымсыз еді, жорықтарға жиі аттанатын, өз есімін ерлігімен әйгіледі, соғыста батыл болды. Қысы-жазы аттан түспеді. Оның ерлігі мен батылдығының белгісі іспетті, оның гербінде арыстанның суреті салынған. Жасақтың ықыласын арттыру үшін, - ол әскери олжаны бөлісті. Жорық алдында ол ауқатты адамдардан экспроприацияланған көп қаражат жинады. Ол ұзын бойлы, тұлғалы, сымбатты, аққұба, айбынды, қаһарлы болды, бір де бір ақ шалмаған дөңгелек сақалы бар еді».

Эти и другие объективные причины пути рабов к вершинам господства пополнялись личными качествами султана и его эмиров. Сам султан ещё со времён Саладина был примером для рядовых мамлюков. Он, как вождь стаи, водил войска в походы, бои, сражения. Сам Бейбарс и его преемники (Калаун, ан-Насир и другие) строго соблюдали эту традицию, делили все тяготы ратного дела наравне со всеми. Никакая дворцовая роскошь и празднества не могли довести их до расслабления и изнеженности.

Проявлением этой строгости, ответственности и суровости явилось введение Бейбарсом запрета на пьянство, проституцию, курение гашиша. Он безжалостно казнил воров, казнокрадов, диверсантов. Все эти меры и запреты были направлены, разумеется, на сохранение дисциплины, боеспособности, организованности армии и государства.

Сам Бейбарс был воплощением храбрости, аскетизма, упорства. Средневековые историки и биографы оставили немало строк, характеризующих его в этом плане. Так, ан-Нуайри отмечал, что Бейбарс «в одежде и пище довольствовался малым, был бережлив». Аль-Айни выделял такие его качества как бесстрашие, смекалку, ловкость, сноровку, упорство, аскетизм, беспощадность к врагам, волю, громоподобный голос, внушительность, то, что людей в войска он подбирал и назначал самолично.

В трактате «Великолепные цветы событий эпохи» ибн-Ийас писал о Бейбарсе следующее: «Он был непоседой, часто отправлялся в походы, прославил своё имя героизмом, на войне был храбр. И зимой, и летом не сходил с коня. Как знак его героизма и храбрости, на его гербе был нарисован лев. Чтобы войско проявляло усердие, - он делил военную добычу. Перед походами он собирал много средств, которые экспроприировал с состоятельных людей. Он был высок, осанист, статен, светлолиц, внушителен, грозен, имел круглую бороду без единой сединки».

Бейбарыс, сол уақыттағы баршадан ерек, жауынгер, қолбасшы, билеуші эталонына лайық еді, - оның үстіне, - ол бұл эталонды өзі сомдады. Және де... өзінің тарихи ұлы миссиясын, мамелюктер алдындағы жауапкершілігі мен міндеттерін терең сезініп, мойындады. Оның билік үшін және өзінің тағын сақтау жолындағы күресі, міне, осыдан туындаған болатын.

Бейбарыс, әлбетте, өзінің алдындағы сұлтандармен және өз заманындағы билеушілермен өзін салыстыра отырып, көсемге және билеушіге қажетті қасиеттерді олардың көпшілігіне қарағанда өз бойынан көбірек тапқаны сөзсіз. Ол мессия, тарихи қажеттілік, асқақ адам және т.с.с. ұғымдарды біле қоймаса да, дегенмен, өзінің қолын Алланың өзі басқарып, жүргізіп отыр деп білген тәрізді. Оған тақтан гөрі өзінің ісі анағұрлым маңызды болды деп тұжырымдаған ләзім.

Міне, сондықтан ол өмірінің соңына дейін «алтын торпақты» қуып өкпесі өшкен жоқ, сарай рахатының батпағына батпады, ұлылық, өзін дәріптеушілік және мақтаншақтық сезімдерінің жетегінде фантазмагориялық көкке ұшып кетпеді.

Бейбарыс, жауынгер және даңқты әрі жеңілмес қолбасшы ретінде, Македонский және Ишпакай, Цезарь және Атилла, Ганнибал мен Шыңғысхан, Саладин және Темірмен бір қатарда тұруға әбден лайық.

## **БИЛЕУШІ-СҰЛТАН МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ҚАМҚОРЫ**

Кез-келген тарихи тұлға, Бейбарыс сияқты, бір өзінің бойында қолбасшының дарынын, саясаткердің көрегендігін, ойшылдың даналығын үйлесіммен және тиімді қолдана алмас еді. Жағдайдың сәтті тоғысуы арқасында немесе құдыретті күштің қалауымен Бейбарыстың тұлғасынан біз осының үшеуін де көреміз.

Бейбарс, как никто другой в его время, соответствовал эталону воина, военачальника, правителя, более того, - он сам создавал этот эталон. И...чувствовал, сознавал свою великую историческую миссию, ответственность и обязанности перед мамелюками. Его борьба за власть и сохранение своего трона были продиктованы именно этим.

Бейбарс, конечно же, сравнивая себя с предшествующими ему султанами и современными ему правителями, безусловно, находил в себе больше качеств, необходимых предводителю и правителю, чем у многих из них. Вряд ли он знал такие понятия как мессия, историческая необходимость, сверхчеловек и т.п., но, похоже, считал, что его рукою правит сам Аллах. Надо полагать, что ему более важным, чем его трон, было его дело.

Вот почему он до конца дней своих не погряз в погоне за «золотым тельцом», не утонул в болоте дворцовой неги, не упорхнул в фантазмагорические выси от чувства величия, самомнения и бахвальства.

Бейбарс, как воин и полководец, славный и непобеждённый, достоин, быть в одном ряду с Македонским и Ишпакаем, Цезарем и Атиллой, Ганнибалом и Чингисханом, Саладином и Тимуром.

## **ПРАВИТЕЛЬ-СУЛТАН И ПОКРОВИТЕЛЬ МУСУЛЬМАН**

Не всякая историческая личность сумела бы, как Бейбарс, гармонично и удачно совместить в себе дар полководца, дальновидность политика и мудрость мыслителя. По счастливому стечению обстоятельств или воле божественного провидения в лице Бейбарса мы имеем и одного, и второго, и третьего.

Сол дәуірдегі Мысыр тауар қозғалысын Азиядан Еуропаға өткізуші бірден бір пункт болды, бұл негізінен Бейбарыстың саясаты орасан зор кедендік баж салығын, жүктерді алып жүргені үшін салық алуға ғана емес, сонымен бірге ол жүктердің сақталуына салмақты кепілдік беруге, саяси мақсатта неше түрлі эмбарголарды қолданбауға бағытталуынан еді.

Бұл саясаттың негізінде экономикалық пайдамен бірге, Бейбарыстың идеологиялық көзқарасы да жатыр: исламның таралуына және жеңімпаз шеруіне қылыш пен уағыздардан гөрі, мәдени тартылыс көп ықпал етеді, яғни Шығыстан Батысқа баратын тауарларда исламның идеялары мен мәдени құндылықтары заттанады, жинақталады. Олар сарбаздардың доңайбаты мен ислам уағыздаушыларының уәждеріне қарағанда, сана мен сезімге анағұрлым зор әсер ете алады.

Тарихта Бейбарыстың Венеция мен Генуя, Сицилия мен Арагон және т.б. христиан елдерімен және корольдіктерімен келісім-шарттар жасағаны мәлім. Мысалы, Византиямен келісім-шарт кемелердің Босфор мен Дарданелла арқылы кедергісіз өтуін қамтамасыз етті, сол арқылы Бейбарыс Мысырға құлдарды Қара теңіз, Азов және Каспий маңынан үздіксіз жеткізу мүмкіндігіне ие болды, сөйтіп – түркі диаспорасының ұлғаюына және мамелюктер қатарын жаңа қыпшақ жауынгерлерімен толықтыруға қол жеткізді. Бұл істерде Венеция мен Генуя делдал болды, олар бейбарыстық көпестерге кемелер берді, өздері де саудаға араласты.

Мамелюк мемлекетінің Алтын Ордамен одақ құруы Бейбарыстың саяси-дипломатиялық ойының биік жетістігі болып табылады. Бұл одақ моңғолдық өрістің шайқалуына, ислам әлемінің кеңеюіне және күшеюіне, оның саяси басымдық алуына көп ықпал еткен орта ғасырдың айрықша құрылымы болды.

Египет того времени был единственным перевалочным пунктом движения товаров из Азии в Европу, большей частью из-за того, что политика Бейбарса была направлена не только на получение огромных таможенных пошлин, налогов за сопровождение грузов, но она давала весомые гарантии сохранности грузов, не применяла всевозможных эмбарго в политических целях.

В основе этой политики, кроме экономической выгоды, лежала и идеологическая мысль Бейбарса: распространению и победоносному шествию ислама более чем меч и проповеди, способствует культурное притягивание, т.е. в товарах, идущих с Востока на Запад, были материализованы и аккумулярованы идеи и культурные ценности ислама, которые имели большее воздействие на умы и сердца, чем угрозы и уговаривания воинов и проповедников ислама.

Истории известны соглашения и договора Бейбарса с такими христианскими странами и королевствами как Венеция и Генуя, Сицилия и Арагон и др. Так, договор с Византией обеспечивал беспрепятственное прохождение судов через Босфор и Дарданеллы, тем самым Бейбарс имел возможность непрерывных поставок рабов в Египет из Причерноморья, Приазовья и Прикаспия, тем самым - увеличения тюркской диаспоры и пополнения рядов мамелюков новыми кипчакскими воинами. Посредниками в этих делах являлись Венеция и Генуя, которые предоставляли бейбарсовским купцам корабли, сами участвовали в торговле.

Вершинным достижением политико-дипломатической мысли Бейбарса является создание союза мамелюкского государства с Золотой Ордой. Этот союз был уникальным образованием средневековья, во многом способствовавшим расшатыванию монголосферы, расширению и усилению исламского мира, получению им политического приоритета.

Егер де Бейбарысқа дейін билік құрған Мысыр сұлтандары артында қандай да бір керемет істер қалдырмаған болса, ал Бейбарысты мемлекеттің негізін салушы, оның сауда, мәдениет салаларындағы сыртқы қатынастарының негізін қалаушы, ғылымның, өнердің, қолөнердің тұңғыш демеушісі деп санауға толығымен қақылымыз.

Ол саудаға айрықша назар аударды, соның арқасында мемлекеттің гүлденуіне мүмкіндік туды. «Мысыр гүлденген кезде, Каир де гүлденді, сол себепті Бейбарыс тұсында – ол мамлюк серіктеріне титулдарды, ақшаны, жерді, тауарларды жомарттықпен үлестірсе де, – Мысыр сыртқы саудада мол табысқа жетті, сондықтан Каир да Бейбарыстың мирасқорларының кезіндегіден гөрі емін-еркін өмір сүрді.

Ол өзіне бағындырылған жат жерлік қалалар мен билеушілердің бәрінен аяусыз алым-салық алды. Мысырда Ұлы Даладан келген тауарлар тым көп көзге түсетін болды: қыпшақтардың тері киімдері, аң терісі, киізден, жүннен, сүйектен жасалған бұйымдар. Макризидің айтуынша, татар шапандарын және шеркеш тақияларын кию сән болды. Бейбарыс теңіз князьдіктерімен, қалалармен және мемлекеттермен ретке келтірген келісімдер, оның тірі кезінде де, оның мирасқорлары тұсында да Каирдің, сұлтан айналасының, мамлюк ақсүйектерінің керемет баюына ықпал етті» (Олдридж Д. «Каир»).

Бірақ, Бейбарыстың қызметіне тән бір ерекшелік, саудадан, кедендік баж салығынан, салықтардан түскен осы байлықтың бәрі қор ретінде жинақталып қалып қоймады, яғни, Бейбарыс оларды сараң байға ұқсап, мемлекеттік қазынаға да, жеке қоймаға да тыға бермей, керісінше, заманауи терминмен айтқанда, әртүрлі инвестицияларға, капитал салымдарына және т.б. пайдаланды. Қаражат жол құрылысына, әскери бекіністер, жер суарғыш және кеме жүзетін каналдар салуға, қала-кеме құрылысына, халық, мемлекет, армия үшін қажетті салаларды дамытуға жұмсалды.

Если султаны Египта, правившие до Бейбарса, не оставили каких-либо выдающихся деяний, то Бейбарса по полному праву можно считать основателем государства, основоположником его внешних сношений в торговле, культуре, первым покровителем науки, искусства, ремесла.

Особое внимание он уделял торговле, благодаря которой и появилась возможность процветания государства. "Когда процветал Египет, процветал и Каир, поэтому при Бейбарсе – хотя он и раздавал щедро титулы, деньги, земли, товары мамлюкским соратникам – Египет делал успехи во внешней торговле, и Каиру жилось привольнее, чем при преемниках Бейбарса.

Он беспощадно взимал дань со всех покорённых иноземных городов и правителей. Весьма заметными в Египте стали товары из Великой Степи: кожаная одежда кипчаков, меха, изделия из войлока, шерсти, кости. В моде, по Макризи, было ношение татарских чапанов и шеркешских тюбетеек. Договора с морскими княжествами, городами и государствами, налаженные Бейбарсом, как при его жизни, так и при его преемниках, способствовали сказочному обогащению Каира, окружения султана, мамлюкской знати" (Д. Олдридж «Каир»).

Но, что характерно для деятельности Бейбарса, все эти богатства, поступавшие от торговли, таможенных пошлин, налогов не замыкались в качества накопления, т.е. Бейбарс не затаривал их, как скупой рыцарь, ни в государственной казне, ни в личных складах, а использовал, говоря по современной терминологии, в различного рода инвестициях, капиталовложениях и т.п. Деньги вкладывались в строительство дорог, военных укреплений, оросительных и судоходных каналов, градостроительство, в те сферы, в развитии которых нуждались население, государство, армия.



Бейбарыс әскери сословиеге, сарай ақсүйектері мен қоңсыларына ғана емес, сонымен бірге интеллектуалдық еңбек адамдарына да жомарттық танытты. Расында да, ол өнердің, ғылым мен мәдениеттің меценаты және нағыз қолдаушысы болды! Сол дәуірдегі Каирде орта ғасыр ойының қаймағы, богемасы мен бомонды болып саналатын адамдардың үлкен тобы жиналды. Бұл адамдардың барлығы өзінің кәсібі бойынша жұмыс тапты, бұл жұмыс бір сәттік болса да пайда, табыс әкелді ме, жоқ па, бұл олар үшін маңызды емес еді.

Осылайша, Бейбарыс, ортағасырлық Мысырдың түркілік мемлекетінің негізін қалаушы және билеушісі, орасан зор империяны құрушы, ислам әлемін біріктіруші, көрнекті дипломат әрі саясаткер, мәдениеттің, ғылымның, өнердің, білімнің қамқоршысы ретінде, өз замандастары алдында ғаламат беделге ие болған, халықтың, тіпті қазіргі заманғы египеттіктердің жадында қалған әйгілі тарихи тұлға болды.

...Әлі күнге дейін Мысырдың ауызша халық аңыздарында егер де жауыздық күштері белең алатын болса, онда Бейбарыс қайта оралады да әділеттілік орнатады деп айтылады...

## ДАҢҚ ПЕН ЗӘҺАР

Қатыгез заманның қатыгез ғұрыптары кісі өлімімен, уландырумен, қан-қасаппен қабаттаса жүріп билік үшін күресті күшейте түсті. Тіпті сондай сақ, қырағы Бейбарыс сұлтанның өзі (Макризидің жазуынша, ол жиі бой тасалап жүретін, өзіне ұқсас адам ұстады, алдын-ала дайындалған қозғалыс маршруттарын ауыстырып отырды) өзінің қауіпсіздігіне сенімді бола алмады...

Азғырудың көптігі мен қастандық талпыныстары Бейбарыстың болмай қоймайтын өліміне алып келді және, ақырында, қатал жазмыш салтанат құрды: Мысырды 17 жыл, 2 ай және 12 күн билеген, әлемдегі ұлы адамдардың бірі, 52 жасында у беріп өлтірілді.

Бейбарс был щедр не только по отношению к военному сословию, дворцовой знати и челяди, но и по отношению к людям интеллектуального труда. Воистину он был меценатом и покровителем искусства, науки, культуры! В Каир того времени стекалась огромная масса людей, представляющих собой весь цвет мысли, богему и бомонд средневековья. Все эти люди находили себе работу по профессии, независимо от того, приносила эта работа сиюминутную пользу, выгоду или нет.

Таким образом, Бейбарс, как правитель и основоположник тюркского государства средневекового Египта, создатель огромной империи, консолидатор исламского мира, выдающийся политик и дипломат, покровитель культуры, науки, искусства, образования был выдающейся исторической личностью, пользовавшейся огромным авторитетом перед своими современниками, оставшийся в народной памяти даже современных египтян.

...В устных народных преданиях Египта до сих пор говорится, что если силы зла приумножатся, то вновь возвратится Бейбарс и установит справедливость...

## СЛАВА И ОТРАВА

Жестокие нравы жестокого времени ужесточили борьбу за власть, сопровождавшуюся резнёй, отравлениями, убийствами. Даже такой осторожный, бдительный султан, как Бейбарс (Макризи писал, что он часто маскировался, имел двойников, менял установленные маршруты движения) не мог быть уверенным в своей безопасности...

Массовость искушений и попыток покушений вела к неминуемой смерти Бейбарса и, наконец, злой рок восторжествовал: один из великих людей, правивший Египтом 17 лет, 2 месяца и 12 дней, в возрасте 52 лет, был отравлен.

Әрине, Бейбарысты кім, немен және қалай уландырғаны жайлы сұрақ принципті түрде мәнді маңызға ие емес, бірақ оның өлімі туралы неше түрлі өтірік әңгімелердің көп болуы себепті, оның физикалық ақыры жайлы сұрақты алып тастау керек. Сол заманның тарихшылары (әл-Мухасин, әл-Макризи, Бейбарыс ад-Дауадар және т.б.) бірауыздан сұлтанның қымызға қосылған удан уланған фактісін растайды. Тіпті оның қайтыс боларының алдында қиналып ауырған мерзімі (13 күн) де тіркелген.

Тек Бейбарысты өлтірушілердің жеке басы туралы әңгімелер ғана әртүрлі. Халықтық романда бұл қаныпезерлерді оның туысы, досы әрі серігі, орынбасары, ал кейін мирасқоры болған Қалауын сатып алғаны жайлы айтылады. Макризи болса, у берушінің ханзада Мәлік-Кахер екенін жазды, ол Бейбарыстың бұйрығы бойынша оның өзіне арналған у салынған кубокты алмастырып жіберген-мыс. Енді қазір мұны кім істегенін дәл анықтау мүмкін бола қояр ма екен. Ақиқат шарапта емес, қымызда қалды... Бейбарыс Дамаскіде қайтыс болды және оның өтініші бойынша Дария қалашығында жерленді.

Ортағасырлық Мысырдағы қыпшақ мамлюк мемлекетінің негізін қалаушы, оған Сирияны біріктіріп, өз үстемдігін Хиджаз (Мекке, Медина), Йемен, Нуба, Византия, Армения, Кавказға дейін таратқан, мұсылман әлемін кресшілерден және моңғол түмендерінен құтқарған, оның қауіпсіздігін, тәртібін, гүлденуін қамтамасыз еткен, түркі әскери өнерінің қуаты мен рухын әлемге әйгілеген, өз есімін дүние жүзілік тарихтың анналдарында мәңгілікке қалдырған ұлы жауынгер, қолбасшы, билеуші және әмірші болған тұлғаның өмірі осылай аяқталды. Зәрлі у оның өмірін алса да, атақ-даңқын алған жоқ, тәнін жалмаса да, рухын жоя алмады, тағын тартып алса да, мұрасына қол сұға алмады.

Конечно, вопрос о том, кем, чем и как был отравлен Бейбарс, принципиального значения не имеет, но т.к. существует масса всяких небылиц о его смерти, то вопрос о его физической кончине следует снять. Историки того времени (аль-Мухасин, аль-Макризи, Бейбарс ад-Дауадар и др.) единогласно подтверждают факт отравления султана от яда, подсыпанного в кумыс. Даже констатируется период его мучительной болезни (13 дней), после которой он скончался.

Различны только рассказы о личностях убийц Бейбарса. В народном романе говорится о том, что убийц подкупил его родственник, друг и соратник, заместитель, а затем и преемник Калаун. Макризи же, писал, что отравителем был принц Малик-Кахер, который якобы подменил кубок с ядом, предназначенного для него самого по приказу Бейбарса. Вряд ли теперь возможно установить точно, кто это сделал. Истина осталась не в вине, а в кумысе... Бейбарс умер в Дамаске и по его просьбе похоронен в местечке Дария.

Так завершилась жизнь великого воина и полководца, правителя и повелителя, основателя кипчакского мамелюкского государства в средневековом Египте, воссоединившего к нему Сирию, распространившего свою гегемонию до Хиджаза (Мекки, Медины), Йемена, Нубы, Византии, Армении, Кавказа, спасшего мусульманский мир от крестоносцев и монгольских туменов, обеспечившего его безопасностью, порядком, процветанием, прославившего силу и дух тюркского военного искусства, увековечившего своё имя в анналах всемирной истории. Отрава отняла у него жизнь, но не славу, тело, но не дух, трон, но не наследие.

## МҰРА

Көпшілікті толғандыратын бірнеше сұрақ қалғаны анық. Бейбарыстың есімі мен қызметі патшалық немесе кеңестік кезеңде неліктен беймәлім болды? Неге біз бұл есімді өзіміз танып қана қоймай, сонымен бірге көкке көтере дәріптеп, ұрпақтарға жеткізуге тиіспіз? Біздің шекарамыздан аулақта, алты қырдың ар жағында өмір сүрген, біздің тарихымызға тікелей қатысы жоқ адамның тарихының бізге қандай қатысы бар?

Біз мақаланың мән-мәтінінен көріп тұрғандай, ортағасырлық түркілер, олардың ежелгі ата-бабалары тәрізді (киммерліктер, сақ-скифтер, сарматтар, ғұндар, қағанаттық түркілер, хазарлар), көптеген ғасырлар бойы Азия мен Еуропада билік құрып тұрды, олардың жорықтары тіпті өздері де жаулаушылық саясат жүргізіп отырған елдердің өзіне қорқыныш пен үрей туғызды.

Олар көп миллиондық Қытайды, аса қуатты Римді, Византия, Иран тәрізді супердержаваларды жеңіп, оларға алым-салық салды, халифаттардағы билікті басып алды.

Сол дәуірдің өзінде-ақ осы елдерде «түркофобия» іспетті психологиялық феномен қалыптасты. Дегенмен, түркілер тек үрей ғана туғызып қойған жоқ, сонымен бірге, әсіресе қытайлықтар мен арабтар арасында құрметке ие болды. Қытайлық тарихшылар өз көршілерінің таңғажайып ақыл-ой және физикалық қабілеттерін үнемі атап көрсеткен, ал қытайлық шенеуніктер түркілердің көптеген мәдени жетістіктерін өздеріне қабылдап алды: баспана, поэтикалық дәстүрлері, қару-жарақ, ат әбзелдері, әскери өнері. Әсіресе, соғысқа байланысты нәрсенің бәрі жоғары бағаланды.

Түркілердің жауынгерлік шеберлігі, рух күші мен қабілеттері жайлы араб жазушылары бізге ыстық ықыласқа толы жазбалар қалдырды. Пайғамбар Мұхаммедтің өзі: «Түркілер өздеріңе тиіспесе, сендер де тиіспендер!», - дейді.

## НАСЛЕДИЕ

Остаются несколько вопросов, которые волнуют многих. Почему имя и дела Бейбарса были почти неизвестны в царское или советское время? Почему мы это имя должны не только открыть для себя, но и превозносить, доносить до потомков? Какое отношение к нам имеет история человека, жившего за тридевять земель от наших границ, не имеющего непосредственного отношения к нашей истории?

Из контекста статьи мы видим, что средневековые турки, так же как и их древние предки (киммерийцы, сакосифы, сарматы, гунны, каганатовские турки, хазары) на протяжении многих веков властвовали в Азии и Европе, своими набегами вселяли страх и ужас даже в тех странах, которые сами вели завоевательную политику.

Они побеждали и облагали данью многомиллионный Китай, могущественный Рим, такие супердержавы, как Византия, Иран, захватили власть в халифатах.

Уже в те времена в этих странах сформировался такой психологический феномен как «тюркофобия». Но не только страх вызывали турки, но и уважение, особенно в среде китайцев и арабов. Китайские историки часто отмечали поразительные умственные и физические способности своих соседей, а китайские сановники перенимали многие культурные достижения тюрков: поэтические традиции, жилище, одежду, вооружение, снаряжение, воинское искусство.

Особенно ценилось всё, что было связано с войной. Массу восторженных строк о воинском умении, силе духа и способностей тюрков оставили нам арабские писатели. Сам пророк Муххамед изрекал: «Не трогайте тюрков, пока они не трогают вас!».

Бірақ, Еуропада далалықтарды мүлдем керісінше қабылдады. Біздің ата-бабаларымызды қандай ғана кемсітуші эпитеттермен «марапаттамады» десеңізші! «Гога-магогалар», «тамұқ әулеті», «ібілістің балалары», «қарақшылар», «тонаушылар», «христ еместер», «пұтқа табынушылар» және т.б. және т.с.с.

Осындай толығымен терістеудің негізінде түркі халықтарының тарихын қайта жаңғыртудың кез-келген талпынысын пантүркизм деп мәлімдейтін еуроцентризм атты түсініктің қалыптасқаны анық. Түркофобия іске қосылды! Міне, осыдан барып түркі этносына қатысты тарихи зерттеулердің барлық талпыныстарына қарсы күрес жүргізілді.

Бір жақсысы, Бейбарыс туралы шындықты біз білдік, әйтеуір. Ал, осындай шындықтың тағы да қаншамасы еуропалық кітапханаларда жасырынып жатыр?!? Патшалық, одан кейінгі советтік билік түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін дәріптеуге мүлдем қарсы болды, дереккөздерді мұқият жасырып отырды. Пантүркизммен айыпталған адамдар атылды, із-түзсіз жоғалды.

Мамелюктердің, олардың көсемдерінің тарихы бүкіләлемдік тарихтан, түркі суперэтностының тарихынан бөлек емес. Олардың сіңірген еңбегі өлшеусіз. Олар біздің Атамекеніміздің жерін тікелей қорғамаса да, өз ата-бабасының абырой-атағын биікке көтеріп кеткені анық.

Оларға тек түркі халықтары ғана емес, сонымен бірге қазіргі заманғы әлем халықтарының баршасы алғыс айтуы тиіс, өйткені олар Еуропаны моңғол шапқыншылығынан, ал ислам әлемін кресшілерден қорғап қалды. Олар сол дәуірдегі қоғамды ұйытып, ұйыстырды, жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтап қалды, бүкіл әлемдік бейбітшілікке қол жеткізуге ықпал етті.

Ата-бабамыздың аруақтары бізді айналып жүре берсін, біздерге қонсын! Әумин...

Но в Европе степняков воспринимали совсем наоборот. Какими только уничижительными эпитетами не «награждали» наших предков! «Гоги и магоги», «исчадие ада», «дети сатаны», «разбойники», «грабители», «нехристи», «язычники» и т.д. и т.п.

Ясно, что на базе этого полнейшего отрицания и сложился так называемый евроцентризм, который любую попытку реставрировать историю тюркских народов объявлял пантюркизмом. Срабатывала түркофобия! Поэтому и велась борьба с любыми попытками исторических исследований тюркского этноса.

Хорошо, что всё-таки мы узнали правду о Бейбарсе. А сколько ещё таких правд кроется в европейских библиотеках?!? Царская, а затем и советская власть были абсолютно не заинтересованы в возвышении истории и культуры тюркских народов, тщательно скрывали источники. Люди, обвинённые в пантюркизме, расстреливались, исчезали бесследно.

История мамелюков, их вождей неотделима от всеобщей истории, истории тюркского суперэтноса. Заслуги их неоченимы. Хотя они непосредственно не защищали земли нашего Отечества, но, тем не менее, возвысили достижения своих предков.

Им должны быть благодарны не только тюркские народы, но и все народы современного мира, ибо они спасли Европу от нашествия монголов, а исламский мир от крестоносцев. Они связывали общество того времени воедино, сохранили общечеловеческие ценности, способствовали достижению всеобщего мира.

Да не перестанет витать над нами, вселяться в нас аруах наших предков! Аминь...

**МАМЛЮК-СҰЛТАНДАР, СІЗДЕР КТО ВЫ, ЧЬИ ВЫ, СУЛТАНЫ-КІМ СІЗДЕР? МАМЕЛЮКИ?**  
**ҚАЙДАН ШЫҚТЫҢЫЗДАР?**

Глядит на Жаик тоскливо Бейбарс,  
ищет бельмом, обеляющим глаз,  
соратников, близких, однополчан,  
будто укор буравящий нас.  
Как одиозный возвышенный слог,  
на возвышении красуется бог,  
он одинок, нет даже цветов,  
возложенных нами у каменных ног.

Глядит на Жаик тоскливо Бейбарс,  
ищет бельмом, обеляющим глаз,  
соратников, близких, однополчан,  
будто укор буравящий нас.  
Как одиозный возвышенный слог,  
на возвышении красуется бог,  
он одинок, нет даже цветов,  
возложенных нами у каменных ног.



Мысырдың Беріш руынан шыққан бірінші мамлюк билеушісі сұлтан Бейбарыс жайлы тарихи және әдеби шығармалар, мақалалар аз жазылған жоқ. Ғаламат ұлы тұлғаның және оның атақ-дабысының асқаны сонша, Қара теңіз, Каспий жағалауы, қазіргі Украина аумағының түркі, кавказдық, моңғол және басқа этникалық тайпаларынан шыққан, сөйтіп Мысыр, Сирия, Иран, Ауғанстан, Үндістан елдерінің сұлтандары мен әмірлері болған өзге де құрметке лайық мамлюктердің есімдері мен істері көлеңкеде қалып қойды. Бұл адамдар кім еді, олардың тарихи еңбегі неде, елге қандай қызмет жасады? Бұл біздің әрқайсымызды қызықтыратын-ақ жайт және біздің қайта-қайта айтып жүргеніміздей, қазіргі Қазақстан тарихы тек Қазақстанның өз территориясын ғана қамтып қоймайды және бұл тарих үшін де маңызды екені сөзсіз.

Оған қоса, Мысырда бірнеше рет болуым себепті және мысырлық мамлюктанушылармен, тарихшы-профессорлармен тілдескен соң, мен олардың басқа елдердегі кәсіпте әріптестерінен айырмашылығы, өздерінің жеріндегі түркілер тарихына адал ниетпен қарайтынына, түркі сұлтандарын, әмірлері мен мамлюктерін жасанды түрде арабтар мен парсыларға, күрдтер мен грузиндерге, немесе кавказдық «черкестерге» (абхаз, адыг, кабардин) айналдыруға ұмтылып, әрекеттенбейтініне әбден көзім жетті.

Мысырлық ғалымдардың Мысырға келетін қазақ делегациясын немесе тобын қарсы алғанда қоятын алғашқы сұрақтарының бірі, олардың құрамында Беріштер бар ма екен деген сұрақ болады.

Базарлардағы әр нәрсеге қызыққыш әрі білімқұмар саудагерлер біздің Қазақиядан келгенімізді естіп, ерекше толқыныспен: «Биберс, өз-Захирия» деп, бізді саусақтарымен түрте береді, тап бір өздерінің «Егер жер бетінде зұлымдық күштері бас көтерсе, онда Бейбарыс өз-Захирия қайта келеді де, әділеттілік орнатады» дейтін халықтық аңызы қайта жаңғырып, армандары орындалатындай көреді.

О первом Египетском мамлюкском правителе из рода Берш султана Бейбарсе написано уже немало исторических и литературных произведений, статей. Величественная личность и громкая слава его затмили собой другие имена и деяния достойнейших мамелюков, выходцев из тюркских, кавказских, монгольских и других этнических племён Причерноморья, Прикаспия, территории нынешней Украины, султанов и эмиров Египта, Сирии, Ирана, Афганистана, Индии. Кем были эти люди, в чём их исторические заслуги, каковы их деяния? Разве это неинтересно знать каждому из нас и не крайне важно для истории Казахстана, которая, как мы постоянно твердим об этом, творилась не только на территории самого Казахстана?

Кроме того, побывав неоднократно в Египте и пообщавшись с египетскими мамелюковедами, историками-профессорами, я убедился в том, что они, не в пример своим собратьям по профессии из других стран, добросовестно относятся к истории тюрков на их земле, не предпринимают никаких попыток искусственно превратить тюркских султанов, эмиров и мамелюков в арабов или персов, курдов или грузин, или кавказских «черкесов» (абхазов, адыгов, кабардинцев).

Один из первых вопросов, с которым учёные египтяне встречают казахские делегации или группы, прибывающие в Египет, является вопрос, есть ли в их составе Берши. На базарах, любопытные и любознательные торговцы, узнав, что мы приехали из Казахии, возбуждённо тычут в нас пальцами, приговаривая: «Биберс, аз-Захирия», словно ожило и осуществилось их народное поверье, гласящее: «Если на земле силы зла приумножатся, то вновь появится Бейбарс аз-Захирия и установит справедливость».

Дәл осындай әділеттілік орнату Мысырдың ғана емес, сондай-ақ түркілер билеген ортағасырлық көптеген елдердің басқа да сұлтандарының этникалық шығу тегін қайта жаңғыртуды талап етеді.

Егер де біз бір ғана Бейбарыстың есімін, оның этникалық шығу тегін және ұлы істерін қалпына келтірумен шектеліп, тоқмейілсіп қалсақ, онда басқа сұлтандар «иесіз» боп қала береді, сөйтіп оларды сол арада-ақ өзге этникалық құрылымдардың өкілдері иемденуге тырысатыны және өз жеріне тартатыны сөзсіз.

Оған қоса мұндай табанды талпыныстар мен о жар қылықтар қазірдің өзінде жасалып жатыр. Әсіресе, бұл жағынан кавказдық черкестер деп аталатындардың өкілдері тым артық кетуде. Олардың тарихшылары мен жазушыларының кітаптарында, интернет сайттарында мысырлық сұлтандардың барлығын дерлік абхаз-адыг халықтар тобына негізсіз және ешбір дәлелдемесіз тарту талпынысының қатерлі үрдісі қалыптасты.

Бұлардың ішінде **Самир Хотхо** мен **Баджэ Гучипс** асқан пысықтық танытып, тайсалмай отыр.

Олардың біріншісі, бүкіл жазба дереккөздерді, сондай-ақ нақты мәдени-этникалық факторлар мен фактілерді елемей, тіпті «Бейбарыс ешқандай түркі емес, ол адыг» дегенді айтуға дейін дәті барды.

Екіншісі, кавказдық черкестердің Таяу Шығыс елдеріндегі (Мысырды қоспағанда) тарихы нашар зерттелген деп пайымдағанмен де, адыгтардың әлемдік тарихтағы рөлін төбеге көтеру үшін осы елдерге жазбаша жорық жасауға дәл кәзір дайын. Егер де ол өзінің құрғақ қиялымен Иранның, Үндістанның, Ауғанстанның абхаз-адыг текті сұлтандарының ойдан шығарылған тарихына жететін болса, біз таң қалмаймыз.

Установления такой же справедливости требует воссоздание этнической принадлежности других султанов не только Египта, но и массы средневековых стран, где правили турки.

Если мы успокоимся и ограничимся лишь тем, что восстановили имя, этническую принадлежность и деяния одного только Бейбарса, то другие султаны останутся «безхозными», их тут же попытаются присвоить и растащить по своим вотчинам представители других этнических образований.

Тем более такие настойчивые и бесцеремонные попытки предпринимаются. Особенно в этом переусердствовали представители так называемых кавказских черкесов. В книгах их историков и писателей, на интернетовских сайтах установилась тревожная тенденция попыток необоснованного и бездоказательного отнесения почти всех египетских султанов к абхазо-адыгской группе народов.

Наиболее предприимчивы и упорны в этих попытках **Самир Хотхо** и **Баджэ Гучипс**.

Первый из них, игнорируя все письменные источники, а также безусловные культурно-этнические факторы и факты, договорился даже до того, что Бейбарс являлся якобы не турком, а адыгом.

Второй, хотя и утверждает, что история кавказских черкесов в странах Ближнего Востока (исключая Египет) изучена слабо, но уже готов совершить письменный поход и в эти страны, дабы возвеличить роль адыгов в мировой истории. Не удивимся, если он дойдёт в своих фантазиях до истории вымышленных абхазо-адыгских султанов Ирана, Индии, Афганистана.



Ал, біздің отандық қоғамтанушыларымыз, тарихшыларымыз, академиялық мантияға малынған ғылым қайраткерлеріміз олардың иегінің астынан ұлттық тарихи және мәдени қазынамызды талап алып кетіп жатқан кезде қалғып-мүлгіп, есінеп отыр.

Біздің мемлекет қайраткерлеріміз де өздерінің бірінші кезектегі міндеті – қазіргі заманғы Тәуелсіз Қазақстан Республикасының халықаралық мәртебесі мен әлемдік беделін тарихи-мәдени тұрғыда және сол арқылы саяси-экономикалық салада нығайту үшін өз халқының өткен тарихын қайта жаңғырту болып отырған кезде, қалың ұйқыда жатыр.

Міне, мемлекеттік бағдарламаларды, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды, мемлекеттік қаржыландыруды қайда бағыттау керек!

Осы саладағы немқұрайдылық рухани апатқа әкеп соғады. Өзінің өткенін білмейтін және есте сақтамайтын халық (ел) бүгінгі күні мылқауға, соқырға ұқсаса, болашақта есуасқа айналады. Ол өзінің көзінше және көз үшін тықпалап, ми қабы мен оның қыртысына дейін сіңіріп, тарихтың терең қатпарларын жоғалтатын, даму перспективаларының тынысын бітейтіннің бәрін ес-түссіз жұта береді.

Осы мақаланың мақсаты – оқырмандарды Мысыр сұлтандарымен, олардың этникалық шығу тегімен, өмірлерінің жекелеген фактілерімен таныстыру, сондай-ақ, қара ниетті жалған тарихшыларға тойтарыс беру. Біз Бейбарыс Мысырда жалғыз болмағанына, оның жанында достары, серіктері, туыстары, даңқты әмірлер мен сұлтандар болғанына көз жеткізуге тиіспіз.

Наши же отечественные обществоведы, историки, учёные мужи, облачённые в академические мантии, дремлют и зевают тогда, когда из-под их носа уводят национальные исторические и культурные достояния.

Дремлют и наши государственные мужи, тогда как их первостепенная задача – воссоздать былую историю своего народа, дабы укрепить международный статус и мировой престиж современной Независимой Республики Казахстан в историко-культурном плане, а через него и в политико-экономической сфере.

Вот куда необходимо направлять государственные программы, государственные социальные заказы, государственное финансирование!

Безразличие в этой сфере приведёт к духовной катастрофе. Народ (ел, эль) не знающий и не помнящий своего прошлого, подобен глухому и слепому в настоящем, безумному в будущем. Он будет брать бездумно всё, что ему суют в глаза и за глаза, в корки и подкорки мозга, теряющего исторические извилины, закупоривающего поры перспектив развития.

Цель этой статьи – знакомство читателей с султанами Египта, их этнической принадлежностью, отдельными фактами из их жизни, а также дать отпор недобросовестным историкам-врунам. Нам надо убедиться, что Бейбарс был в Египте не одинок, что у него имелись друзья, соратники, родственники, славные эмиры и султаны.



## МЫСЫРЛЫҚ БАХРИ-СҰЛТАНДАР

**1. Шаджар ад-Дурр** (билік еткен жылы – 1250) – мамлюк Айбек өлтірген аюбид-сұлтан Тұран-шахтың әйелі. Ол қыпшақтың Дурут тайпасынан шыққан (орыс жылнамаларында – Тертробичтер, төрт, дөрт, дурут сөзінен; оның бұрмаланған Дурр есімі осыдан шыққан. Дурут тайпасына қазақтың Төртқара тайпасы сәйкес келеді деген ұйғарым бар). Шаджар Айбектің регентшасы болып, Мысырды 80 күн басқарды, содан кейін мамлюктердің қысымымен тақты Айбекке беруге мәжбүр болды, ал оған күйеуге шыққан соң да өзінің саяси ықпалын жоғалта қойған жоқ. Бірақ, билік оған тыным бермеді, сол себепті ол, жалдамалы кісі өлтірушілерді жалдап, сұлтан-күйеуінің өмірін қиды, бұл үшін оны мамлюктер өлім жазасына кесті, бірақ қолдарын былғағысы келмей, әйелдер мен иттерге талауға берді.

**2. Әл-Муизз Иззаддин Айбек ат-Түркмани** (басқарған жылдары: 1250-1257). Оның есімінен көрініп тұрғандай, түркмен болған. Ол билікке келгесін өзі билік құрған Сирияның мамлюктеріне арқа сүйеп, өз әкесінің гвардиясына, мысырлық мамлюктерге зықым көрсеткені үшін Тұран-шахты өлтірді.

**3. Әл-Мансур Нураддин Әли І-ші** (1257-1259). Айбектің ұлы. Мамлюктер өлтірген.

**4. Әл-Мұзаффар Сайфаддин Құтыз әл-Муиззи** (1259-1260). Құтыз бар болғаны бір жыл билік құрды, бірақ ол тарих анналдарында нақ түркі ретінде аты қалды. Оның есімінің өзі – дәстүрлі түркілік есім. Оның негізінде құт, көт (фаллос, игілік) сөзі жатыр. Дәл осы негіздес есімдер кең таралған: **Көтен** (қыпшақ ханы), **Құташық** (оның есімін белгілі саяхатшы А.Никитин орысша мәнермен, бірақ қате жазған: Кот Ачук), **Көтібар** (қазақ батырлары Есет пен Бекеттің әкесі), **Кутузов** (фельдмаршал) және т.б.

## ЕГИПЕТСКИЕ СУЛТАНЫ-БАХРИ

**1. Шаджар ад-Дурр** (год правления – 1250) – жена султана-аюбида Туран-шаха, убитого мамлюком Айбеком. Она была из кипчакского племени Дурут (в русских летописях – Тертробичи, от слова төрт, дөрт, дурут – четыре; отсюда её искажённое имя Дурр. Есть предположение, что племени Дурут соответствует казахское племя Төртқара). Шаджар, став регентшей Айбека, правила Египтом 80 дней, а затем под давлением мамлюков вынуждена была уступить трон Айбеку, а, выйдя замуж за него, не потеряла своего политического влияния. Но власть ей не давала покоя, поэтому она, наняв наёмных убийц, лишили жизни мужа-султана, за что её мамлюки приговорили к смерти, но марасть об неё руки не стали, а отдали на растерзание женщинам и собакам.

**2. Ал-Муизз Иззаддин Айбек ат-Түркмани** (годы правления: 1250-1257). Как видно из его имени, был туркменом. Туран-шаха он убил за то, что тот, придя к власти, стал опираться на мамлюков Сирии, где он был правителем, притесняя при этом гвардию своего отца, египетских мамлюков.

**3. Ал-Мансур Нураддин Али І** (1257–1259). Сын Айбека. Был убит мамлюками.

**4. Ал-Музаффар Сайфаддин Кутуз ал-Муиззи** (1259 – 1260). Кутуз правил всего лишь год, но он остался в исторических анналах именно как тюрок. Само имя его – традиционно тюркское. В основе его лежит слово кут, кёт (фаллос, благо). Имена с этой основой широко распространены: **Котен** («задница», кипчакский хан), **Куташук** – («срамное место открыто», его имя известный путешественник А. Никитин записал на русский лад, но неверно: Кот Ачук), **Котибар** (отец казахских батыров Есета и Бекета), **Кутузов** (фельдмаршал) и т.д.

**5. Бейбарыс (1260-1277).** Беріштерден шыққан бірінші сұлтан. Бейбарыстың Мысырда жалғыз болмағанын көпшілік біле бермейді. Тарихшы Макризи былай дейді: *«Бейбарыс Қыпшақияда Солхат қаласында туған, оның бауыры Салмиш те, сұлтан Қалауын да сол жақтан шыққан».*

Алайда, басқа тарихшылар анықтағандай, Бейбарыс Солхатта (Қырымдағы Судак қ.) туған жоқ, керісінше, моңғолдардың тықсыруымен Каспий жағалауынан Қырымға орын ауыстырған қыпшақтардың Беріш руының бір бөлігін өз территориясына өткізіп жіберуге және жер үлесін беруге уәде еткен, бірақ мұның орнына оларға опасыздықпен шабуыл жасап, біреулерінің көзін жойып, қалғандарын құлдыққа сатқан болгар ханы Анардың сатқындығы нәтижесінде тұтқынға түскен.

Осылайша, Макризи өзінің объективтілігімен қоса адал ниетті әрі педант тарихшы атағына ие бола тұра, Бейбарыстың туған жерін тұтқындалған жерімен қатар қойды. Бірақ біз үшін бағалысы басқа жайт, яғни нақ осы Макризи оның Салмиш есімді бауырының бар екендігін айтқаны, ол Бейбарыспен және Қалауынмен бірге мамлюктік Мысырға тап болған.

Бейбарыстың 7 қызы мен 5 ұлы болғаны туралы мәліметтер де өте қызықты факті деп ойлаймыз: Саид, Саламыш және Нажаддин Хадзыр (қалған екеуі сәби кезінде өлген). Бейбарыс тірі кезінде нақ осы кіші ұлын өзінің мұрагері ретінде көргісі келген. Өйткені, ол мінезі жағынан нәзік әрі жасқаншақ үлкен ұлдарына қарағанда Бейбарыстың өзіне барынша ұқсас болған тәрізді.

5. Бейбарс (1260-1277). Первый султан из бершей. Мало кто знает, что Бейбарс в Египте был не одинок. Историк Макризи сообщал: *«Бейбарс родился в Кипчакии в городе Солхат, оттуда же родом был его брат Салмиш, и султан Калаун».*

Но, как уточнили другие историки, Бейбарс в Солхате (г. Судак в Крыму) не родился, а был пленён в результате предательства болгарского хана Анара, обещавшего переправить некоторую часть кипчаков из рода Берш, под натиском монголов переместившуюся с Прикаспия в Крым, на свою территорию и предоставить им земельные наделы, но вместо этого вероломно напал на них, уничтожая одних и продавая в рабство других.

Таким образом, Макризи при всей своей объективности и славе добросовестного и педантичного историка, место рождения Бейбарса отождествил с местом пленения. Но ценно для нас другое, а именно то, что Макризи констатирует наличие его брата по имени Салмиш, который вместе с Бейбарсом и Калауном попал в мамлюкский Египет.

Думается, не менее интересным фактом являются и сведения о том, что у Бейбарса было 7 дочерей и 5 сыновей: Саид, Саламыш и Нажаддин Хадзыр ( двое других умерли в младенчестве). При жизни Бейбарс хотел видеть своим наследником именно младшего сына. Наверное, потому, что он был более похож по характеру на самого Бейбарса, чем изнеженные и робкие старшие сыновья.

**6. Саид Мұхаммед Насираддин Берке-хан** (1277-1279). Бейбарыстың ұлы, Беркехан атты хорезмдіктің қызы Аслун-хатуннан (оны Алтын Орда ханы Беркенің қызы деп қателеседі) шамамен 1263-1264 жж. туған. Міне, оның есіміндегі қосымша осыдан шыққан. Нашағы атасының құрметіне қойылғаны сөзсіз. Жас сұлтан бар болғаны екі жыл билік құрды. Араб тарихшысы Кутубиге сілтеме жасаған Бартольдтің сөзі бойынша, «1279 жылдың сәуірінде жас сұлтан өзінің анасы, Беркеханның қызымен бірге Дамаскіге келеді. Содан көп ұзамай Сирияда көтеріліс бұрқ етті; сұлтан өзінің анасын бүлікшілерді үгіттеуге жұмсайды; ол жақындаған кезде мырзалар оның алдынан шығып қарсы алады, әдет-ғұрып бойынша оның зембілінің алдындағы жерді өбеді және қашырлардың тұяқтарының астына мата төсейді. Патшайымның нөкерлерінің кесірінен, келіссөздер сәтсіз аяқталған; сұлтан анасын Карак бекінісіне жібереді және кейінірек өзі де сол жаққа жер аударылады. Кутубидің сөзінше, ол жомарттығымен, қайырымдылығымен ерекшеленетін және зұлымдыққа қас болды; оның жомарттығы Каракта да көзге түсті, бұл оның билікті қолына алған қайын атасы Қалауынның күдігін туғызды. 1280 жылдың наурызында сұлтан өлді, және де, оған Қалауынның бұйрығы бойынша у берілген деген жорамал бар; оның әйелі Ғазия-хатун, Қалауынның қызы, өмірінің соңына дейін күйеуін жоқтап өтті (ол 1288 жылға дейін өмір сүрді). 1281 ж. сұлтанның анасы ұлының денесін Дамаскіге алып келді, мұнда ол Бейбарыстың кесенесінде жерленді.

**6. Саид Мухаммед Насираддин Берке-хан** (1277-79). Сын Бейбарса, был рождён от Аслун-хатун, дочери хорезмийца по имени Беркехан (её ошибочно считали дочерью Золотоордынского хана Берке) примерно в 1263-1264 гг. Вот откуда его имя-приставка. Разумеется, в честь деда по материнской линии. Правил молодой султан лишь два года. По словам Бартольда, ссылавшегося на арабского историка Кутуби, в «апреле 1279 года молодой султан вместе со своей матерью, дочерью Берке-хана, прибыл в Дамаск. Вскоре после этого в Сирии произошло восстание; султан послал свою мать уговаривать мятежников; при её приближении вельможи вышли ей навстречу, поцеловали землю перед её носилками и разложили под копытами мулов ткани, согласно обычаю. Переговоры, по вине приближённых царицы, кончились безуспешно; султан отправил свою мать в крепость Карак и потом сам был сослан туда же. По словам Кутуби, он отличался щедростью и милосердием и был чужд жестокости; его щедрость проявилась и в Караке, что вызвало подозрение его тестя Калауна, к которому перешла власть. В марте 1280 г. султан умер, причем полагали, что он был отправлен по приказу Калауна; его жена Газия-хатун, дочь Калауна, не переставала плакать о нём до своей смерти (она прожила до 1288 г.) В 1281 г. мать султана привезла тело своего сына в Дамаск, где оно было похоронено в мавзолее Бейбарса».



**7. Әл-Әділ Бедраддин Саламыш (1279).** Бейбарыстың баласы, 3 ай ғана билік құрды.

**7. Ал-Адил Бедраддин Саламыш (1279).** Сын Бейбарса, правил всего 3 месяца.

**8. Қалауын (1279-1290).** Бейбарыстың серігі, досы әрі туысы, Мысырды бір ғасырға жуық билеген әулеттің негізін салушы, бұл мамелюктер тарихындағы айрықша оқиға болды. Тарихшы әл-Айнидің куәландыруы бойынша, Қалауын Бейбарыс тәрізді, Беріш руынан шыққан қыпшақ болатын. Оның қыпшақ даласынан келгенін Макризи де жазады, оған қоса, ол өз мәліметтерін барынша нақты фактілермен дәлдей түседі. Міне, Макризидің сипаттауынша, Қалауын кең иықты, мойыны қысқа, бірақ мығым денелі сымбатты жігіт болған. Ол түркі тілінің қыпшақ диалектінде сөйлеген, араб тілін мүлдем дерлік меңгермеген. Тағы бір тарихшы ибн Батутаның жазғанындай, Қалауын, құл болған кезінде 1000 алтын динарға сатылған, осы үшін оған «Мыңдық адам» деген лақап ат берген. Ол сондай-ақ өзінің көптеген ірі істерімен атағы шыққан. Шеркеш полктарын құрған сол болатын. Сұлтан болған кезінде, өз қаражатына өзінің отаны Солхат қаласында (Судак) мешіт салдырған, сонымен бірге, өте көп соғысқан және көптеген елдер мен халықтарды бағындырған.

**8. Калаун (1279-1290).** Соратник, друг и родственник Бейбарса, основоположник династии, которая правила Египтом почти целый век, что явилось выдающимся исключением в истории мамелюкства. По свидетельству историка аль-Айни, Калаун, как и Бейбарс, был кипчаком из рода Берш. То, что он был из кипчакских степей, сообщает и Макризи, более того, он уточняет свои сведения более конкретными фактами. Так, по описаниям Макризи, Калаун был широкоплечим красавцем, с короткой, но мощной шеей. Он говорил на кипчакском диалекте тюркского языка, почти совсем не владел арабским языком. Другой историк ибн Батута, писал, что Калаун, будучи рабом, был продан за 1000 золотых динаров, за что ему дали кличку «Человек-тысяча». Известен он также многими своими делами. Он явился тем, кто формировал шеркешские полки. Будучи султаном, построил на свои средства мечеть на своей родине в г. Солхате (Судак), а также тем, что очень много воевал и покорил несметное количество народов и стран.

**9. Әл-Ашраф Халил** (1290-1293). Қалауынның ұлы, оны Лашын өлтірген.

**10. Байдара** (1293). Қалауынның ұлы. Белгісіз жағдайларда өлген.

**11.1. Ан-Насир Мұхаммед** (1294-1295 – оның бірінші билік еткен жылдары). Қалауынның 4-ші ұлы, 42 жыл билеген, оның ішінде бірнеше рет біраз уақытқа биліктен айрылған.

**12. Кетбұға** (1295-1296). 1303 жылы өлген. Оның этникалық шығу тегі анықталмаған, дегенмен кейбір тарихшылар оны моңғолдарға жатқызады. Ол 1260 жылдың 10 желтоқсанында 15 жасында Хомса тұсындағы шайқаста, яғни, Құлағу хан ұрысқа жаңа күштер төгіп, қауіптің бетін бұрғысы келгені және де атақты қолбасшы Кетбұға басқарған және сол жылдың 3 қыркүйегінде Құтыз бен Бейбарыс талқандаған «моңғол әскерінің» (бірақ өңкей түркі-наймандардан құралған) бірінші жеңілісі үшін реванш алғысы келген кезде тұтқынға алынғаны белгілі.

Ол тұтқындалған сәтте оның аттасы үлкен Кетбұғаны Құтыз жазалаған болатын. Бір қызығы, билік үшін күресте кіші Кетбұғаның кандидатурасын бахри-беріштер қолдайды, мұның өзі тарихшыларды оны үзілді-кесілді моңғолға жатқызудан сақтандыруы тиіс, себебі оның түркіше есімі наймандарда ғана кең таралмағаны мәлім. 1296 жылы бұл сұлтан моңғол-босқындардың көсемі ильхан Газанды қабылдады, оларға Палестинаның жағалау аудандарынан жер берді, бірақ бұл фактіні билік үшін күресте жаңа одақтастар табудың талпынысы деп бағалауға да болады. Онда да сол босқындардың өздері тек моңғолдар емес, сонымен бірге түркілер де болатын. Ол билікке келген заматта мамлюк-буржиттер сұлтан лауазымына өз кандидатурасын – **Санжар ас-Суджаиды** ұсынды. Бірақ оны Кетбұғаның жақтастары өлтірді.

**9. Аль-Ашраф Халил** (1290-1293). Сын Калауна, его убил Лашын.

**10. Байдара** (1293). Сын Калауна. Умер при невыясненных обстоятельствах.

**11.1. Ан-Насир Мухаммед** (1294-1295 – год его первого правления). 4-тый сын Калауна, правил 42 года, из них непродолжительное время лишался власти несколько раз.

**12. Китбуга** (1295-1296). Умер в 1303 году. Этническая принадлежность его не установлена, хотя некоторые историки относят его к монголам.

Известно, он был взят в плен в возрасте 15 лет в битве при Хомсе 10 декабря 1260, когда хан Кулагу хотел спасти положение, бросив в битву новые силы, и взять реванш за первое поражение «монгольского войска» (но состоящего сплошь из тюрков-найманов), возглавлявшегося знаменитым военачальником Китбугой и разбитого 3 сентября того же года Кутузом и Бейбарсом.

К моменту пленения его тезка Китбуга-старший был уже казнён Кутузом. Что интересно, в борьбе за власть кандидатуру Китбуги-младшего поддерживали берши-бахриты, что должно настораживать историков от безапелляционного причисления его к монголам, поскольку имя его тюркское, очень распространённое не только у найманов. В 1296 году этот султан принимал вожаков «монголов»-беженцев ильхана Газана, предоставил им земли в прибрежных районах Палестины, но этот факт можно расценивать как попытку приобретения новых союзников в борьбе за власть. Да и сами те беженцы были не только монголами, но и тюрками. К моменту его прихода к власти мамлюки-бурджиты выдвинули свою кандидатуру на пост султана – **Санжара ас-Суджаи**. Но его убили сторонники Китбуги.

**13. Лашын (1296-1299).** Лашын, - қыран құс (түркіше). Қалауын құрған шеркеш полктары арасынан ұсынылған аса көрнекті әскербасы. Осы фактінің өзі Қалауынның «шеркеш полктары» құрамына, ең алдымен, түркі-қыпшақ, ал қазіргі қазақтың Шеркеш руының өкілдерін қамтығанын білдіреді (Черкеш, Черкес). Бұл полктарда басқа да этникалық қауымдастықтар (адыг, кабарда, грузиндер, славяндар, гректер) болғанын жоққа шығармаймыз. Бірақ сұлтанның тағына түркілер көбірек қол жеткізді. Қалауынның шеркештерге «құмарлығын» оның туыстарының біреуі (мысалы, анасы, әйелі) осы рудан шығуы мүмкін екендігімен түсіндіруге болады. Қресшілермен болған соғыстағы ұлы жеңістерден кейінгі тыныштық кезеңінде Лашын билік үшін күреске түсті, сөйтіп Қалауынның ұлы Халилды өлтірді. Осыдан кейін ол Каирдегі ибн-Тулун мешітінде (Саладин рабатынан төменде) жасырынуға мәжбүр болды. 1296 жылдың қарашасында ол тағы да тағдырын сынап көрмекке бекінді және Кетбұға сұлтанды өлтіруге ниеттенді, бірақ анау Дамаскіге қашып кетті. Тақ босады, сөйтіп оған Лашын отырды. Ол намаз оқып жатқан кезінде өлтірілгенге дейін үш жылдай ғана билік құрды. Оны өлтіруді ұйымдастырушы әрі қатысушы мамлюк Бастай болған. Осындай қысқа мерзім басқарса да Лашын Саладиннің өзі тағайындап кеткен кірістердің бөлінуін өзгерту жөніндегі экономикалық реформаларды іске асырып үлгерді.

**11.2. Насыр, Қалауынның ұлы (1299-1309 – билікке екінші рет келген жылдары).**

**14. Бейбарыс Жахангер (1309-1310).** Оның рулық шығу тегі анық емес, бірақ оның түркі екендігі күмәнсіз. Тарих анналдарынан біз Бейбарыс есімді 11 мамлюкті табамыз, олардың екеуі – кестеде келтірілген сұлтандар. Олардың бәрі түркі-қыпшақ болған.

**11.3. Насыр, Қалауынның ұлы (1310-1340 – билігінің соңғы жылдары).**

**13. Лашын (1296-1299).** Лашын, - сокол-сапсан (тюркс). Выдающийся военачальник, выдвинувшийся из среды шеркешских полков, сформированных Калауном. Уже этот факт говорит о том, что эти «черкесские полки» Калауна включали в себя, прежде всего, представителей тюрко-кипчакского, а ныне казахского рода Шеркеш (Черкеш, Черкес). Не будем отрицать того, что в этих полках наличествовали и другие этнические сообщества (адыги, кабарда, грузины, славяне, греки). Но к трону султана большей частью пробивались турки. «Пристрастие» Калауна к шеркешам может быть объяснено тем, что кто-то из его родственников (например, мать, жена) могли принадлежать этому роду. Во время затишья после великих побед над крестоносцами Лашын вступил в борьбу за власть, убив при этом сына Калауна Халила. После чего был вынужден скрываться в мечети ибн-Тулуна в Каире (внизу цитадели Саладина). В ноябре 1296 года он снова решил испытать судьбу и вознамерился убить султана Китбугу, но тот бежал в Дамаск. Трон освободился, и Лашын воссел на него. Лишь около трёх лет он правил, пока не был убит во время молитвы. Инициатором и участником его убийства был мамлюк Бастай. За столь непродолжительный срок правления Лашын успел провести экономические реформы по изменению распределения доходов, установленного ещё самим Саладином.

**11.2. Насыр, сын Калауна (1299-1309 – годы второго прихода к власти).**

**14. Бейбарс Жахангир (1309-1310).** Родовая принадлежность его неясна, но то, что он тюрк – несомненно. В исторических анналах мы находим 11 мамлюков по имени Бейбарс, из них – двоих султанов, приведённых в таблице. Все они были тюрками-кипчаками.

**11.3. Насыр, сын Калауна (1310- 1340 – окончательные годы правления).**

**15. Әбу Бәкір** (1340-1341). Насырдың ұлы.

**16. Шибабидин** (1342). Насырдың ұлы.

**17. Исмаил** (1342-1345). Насырдың ұлы.

**18. Шабан-1** (1345-1346). Насырдың ұлы.

**19. Хаджи-1** (1346-1347). Насырдың ұлы.

**20.1. Хасан** (1347-1351). Насырдың ұлы.

**21. Салих** (1351-1354). Насырдың ұлы.

**20.2. Тағы да Хасан** (1354-1361). Насырдың ұлы.

**22. Әл-Мансур Салахиддин Мұхаммад** (1361-1363). 1-Хаджидің ұлы, Насырдың немересі.

**23. Шабан-2** (1363-1376). Насырдың немересі. Оның тұсында 1375 жылы мысырлық мамлюктер Киликиялық армян патшалығының астанасы – Сис таулы бекінісін алып, оның өмір сүруін тоқтатты. Киликия Мысырға қосылды.

**24. Әл-Мансур Аладдин Әли** (1376-1379). 2-Шабанның ұлы, Насырдың шөбересі.

**25. Хаджи-2** (1379-1382). 2-Шабанның ұлы, Насырдың шөбересі.

**Түйін:** бахрит-сұлтандар (негізінен түркі-қыпшақтар болған) Мысырды 137 жыл биледі, оның ішінде 122 жыл – беріштер билегені даусыз шындық (Бейбарыс пен оның ұлдары – 19 жыл, Қалауын, оның ұлдары, немерелері, шөберелері мен неменелері – 98 жыл). Беріштердің үстемдігі тұсында рулық шығу тегі анықталмаған сұлтандардың билік құру үлесі, - 5 жыл.

*Тарихнама бойынша, бахрит-сұлтандардан кейінгі келесі «әулет» буржит-сұлтандар болды. Бұлайша бөлудің өзі, атақты тарихшы Босворд жазғандай, жасанды болып табылады.*

**15. Абу Бакр** (1340-1341). Сын Насыра

**16. Шибабидин** (1342). Сын Насыра.

**17. Исмаил** (1342-1345). Сын Насыра.

**18. Шабан-1** (1345-1346). Сын Насыра.

**19. Хаджи-1** (1346-1347). Сын Насыра.

**20.1. Хасан** (1347-1351). Сын Насыра.

**21. Салих** (1351-1354). Сын Насыра.

**20.2. Снова Хасан** (1354-1361). Сын Насыра.

**22. Аль Мансур Салахиддин Мухаммад** (1361-63) Сын Хаджи-1, внук Насыра.

**23. Шабан-2** (1363-1376). Внук Насыра. При нём в 1375 году египетские мамлюки покончили с существованием Киликийского армянского царства, взяв его столицу – горную крепость Сис. Киликия была присоединена к Египту.

**24. Аль Мансур Аладдин Али** (1376-1379). Сын Шабана-2, правнук Насыра.

**25. Хаджи-2** (1379-1382). Сын Шабана-2, правнук Насыра.

**Выводы:** султаны-бахриты (в основном были тюрками-кипчаками) правили Египтом 137 лет, из них 122 года, безусловно, - берши (Бейбарс и его сыновья – 19 лет, Калаун, его сыновья, внуки, правнуки и праправнуки – 98 лет). Доля правления султанов неустановленных родовых принадлежностей, во время господства бершей, - 5 лет.

*Следующей, как утвердилось в историографии, за султанами-бахритами была «династия» султанов-бурджитов. Само это деление, как писал знаменитый историк Босворд, является искусственным.*

Біріншіден, егер де бахри-сұлтандарды біз негізінен шын мәнінде династия (Бейбарыс ұрпақтары мен қалаунидтер немесе беріш-қыпшақтар) деп атай алатынымыз рас болса, ал енді буржиттер династия бола алмайтыны анық (Анас мамлюктің отбасынан, оның ұлы Баркук пен немересі Фарагтан басқасы).

Екіншіден, буржиттердің этникалық құрамын анық ажыратып алмай, оларды жасанды түрде черкестер деп атады, оған қоса, олар әртүрлі тайпалардың және халықтардың: гректер, славяндар, моңғолдар, арабтар, парсылар, күрдтердің, бірақ дегенмен, көп бөлігі кавказдықтардың: грузин, адыг, осетиндердің және т.б. өкілдері болғанын айтады.

Осындай жауапсыз тұжырымның салдарынан үлкен былық басталды, оның бастауында түркілердің өздері тұрды. Бұл түйінді шешу ақылға сыймастай қиын екені рас, бірақ оны істеу керек, себебі дүниеге тағы да мамлюктер тарихының жалған сипаттамалары келуде, енді олар мамлюктерді тұтастай адыгтер мен кабардиндерге айналдырғысы келеді. Сол себепті бізге, ұлы түркі өркениетінің мұрагерлеріне, қазір қалғып-мүлгуге де, ашықауыздануға да болмайды.

Действительно, во-первых, если султанов-бахри мы большей частью можем назвать на самом деле династией (бейбарсидов и калаунидов или бершей-кипчаков), то бурджиты уже не являются династией (кроме семьи мамлюка Анаса, его сына Баркука и внука Фарага).

Во-вторых, не разобравшись с этническим составом бурджитов, их искусственно назвали черкесами, добавляя при этом, что они были представителями разных племён и народов: тюрков, греков, славян, монголов, арабов, персов, курдов, но всё же большей частью кавказцев: грузин, адыгов, осетин и т.д.

Из-за этого безответственного установления и началась великая путаница, в истоке которой стояли сами тюрки. Распутать этот клубок невероятно трудно, но делать это надо, ибо на свет родились новые лживые описания истории мамлюков, которых уже полностью хотят сделать адыгами и кабардинцами. Поэтому нам, наследникам великой тюркской цивилизации, сейчас нельзя ни спать, ни зевать.



## МЫСЫРЛЫҚ БУРЖИТ-СҰЛТАНДАР

**1. Өз-Закир Сайфиддин Баркук (1382-1399).** Кейбір мәліметтерге қарағанда – **Буркак, Бурхак.** Билікке Александрияда өзінің досы, қалаунидтердің аса қуатты регенті және сұлтан тағына нағыз үміткер **Берчені** сатқындықпен өлтірудің нәтижесінде келді. Оған да қарсы қастандықтар жасалған, солардың біріне әмір Әлибай қатысты. Мысырда Баркуктің туыстарының тұтас бір кланы болды: әкесі – **Анас**, әмір **Актуп Ашрафи**, мамлюк **Бердібек Тавил.** Оның туыстарының есімдері – түркіше, дегенмен, кейбір мәліметтерде Баркуктің әкесі Анас – Қырымның тумасы делінеді, ол Мысырға түркі тілін білмей келген-міс. Бұлай болуы мүмкін емес, себебі сол кезеңдегі Қырымның ресми тілі түркі тілі болатын, оның тұрғындарының басым көпшілігі түркілер еді. Мысалы, орыс тілін білмей Ресейде өмір сүруге бола ма? Анас есімі түрікшеден «шебер» деп аударылады. Оған қоса, Анас Бейбарыспен өте жақын болған, онымен Құтыз сұлтанға қарсы жасалған қастандыққа және оны өлтіруге бірге қатысты. Барқұқ, Бұрхақ, Бұрқақ есімдері де түркіше. Барқұқ: бар (бай) + құқ (суффикс). Салыстыруға болатын модельді есімдер: Тонькөк, Баржқұқ, Бұзрұқ және т.с.с....

**2.1. Ән-Насыр Насыриддин Фараг (1399-1405).** Барқұқтың ұлы, кейбір жерде Фарадж деп шығады. Оның есімін Барақ (тазы ит) деп оқуға да болады. Бұл оның билікке бірінші келуі.

**3. Әл-Мансур Изиддин Әбді Әзиз (1405).**

**2.2. Ән-Насыр Насыриддин Фараг (1405-1412).** Соңғы басқаруы.

**4. Әл-Муаед Сайфиддин шейх (1412-1421).**

## ЕГИПЕТСКИЕ СУЛТАНЫ-БУРДЖИТЫ

**1. Аз-Закир Сайфиддин Баркук (1382-1399).** По некоторым сведениям – **Буркак, Бурхак.** Пришёл к власти в результате предательского убийства в Александрии своего друга **Берче**, могущественного регента калаунидов и самого реального претендента на султанский трон. Против него тоже устраивались заговоры, в одном из которых участвовал эмир Алибай. У Баркука в Египте был целый клан родственников: отец – **Анас**, эмир **Актуп Ашрафи**, мамлюк **Бердибек Тавил.** Имена его родственников – тюркские, хотя в некоторых сведениях утверждается, что отец Баркука Анас - выходец из Крыма, который попал в Египет, не зная тюркского языка. Этого не может быть, поскольку официальным языком Крыма того времени был тюркский язык, население его в подавляющем большинстве было тюркским. Разве можно, например, жить в России, не зная русского языка? Имя Анас с тюркского переводится как «Искусный». Кроме того, Анас был очень близок с Бейбарсом, участвовал вместе с ним в заговоре и убийстве султана Кутуза. Имена Баркук, Бурхак, Буркак – тоже тюркские. Баркук: бар (богатый) + кук (суффикс). Для сравнения модельные имена: Тоньюкук, Барджук, Бузрук и т.п.

**2.1. Ан-Насыр Насыриддин Фараг (1399-1405).** Сын Баркука, кое-где выступает как Фарадж. Его имя можно прочесть и как Барак (гончая собака). Это первый его приход к власти.

**3. Аль-Мансур Иззиддин Абди Азиз (1405)**

**2.2. Ан-Насыр Насыриддин Фараг (1405-1412)** Окончательное правление.

**4. Аль-Муаед Сайфиддин Шейх (1412-1421).**

**5. Татар (1421).** Бар болғаны 3 ай билік құрды, өлтірілді. Бала сұлтан Ахмедке атабек (қорғаншы, қамқоршы) болған кезінде тақ үшін күреске түсті. Бұл күресте таққа тағы бір үміткер – Ахмедтің регенті Алтынбұға да өлтірілді. Сұлтан тағына отырған соң, Татар сұлтан Муаедтің бүкіл тұқым-тұқиянын өлтірді, бірақ өзі де көп ұзамай өз құрбандарының артынан кетті.

**6. Әл-Музаффар Ахмед (1421-1422).** Муаедтің ұлы. 1,5 жасында сұлтан деп жарияланды.

**7. Салих Насираддин Мұхаммед (1422).** Бала сұлтан болды, оған атабек Жәнібек қамқоршылық жасады.

**8. Барысбай (1422-1437).** Алдымен қарапайым ұста болған. Шайқастарда көзге түсіп, мансапқа бет бұрды. Әмір лауазымына дейін өсті, сұлтан сарайының басқарушысы, содан кейін сұлтан болды. Барысбай атабек (регент) Жәнібекпен тақ үшін тартыста оны және басқа да бүкіл бәсекелестерін қанға бөктірді.

1426 жылы ол Кипрге үлкен күш түсіріп, кипрлік корольді тұтқынға алды, оны Мысыр сұлтанының вассалымын деп мойындауға және өзіне алым-салық төлеуге мәжбүрледі. 1431 ж. ол Кафа әкімшілігімен осы қалада сатып алынған құлдарды баж салығынсыз сыртқа шығару туралы келісімшарт жасады. Бұл істерде генуялық Джентиле Империял оның агенті болды.

**9. Әл-Әзиз Жамалиддин Юсуф (1437-1438).**

**10. Әз-Захир Сайфиддин Жакмак (1438-1453)**

**11. Әл-Мансур Усман (1453).**

**12. Әл-Ашраф Сайфиддин Инал (1453-1461).**

**13. Әл-Муаед Шихабиддин Ахмад (1461).**

**14. Әз-Захир Кушкадам (1461-1467).**

**15. Әз-Захир Сайфиддин Билбай (1467).**

**5. Татар (1421).** Правил всего лишь 3 месяца, был убит. Приступил к борьбе за трон, будучи атабеком (попечителем, опекуном) малолетнего султана Ахмеда. В этой борьбе был убит ещё один претендент на трон – регент Ахмеда Алтынбуга. Сев на султанский престол, Татар вырезал весь род султана Муаеда, но сам ненадолго пережил своих жертв.

**6. Аль-Музаффар Ахмед (1421-1422)** Сын Муаеда, объявлен султаном в 1,5 года.

**7. Салих Насираддин Мухаммед (1422).** Был малолетним султаном, поскольку его опекал и попечительствовал над ним атабек Жанибек.

**8. Барсбай (1422-1437)** Был сначала простым кузнецом. Отличившись в сражениях, стал делать карьеру. Дорос до должности эмира, управляющего султанским двором, а затем и султана. Барсбай в схватке за трон с атабеком (регентом) Жанибеком, его и всех остальных конкурентов, утопил в крови.

В 1426 году он высадил на Кипре крупные силы, взял в плен кипрского короля, заставив его признать себя вассалом султана Египта и платить ему дань. В 1431 г. он заключил с администрацией Кафы договор о беспошлинном вывозе невольников, купленных в этом городе. Его агентом в этом деле был генуэзец Джентиле Империял.

**9. Аль-Азиз Джамалиддин Юсуф(1437-1438).**

**10.Аз-ЗахирСайфиддинДжакмак(1438-1453).**

**11 Аль-Мансур Усман(1453)**

**12 Аль-Ашраф Сайфиддин Инал(1453-1461).**

**13 Аль-Муаед Шихабиддин Ахмад(1461).**

**14 Аз-Захир Кушкадам(1461-1467)**

**15 Аз-Захир Сайфиддин Бильбай(1467)**

**16. Әз-Захир Тимбұға** (1467-1468). Мосқал тартқан жасында сұлтан болды, жоғары білімді, бірақ саяси күресте әлсіз. Қайтбай оның көзін ешбір қиындықсыз жойды.

**17. Әл-Ашраф Сайфиддин Қайтбай** (1468-1496). Мысырға бала кезінде келіп, бір сұлтанға сатылған. Александрияда әлемнің 7 кереметінің бірі, жер сілкінісінен қираған Александрия шамшырағының орнынан 2 керемет, ғаламат зор мешіт пен форт салды. Осы фортты көрген куәгер ретінде айтарым, бұл – тамаша құрылыс.

Сұлтан-буржиттердің ішінде ол ептілігі, айлакерлігі мен өз айналасына қорқыныш ұялатуы есебінен ең ұзақ басқарды. Әпербақан мінезімен ерекшеленді. Бірде ол атақты алхимик Әли ибн әл-Маршуридің қорғасынды алтынға айналдыру міндетін орындай алмағаны үшін ғана көзін ойып, тілін жұлып алды. Тағы бір қылығы: Тимбұға сұлтанның көзінше оның бас кеңесшісін сабап тастады.

Қайтбай осман түріктерімен соғыс өртін тұтандырды, бұл өзінің пассионарлығын жоғалтқан этнос үшін өлімші қарекет болып шықты. Әрі қарай біз оның түркілік этникалық шығу тегін толық сеніммен дәлелдей алатынымызды көреміз, оның үстіне, - ол бұрынғы түркі және қазіргі қазақтың шеркеш тайпасының өкілі. Есте қаларлығы, оны Мысырда дәл осылай Қайтбай деп атайды: (мысалы, Қайтбай форты, Қайтбай мешіті).

**18. Ән-Насыр Мұхаммад** (1496-1498).

**19. Әз-Захир Кансух** (1498-1500). Кансух есімді 2 сұлтан болған (арабтар олардың есімдерін Кансава, Кансу деп жазады). Мысыр тарихшысы Сальман Селим Сальман бойынша – Кансава (яғни, түрікше – Қансабай).

**16. Аз-Захир Тимбуга** (1467-1468). Стал султаном в преклонном возрасте, был высокообразован, но слаб в политической борьбе. Его без всяких трудностей устранил Кайтбай.

**17. Аль-Ашраф Сайфиддин Каитбай** (1468-1496). Попал в Египет ещё мальчиком, был продан какому-то султану. Построил 2 великолепные, грандиозные мечети и форт в Александрии на месте одного из 7 чудес света, Александрийского маяка, рухнувшего от землетрясения. Как свидетель, видевший этот форт, утверждаю – это великолепнейшее сооружение.

Из султанов-бурджитов он правил дольше всех за счёт изворотливости, хитроумия и насаждаемого им вокруг себя страха. Отличался крутым нравом. Однажды он вырвал язык и выдавил глаза знаменитого алхимика Али ибн аль-Маршури только за то, что он не справился с задачей превращения свинца в золото. Другая его выходка: в присутствии султана Тимбуги выпорол его главного советника.

Кайтбай развязал войну с османскими турками, что оказалось смертельным занятием для теряющего свою пассионарность этноса. Далее мы увидим, что с полной уверенностью можем утверждать его тюркское этническое происхождение, более того, - что он представитель бывшего тюркского и нынешнего казахского племени Шеркеш. Примечательно, что в Египте его так и зовут: Кайтбай (Например, форт Кайтбая, мечеть Кайтбая).

**18. Ан-Насыр Мухаммад** (1496-1498).

**19. Аз-Захир Кансух** (1498-1500). Под именем Кансух было 2 султана. (арабы пишут их имена – Кансава, Кансу). У египетского историка Сальмана Селима Сальмана) - Кансава (то есть по-тюркски - Кансабай).

Есімнің этимологиясы: Кансух, Кансу, Кансава, - Қан Суг – қатыгез (Қанды кек), Қанды су/өзен және т.с.с. Салыстыратын болсақ: Каншух, Қаншық, Қаныш (қан іш, қанішер), Кончак (орыс князьдіктерімен соғысқан қыпшақ ханы, «Игорь полкі туралы сөздің» кейіпкері).

**20. Әл-Ашраф Жанболат (1500-1501).** Мысырда оның Биберді деген бауыры болған.

**21. Әл-Әділ Сайфиддин Тұманбай (1501).** Осы есімдес 2 сұлтан болды.

**22. Әл-Ашраф Кансух әл-Гури (1501-1516).** 1439-1440 жылы туған, 1516 жылдың 24 тамызында қаза тапты. Қансабай сұлтанның (арабтар оның есімін Кансава, Кансу деп те жазады) тағдыры таңқаларлық. Ол билікке 60 жастан асқанда келді. Оның билігі дана саясатымен, ізгілігімен, Батыс Еуропамен дипломатиялық қатынастарды дамытуымен ерекшеленді. Үндістанмен, Қиыр Шығыспен сауда жүргізген Мысырдың мүдделерін қорғай отырып, ол екі майданда соғыс жүргізді: Африканы айнала Үндістанға теңіз жолын ашқан португалдықтарға қарсы және османдық Түркияға қарсы. Сұлтанның әскери флотилиясы португалдықтарды тас-талқан етті. Бірақ оғыздардың тегеурініне бұл сұлтан төтеп бере алмады. Ол, 76 жасқа қараған шағында, Алеппо түбіндегі (Бейбарыс моңғолдарды талқандаған жерде) қан майданда жанқиярлықпен шайқасты, бірақ ерлікпен қаза тапты. Оның салтанатты кесенесі үнемі бос тұрды, өйткені оның денесі майдан даласынан табылмады.

**23. Әл-Ашраф Тұманбай (1516-1517).** Мемлекеттік хатшы. Бар болғаны бірнеше ай билік құрды. Оны Каирге 1517 жылдың 22 қаңтарында кірген осман сұлтаны Селим Баб-әз-Зувейла қақпасында дарға асты. **Дәулетбай** атты бауыры болды, әмір, Триполидің басқарушысы болған.

Этимология имени: Кансух, Кансу, Кансава, - Кан Суг – Беспощадный (Кровавая злость), Кровавая (красная) вода/река и т.п. Для сравнения: Каншух, Каншык (сука), Каныш (кровь пей, кровопийца), Кончак (хан кипчаков, воевавший с русскими княжествами, герой «Слова о полку Игореве»).

**20 Аль-Ашраф Жанболат (1500-1501).** В Египте у него был брат Биберды.

**21 Аль-Адил Сайфиддин Туманбай (1501).** Было 2 султана под этим именем.

Шеркештердің шығыстан батысқа қарай жылжыған жолы географиялық жағынан өте анық белгіленген. Бұл мынадай топонимдер: Катунь өзенінің тармағы Черкиш, Шерегеш (Кемерово обл.) - Черкасское, Черкесовский (Саратов обл.) - Сердеж (Киров обл.) - Сергач (Горький обл.) - Чаркесар (Ферғана аңғары, Өзбекстан) – Черкасы, Новочеркасск (Украина) – Карачаево-Черкесск (Кавказ), Шеркеш (қазіргі Түркияның территориясындағы қала). Қырымда: Черкес Тогой (черкес орманы), Черкес тюз (черкес тұзы), Черкес кермен, Черкес эли (черкес елі), Черкес кош. А.М.Байрамкуловтың сөзі бойынша, КСРО-ның тек байланыс кәсіпорындарының алфавиттік тізімінде осындай топонимдердің 28-і табылған. Ал, тағы қаншама топоним қайта аталды, жадымыздан да, географиялық карталардан да өшірілді! Оған қоса, бұл топонимдердің түріктердікі екенін олардың өмір салтының атауы да көрсетіп тұр: мысалы, Черкес кош – Черкестердің көші. Егер де бұл адыгтер болса, онда адыгейлер қашан көшіп жүрген еді?!?

Тарихи тұрғыдан да черкештер тағы сол түріктерден: косоғтардан, берендей, торк, қара клобук, қазақтардан ажырағысыз. Айталық, Карамзин, «*косоғтар*» туралы айта отырып, олардың «*түбі черкестер*, олардың елі X ғасырда *Касахия* деп аталған (курсив біздікі, - Б.Қ.); осетиндер оларды қазір де *касахтар* деп атайды» дейді. Басқа бір жерінде ол, XII ғасыр басындағы, Мономах билігі кезеңіндегі уақиғаларды сипаттай отырып, былай деген: «...Владимир Ресейден берендейлерді, печенегтер мен торктарды, жаңа келімсектерді қуып шықты: қыпшақтардың қыспаққа алуымен және Донға жақын жерде талқандауынан соң олар Переяславль маңайынан баспана іздеді, алайда қарақшылыққа бейім болған соң тыныш көшіп жүре алмады. Дегенмен, олардың көпшілігі Днепрде қалды, *қара клобуктар немесе черкестер* деген жалпы атауымен белгілі болды, және де ресейліктерге қызмет етті».

Путь продвижения шеркешев с востока на запад географически зафиксирован очень чётко. Это следующие топонимы: приток Катунь Черкиш, Шерегеш (Кемеровская обл.) – Черкасское, Черкесовский (Саратовская обл.) – Сердеж (Кировская обл.) – Сергач (Горьковская обл.) – Чаркесар (Ферганская долина, Узбекистан) - Черкасы, Новочеркасск (Украина) – Карачаево-Черкесск (Кавказ), Шеркеш (город на территории современной Турции). В Крыму: Черкес Тогой (черкесский лес), Черкес тюз (черкесская соль), Черкес кермен, Черкес эли (страна черкесов), Черкес кош. По словам А.М. Байрамкулова только в алфавитном списке предприятий связи СССР таких топонимов было обнаружено 28. А сколько еще топонимов было переименовано, стёрто из памяти и географических карт! Кроме того, что эти топонимы тюркские, они подчёркивают и образ жизни: например, Черкес кош - Черкесское кочевье. Если это адыги, то когда адыгейцы кочевали?!?

И в историческом плане черкешы также неотделимы от тюрков: косогов, берендеев, торков, черных клобуков, казахов. Так, Карамзин, говоря о «*косогах*», писал, что *они суть черкесы*, коих страна в X веке именовалась *Касахией* (курсив наш, – Б.К.); осетинцы и теперь называют их *касахами*. В другом месте он же, описывая события начала XII века, в период правления Мономаха, констатировал: «...Владимир выгнал из России берендеев, печенегов и торков, новых пришельцев: утесняемые половцами и разбитые ими близ Дона, они искали убежища в окрестностях Переяславля, но любя грабёж, не могли кочевать там спокойно. Однако ж многие из них остались на Днепре, были известны под общим именем *черных клобуков или черкесов*, и служили россиянам».

Осыдан шеркештердің косоғ аталғаны келіп шығады. Косоғ әртүрлі аударылады: 1. Қос + оқ = жебелердің қосылуы, қосарланған жебе (айтпақшы, шеркештердің таңбасының немесе гербінің бірі – қосарланған жебе, екі ұшы бар шанышқы-жебе); 2. Қос + оқ = үйлердің, рулардың бірігуі (модельдік қатар: бес оқ, он оқ бұдын). Екінші мезет: шеркештердің түбі қара клобуктар. Жол-жөнекей айта кетейік, қара клобуктар Русьте печенегтердің келуінен кейін пайда болды. «Қара клобуктар» атауын олар қыстыкүні киетін, қара түсті арнаулы бас киімнің түсіне байланысты алды. Жазда олар қара қалпақ кіді (осыдан – қарақалпақтар). Егер де қара клобуктар өздерін черкестермен теңестірсе, онда бұл черкеш-түркілер бір кездері печенегтердің құрамында болғанын білдіреді, тек печенег ордаларының күйреуінен кейін ғана олар басқа оғыздардың (печенегтер де оғыздар), ал содан кейін қыпшақтардың құрамына «қарабөріктер» атауымен сіңіп кетті.

Тіпті, моңғолдардың осы өлкелерді жаулап алуынан кейін де қыпшақтар мен черкестер, бәлкім, қыпшақтардың құрамындағы сол черкестер де, яғни қарабөріктер, моңғолдар үшін қауіпті күш болды. Моңғолдар оларды қырып-жойып қана қоймай, сатты, қоныс аудартып та жіберді. Міне, мынадай тарихи айғақ бойынша, 1282 жылы моңғолдық басқақ Ахмат Бештау (қазір – Пятигорск) ауданынан қалың черкестерді (черкеш) көшіріп, өзінің слободасы Ахматовкаға (Курск князьдігі) қоныстандырды, әрі бұл черкестер өздерін қазақ деп атаған. Бірнеше жыл өткен соң олар, курскілік князь Олег қуғындаған соң, Днепрге қоныстанды, мұнда Черкасс елді мекенін салды (қазіргі Черкасс қ.). Осыдан шеркештердің 13 ғасырда Солтүстік Кавказ бен Қырымда өмір сүргені және адыгтер черкес деп аталмай тұрып-ақ қазақтар деп аталғаны келіп шығады.

Отсюда вытекает, что шеркешы назывались косогами. Косога переводится разнообразно: 1. Кос + ок = соединение стрел, спаренная стрела (кстати, один из гербов или тамги шеркешей – спаренная стрела, стрела с двумя жалами-наконечниками); 2. Кос + ок = объединение домов, родов (модельный ряд: бес ок, он ок будун). Второй момент: шеркешы суть чёрные клобуки. Попутно отметим, что чёрные клобуки появились на Руси с приходом туда печенегов. Название «чёрные клобуки» они получили из-за цвета форменного головного убора чёрного цвета, носимого зимой. Летом же они носили чёрные колпаки (отсюда – каракалпаки). Если чёрные клобуки отождествляли себя с черкесами, то это значит, что черкешы-тюрки были когда-то в составе печенегов, только после разгрома печенежских орд они влились в состав других огузов (печенеги тоже огузы), а затем и кипчаков под названием «караборкли».

Даже после завоевания монголами этих краёв кипчаки и черкесы, а может те же черкесы в составе кипчаков, т.е. караборкли, представляли собой опасную для монголов силу. Монголы не только уничтожали их, но и продавали, а также переселяли. Так, имеется историческое свидетельство, как в 1282 году монгольский баскак Ахмат переселил из района Бештау (беш – пять, тау – горы, ныне – Пятигорск (массу черкесов) черкешев) и поселил их в своей слободе Ахматовка (Курское княжество), причём эти черкесы называли себя казахами. Через несколько лет они, изгнанные курским князем Олегом, переселились на Днепр, где построили населённый пункт Черкасс (нынешний г. Черкасс). Отсюда вытекает, что шеркешы в 13 веке жили на Северном Кавказе и Крыму и назывались казахами тогда, когда адыги ещё черкесами не назывались.

Моңғолдар билігінің әлсіреуі және ыдырауы кезеңінде осы черкестер айбарлы күш болып саналды. Айталық, олар 1571 жылы ноғайлардың және қырымдықтардың одақтасуымен Руське жортуыл жасады, көптеген князьдіктерді ойрандады және Москваны тып-типыл өртеп жіберді, өлгендер саны 800 000, тұтқындалғандар 100 000 адамға жуық. Ойпырм-ай десеңізші, 1 миллионға жуық халық жойылған!

Бұл Қырым ханы Дәулет-Керейдің Астрахан мен Қазан хандықтарын Иван Грозныйдың астаңкестең еткені үшін кек алуы болатын. Байқағанымыздай, Москва князьдігіне қарсы бағытталған бұл одақ туыстас, бір тілдес қауымдастықтардың одағын білдіреді: қырымдықтар да, ноғайлар да, черкестер де сол уақытта бір этнос болатын, оларды этникалық емес, тарихи, әскери-саяси белгілер ғана бөлектеді.

Украинаның Ресейге «ерікті қосылуына» шейін түркілер мұнда әскери-саяси, мәдени және тілдік қатынаста басым және гегемон этнос болып саналды. Украинада түркі тілі ресми «бұйрықтың, дипломатияның және базардың тілі» болды, дегенмен, осы жердің халықтары өзіне тән славян тілінде де сөйлескенмен, оның түріктенуі және «БАЛТықтануы» салдарынан ол Русьте түсініксіз болған.

Міне, сондықтан Василий Бутурлин бастаған Москваның Украинадағы бірінші елшілігінің құрамында екі аудармашы болды: түрік Билял Байца мен Степан Кончинский. Олар «жат жерлік черкастар» (Русьте сол кезде қазақ-казактарды, яғни оңтүстік-шығыс украиндықтарды осылай атаған,) және «литвиндер», яғни батыс украиндар қоныстанған Украина еліне жол жүрді (М.Аджи).

Во время ослабления и распада власти монголов эти же черкесы представляли грозную силу. Так, они в 1571 году в союзе с ногаями и крымчанами устроили набег на Русь, разорили многие княжества и дотла сожгли Москву, погибших насчитывалось 800000, пленённых около 100000 человек. Подумать только, почти 1 миллион населения было уничтожено!

Это была месть крымского хана Даулет-Керея за разгром Иваном Грозным Астраханского и Казанского ханств. Заметим, что этот союз, направленный против Московского княжества, представлял собой союз родственных, единойязычных сообществ: и крымчане, и ногаи, и черкесы представляли в то время один и тот же этнос, их рознила не этническая, а историческая, военно-политическая определённость.

Вплоть до «добровольного присоединения» Украины к России турки являлись здесь в военно-политическом, культурном и языковом отношении доминирующим и гегемонствующим этносом. Тюркский на Украине был официальным «языком команды, дипломатии и базара», хотя народы этих мест общались и на своеобразном славянском языке, который на Руси был непонятен из-за его отороченности и «оБАЛТелости».

Вот почему в составе первого посольства Москвы на Украину во главе с Василием Бутурлиным были два переводчика: турк Билял Байца и Степан Кончинский. Ехали они в страну Украину, заселённую «иноземными черкасами» (как тогда на Руси называли казахов-казаков, т.е. юго-восточных украинцев) и «литвинами», то есть западными украинцами. (Из М. Аджи).

Әлбетте, Билялдың міндеті казактар (қазақтар) аталған черкестердің түркі тілінен аударма жасау болатын, яғни «черкестер» түркі тілінде сөйлеген, түркілер болған. Ал, «литвиндер» «симбиозды» түркі-литвин-славян тілінде сөйледі және ол москвичтерге түсініксіз еді. Егер де осы украиндық черкестер адыгейліктер болған болса, онда Москва аудармашы ретінде де адыгейліктерді жіберетіні сөзсіз, ал, сол кездегі Русьте адыгтер болған да жоқ.

Украиндықтарды Москва Русі черкес деп қана атап қоймай, сонымен бірге... «черкашиндер» деп келемеждеді. Неге? Не үшін? Әрине, сол түркі мәдениетіне, өмір салтына, ойларына, дәстүрлеріне шалдыққаны мен шын берілгендігі үшін. Тіпті, украиндықтардың сырт келбеті: тақырбастығы, басындағы айдары, ұзын салбыраған мұрты, кең пішілген шалбары, етіктері, құлағындағы сырғасы, қылышы, ертұрманы және т.с.с. түркі дәстүрлерінің көпкөрінеу көшірмесі болып табылады. Әндері, билері, кобза (түркіше, - қобыз), домра (түркі домбырасы), азат рухы мен еркіндікке құштарлығы, кош (көшу, осыдан – кошевой, кошара, кошмар және т.с.с.), коханкаларды дәріптеуі (қакан, қаған, - түркіше - мырза; коханка – ханым) және украиндықтардың басқа да толып жатқан сипатты белгілері Киев Русінің түркілік тамырлары мен «орыс еместігі» жайында шешен тілмен айқын дәлелдейді...

Әрине, Украинаны тек түркі-шеркештер ғана қоныстанған жоқ, сонымен бірге өзге де түркі ру-тайпалары болды, олар да «черкашин», «хохол», «қазақ» және т.с.с. мазақтарға ілікті. Бірін-бірі хохол және қацап деп мазақтаған осы «бауырлас халықтардың» өзара тарихи бас араздығы ешкімге құпия емес (қацап, түркіше, - сақалды ешкі, украиндықтар бұл ғұрыпты мәдениетсіздіктің белгісі деп санап, сақалы қырылмаған және қаптап өсіп кеткен москвичтерді осылай келемеждеді).

Разумеется, задача Биляла состояла в переводе с тюркского языка черкесов, которые назывались казаками (казахами), т.е. «черкесы» говорили на тюркском языке, были тюрками. А «литвины» разговаривали на «симбиозном» тюрко-литвино-славянском языке, который и был непонятен москвичам. Если бы эти украинские черкесы были адыгейцами, то Москва послала бы в качестве переводчиков тоже адыгейцев, хотя их на Руси в то время и не было.

Украинцев Московская Русь называла не только черкесами, но и дразнила... «черкашинами». Почему? За что? Разумеется за приверженность и подверженность тюркской культуре, образу жизни, мыслей, традициям. Даже внешний облик украинцев: бритоголовость, хохол на голове, длинные свисающие усы, свободного покроя шаровары, сапоги, серьги в ушах, сабли, сбруи и т.п. являются явными слепками с тюркских традиций. Песни, танцы, кобза (по-тюркски, – кобыз), домра (тюркская домбра), вольный дух и стремление к свободе, кош (кочевье, отсюда – кошевой, кошара, кошмар и т.п.), обожествление коханок (кохан, коган, – по-тюркски, – господин; коханка – госпожа) и масса других характерных черт украинцев красноречиво и ярко свидетельствуют о тюркских корнях и «нерусскости» Киевской Руси...

Конечно, не только тюрками-шеркешами была населена Украина, но и другими родами-племенами тюрков, которые также подпали под дразнилки «черкашин», «хохол», «казах» (казак) и т.п. Не секрет и взаимная историческая неприязнь этих «братских народов», дразнивших друг друга хохлам и қацапом (қацап, по-тюркски, – бородатый козел, так украинцы дразнили небритых и обросших москвичей, считая этот обычай признаком бескультурия).

Москва Русінің отаршыл саясаты дондық және кубандық казактарды қалай жойғаны, олардың көпшілігі Далаға (Жайық казактары), Түркияға, Кавказға қашқаны тарихтан белгілі. Украиндықтардың күштеп славяндалуы да белгілі жайт (мәдениет, тіл, тұрмыс негіздерінің түркілік көріністерін құрту, гетмандық институтын жою және т.с.с. акциялар).

Сонымен, жоғарыда айтылған бүкіл әңгімеден көрінгендей, шеркештер тарихта терең із қалдырған, даңқы шыққан ежелгі түркі тайпаларының бірі болған.

Алтай олардың атақонысы болатын, сол жерден олар басқа тайпа-халықтармен (оғыз және қыпшақ) бірге оңтүстік Сібір, солтүстік, орталық және батыс Қазақстан, Орта Азияның оңтүстігі арқылы ұзақ та алыс жолға шыққан.

Жол-жөнекей олардың бір бөлігі қырғыздардың құрамына черкастар тайпасы деген атпен сіңіп, қазіргі Қырғыз елінің территориясында қалған, бір бөлігі қазіргі Өзбекстанның Ферғана аңғары территориясында (Чаркесар елді мекені), тағы бір бөлігі – Түркіменстанда тұрақтап қалды (черкесли).

Шеркештердің негізгі тобы печенегтердің құрамында қазіргі оңтүстік-орыс далалық өлкелеріне тап болып (9-10 ғғ.), бұдан былай косоғтар, казахтар, кара клобуктар, берендейлер (предатели - оларды далалық ағайындары сатқындар деп атады) деп аталды.

Олар орыс князьдіктерінің әскери гвардиясын, әскери аристократияны құрады. Бірақ тынымсыз шеркештер отырықшы князьдіктердің шеңберінде сыйыса алмады, өздерін князьдер мен тұрғындардың ығыстыруына итермеледі. Содан барып олар тұрғылықты жерін ауыстырып, қазіргі Украина, Қырым, Солтүстік Кавказ, Днепр, Дон, Терек, Кубань бассейндері территориясын иеленді.

Истории известно, как колонизаторская политика Московской Руси уничтожала донских и кубанских казаков, массы которых бежали в Степь (яицкие казаки), Турцию, на Кавказ. Известна и насильственная славянизация украинцев (вытравление проявлений тюркских основ культуры, языка, быта уничтожение института гетманства и т.п. акций).

Итак, как видно из всего предыдущего изложения, шеркешы являлись одним из древних тюркских племён, оставившими глубокий след в истории, прославившимся в ней.

Алтай являлся их прародиной, откуда они, наряду с другими (огузскими и кипчакскими) племенами- народами двинулись в свой далёкий и долгий путь через южную Сибирь, северный, центральный и западный Казахстан, юг Средней Азии.

По пути следования часть их осталась на территории нынешней Киргизии, влившись в состав киргизов под именем племени черкасы, часть осталась проживать на территории Ферганской долины нынешнего Узбекистана (населённый пункт Чаркесар), часть - в Туркменистане (черкесли).

Основная масса шеркешей попала в нынешние южно-русские степные края в составе печенегов (9-10 вв), уже называясь косогами, казахами, чёрными клобуками, берендеями (предателями, так их называли степные сородичи).

Они представляли собой военную гвардию русских княжеств, военную аристократию. Но беспокойные шеркешы не уживались в рамках осёдлых княжеств, вынуждали князей и население вытеснять их. Тогда они сменили место жительства, заняли территорию нынешней Украины, Крыма, Северного Кавказа, бассейны Днепра, Дона, Терека, Кубани.



Міне, сол кезде қырым-татарлық черкастар, Ставрополь мен Қалмықия чиркастары дүниеге келді, олар кейіннен алабуга татарлары, ал содан кейін ноғай таучеркестері деп аталған.

Осы қатарға «черкес»-адыгтер де, «черкес»-кабардиндер де ілігеді. Черкес этнонимі адыгейліктерге дәл осы кабардиндіктер арқылы келді, олар бір кезде хазарлар құрамындағы (кабарда, кабар) түркі тайпасы болған, бірақ кейін, Кавказ тауларында тұрақтап қалып (оларды әлі күнге дейін қашқын атайды) тау тайпаларымен сіңісіп кетті, адыгтердің этникалық құрамына кірді.

Адыгейлер ешқашан түркі болмаған, олардың тілі, өмір салты, әдет-ғұрпы мен дәстүрлері мүлдем басқа. Черкес этнонимі оларға түркі-шеркеш әскери ақсүйектерінің арқасында телінді.

Жалпы, түркінің әскери гвардиясы Кавказда хазарлық, одан кейін қыпшақтық, селжүктік және мамлюктік дәуірлерден бері билік құрды. Осы атты әскерлер Грузияны құтқарды, түркі тілінің қыпшақ-армян диалектісін айналымға енгізді.

Біз бұл арада Солтүстік Кавказ бен Қырым туралы айтуға да тұрмайтыны түсінікті болуы үшін, Закавказье елдерін әдейі алып отырмыз. Дегенмен, кейбір асқақтаған адыгейлік авторлардың арынын басу үшін айту да керек.

Мінекей, егер де біз Дағыстан, Краснодар және Ставрополь өлкелерінің, қазіргі Қалмықияның, Шешен-Ингушетияның, Қырымның топонимдері бейнеленген ескі географиялық карталарды қолымызға алсақ (Кавказ бен Қырымды Ресейдің отарлауына және кеңестік дәуірге дейінгі), онда 70%-дан астам түркілік атауларды табамыз! Бұл осы жерлерде кім өмір сүргенінің және басқарғанының көрсеткіші емес пе?!

Вот когда появились на свет крымско-татарские черкасы, чиркасы Ставрополя и Калмыкии, названные потом алабугскими татарами, а затем и ногайские таучеркесы.

В этот же ряд попадают и «черкесы»-адыги и «черкесы»-кабардинцы. Этноним черкес попал к адыгейцам именно через кабардинцев, которые были когда-то тюркским племенем в составе хазаров (кабарды, кабары), но затем, осев в горах Кавказа (их до сих пор называют беглыми), ассимилировались населением горских племён, влились в этнический состав адыгов.

Адыгейцы никогда не были тюрками, их язык, образ жизни, обычаи и традиции совершенно другие. Этноним черкес попал к ним благодаря тюркско-шеркешской военной знати.

Вообще, тюркская военная гвардия правила на Кавказе с хазарских, затем кипчакских, сельджукских и мамлюкских времён. Эти военные конники спасали Грузию, ввели в обиход кипчакско-армянский диалект тюркского языка.

Мы преднамеренно берём здесь страны Закавказья, чтобы было понятно, что о Северном Кавказе и Крыму говорить не стоит. Хотя стоит, чтобы неповадно было некоторым зарвавшимся адыгейским авторам.

Так вот, если мы возьмём в руки старые географические карты (до колонизации Россией и до советских времён Кавказа и Крыма), на которых изображены топонимы Дагестана, Краснодарского и Ставропольского краёв, нынешней Калмыкии, Чечено-Ингушетии, Крыма, то обнаружим более 70% тюркских наименований! Это разве не показатель того, кто жил и правил в этих местах?!

Мысалы, осы жазбада келтірілген Қырым топонимдері шеркеш-түркілер жайында шешен тілмен сөйлейді, ал, осы өлкелерде бір де бір топоним қалдырмаған черкес-адыгтер жайлы бір ауыз сөз жоқ. Ендеше, Мысырға Қырымнан және Кавказдан келген мамлюктер черкес-адыг болған деп айтудың қажеті бар ма?

Бұл черкестер адыг емес, шеркеш болған, яғни адыгейлердің, грузиндердің және тағы басқалардың түркілік әскери ақсүйектері, моңғол шапқыншылығымен талқандалған, құлға айналдырылған, Таяу Шығыс елдеріне тап болған. Мысырға тек Адыгейдің түркілік әскери ақсүйектері ғана емес, сонымен бірге өзге елдердің әскери гвардияшылары да әкелінді.

Мысалы, мамлюк Тәңірбердіні ортағасырлық кейбір авторлар грек деп атағаны туралы факті тым күлкілі. Оның есімі гректікі емес, түркілік («Аспан құдайы Тәңірі туған», қазақтар құдайды Тәңір деп атайды). Гректер өз ұлын пұтқа табынушылардың есімімен емес, тек христиандық есіммен атауы мүмкін. Ол Византия басилевстерінің қызметіндегі түркі жалдамалысы болды, осы жерде византиялық-мамлюктік соғыстар кезінде тұтқынға түсті.

Бұл грузин, адыг, парсы, славян болды-мыс делінетін басқа мамлюктерге де қатысты. Шын мәнінде оларды Грузияның түркілері, Византияның түркілері, Персияның түркілері және т.б. деп атаған ләзім. Мысырда және басқа елдерде құл-мамлюктерді негізінен барлық ортағасырлық елдерде қызмет атқарған бұрынғы түркі жалдамалы-кавалеристерінің, даярлықтан өткен әскери мамандарының қатарынан сатып алды.

Ең болмағанда, бала кезінен атқа шауып үйренген, қару ұстауды білетін, түркінің «соғыс тілін» меңгерген бозбалаларды сатып алды. Мамлюктердің әскери жарғысы мен жарлықтары, олардың лексикасы араб тілінде емес, түркі тілінде құрастырылған болатын, бұйрықтар мен өкімдері де түркі тілінің қыпшақ диалектінде берілетін.

Например, топонимы Крыма, приведённые в этой статье, красноречиво говорят о шеркешах-тюрках, а не черкесах-адыгах, которые не оставили ни одного топонима в этих краях. Так стоит ли говорить, что мамлюки, попавшие в Египет из Крыма и Кавказа были черкесами-адыгами?

Эти черкесы были шеркешами, а не адыгами, т.е. тюркской военной знатью адыгейцев, грузин и т.д., которая была разгромлена монгольским нашествием, превращена в рабов, попавших в страны Ближнего Востока. Не только тюркская военная знать Адыгеи оказалась в Египте, но и военные гвардейцы из других стран.

Например, смехотворен факт, когда мамлюка Танирберды некоторые авторы средневековья называли греком. Его имя не греческое, а тюркское («Рождённый богом неба Тенгри», которого казахи называют Танир»). Греки могли назвать своего сына только христианским, а не языческим именем. Он был тюркским наёмником на службе у басилевсов Византии, откуда и попал в плен во время византийско-мамлюкских войн.

То же самое касается и других мамлюков, якобы бывших грузинами, адыгами, персами, славянами и т.д. На самом деле их надо называть тюрками из Грузии, тюрками из Византии, тюрками из Персии и т.д. Рабов-мамлюков в Египте и других странах покупали преимущественно из бывших тюркских наёмников-кавалеристов, подготовленных военных специалистов, нёсших службу во всех средневековых странах.

На худой конец покупали юношей, с детства обученных скакать на конях, обращаться с оружием, владеющих тюркским «языком войны». Воинский устав и указы мамлюков, их лексика были составлены не на арабском, а на тюркском языке, приказы и распоряжения отдавались также на кипчакском диалекте тюркского языка

Отырықшылар, қолөнершілер, көпестер мен теңізшілерге қарағанда, олардың кәсібі де, мамандығы да соғыс еді. Олар үй жұмысын, әскери қызметке қарама-қайшы келетін ұсақ-түйек жұмыстарды жек көреді, мамлюктер қатарына кіруге тырысады, билікке ұмтылады деп, арабтар бекер жазған жоқ.

Құлдарды өзге этникалық қауымдастықтардан да сатып алды, бірақ олар әскери емес, мүлдем басқа қызметтер атқарды: үй қызметшісі, малай, қолөнерші, құрылысшы және т.с.с. болды.

Түркілік құлдық бауырластық түркі диаспорасының мақсатты түрде көбейтілуіне де негізделді. Мамлюктер, әмір және сұлтан дәрежесіне дейін көтеріліп, түркілерден жаңа құлдар сатып алды, осы диаспораның тұтас бір орталықтарын қалыптастырып, оларды *орда* деп атады. Айталық, Каирдың өзін жауынгерлермен, қару-жарақ жасаушылармен, аттармен, жабдықтармен, күйеулермен, қалыңдықтармен қамтамасыз ететін қыруар квартал-ордалар қоныстанды...

Тарихи айғақтарға сүйене отырып, черкештер өзінің қалыптаса бастаған кезінде (Алтай мен Моңғолияда) әртүрлі тайпалардың құрамындағы қарапайым түркі руы болатын, кейіннен ол анағұрлым ірі тайпалардың (печенегтер, қыпшақтар) құрамына кіре отырып, тайпа деңгейіне дейін ұлғайды, ал содан кейін бұл этноним жай ғана косоғ, қазақ, қайсақ, казак сөздерінің синониміне айналған деу керек.

Содан кейін бұл этнониммен, татар этнонимі сияқты, кім болса соны атай бастады, оның ішінде адыгтердің түркілік әскери ақсүйектері де, ал кейінірек адыгтердің өздері де бар. Қазіргі адыгейлік авторлар болса, мамлюк сұлтандарын адыгейліктерге айналдыру үшін, енді өз этносын черкес этнонимінің иесі ретінде көрсетуге таласады. Бірақ, өзен туралы (тарих туралы) білу үшін және оған ат қою үшін оның бастауына бас қою керек...

В отличие от земледельцев, ремесленников, купцов, мореходов, их профессией и специализацией была война. Не зря арабы писали, что они презирали работы по дому, второстепенные занятия в противовес службе, старались попасть в ряды мамлюков, рвались во власть.

Рабов из других этнических сообществ тоже покупали, но они выполняли не воинские, а совершенно другие функции: были домашними работниками, прислужгой, ремесленниками, строителями и т.п.

Тюркское рабское братство заключалось и в сознательном увеличении тюркской диаспоры. Мамлюки, возвысившись до ранга эмиров и султанов, скупали новых рабов из тюрков, формировали целые центры этой диаспоры, называя их *ордой*. Так, сам Каир был населён множеством кварталов-орд, поставлявшим воинов, оружейников, лошадей, снаряжение, женихов и невест...

Опираясь на исторические свидетельства, надо полагать, что в начале своего формирования (на Алтае и Монголии) черкешы представляли просто тюркский род в составе различных племён, затем он разросся до уровня племени, входя в состав более крупных племён (печенегов, кипчаков), а затем этот этноним превратился просто в синоним слов косоғ, казах, кайсақ, казак.

Потом этим этнонимом, как и этнонимом татарин, стали именовать кого попало, в том числе и адыгскую тюркскую военную знать, а затем и самих адыгов. Нынешние же адыгейские авторы, уже претендуют на то, чтобы представить свой этнос в качестве истока этнонима черкес, на то, чтобы мамлюкских султанов превратить в адыгейцев. Но чтобы узнать и назвать реку (историю) надо проникнуть к её истокам...



## **БІЗ – БУРЧЕВИЧТЕРМІЗ**

**(Беріш тайпасының тарихынан  
фрагменттер)**

*Ата-бабаларымның рухына бағыштадым*

Қазірде қазақ халқының құрамына кіретін көптеген тайпалар мен халықтардың Қазақ хандығының пайда болуынан көп бұрын тарихи хроникаларда, дереккөздерде, жылнамаларда сақталып қалған ежелгі тарихы бар. Үйсіндер, қаңлылар, қыпшақтар және басқа тайпалар біздің дәуірімізге дейін-ақ хат бетінде тіркелген. Арғындар, керейлер, наймандар, қоңыраттар, черкештер, беріштер туралы тарихи фактілердің айтарлықтай көне екені рас.

Дегенмен, біздің қолымызда тап осы жағдайда Беріш тайпасының, барынша толық, хронологиялық жағынан реттелген тарихы жоқ, бірақ, топонимдерге, антропонимдерге, тарихтың жалпы барысына, шашыранды мәліметтерге сүйене отырып, ата-бабаларымыздың тарихи ізінің біршама объективті көрінісін жаңғырта алатынымыз сөзсіз.

Беріштер тарихты әбден таптап, «іздерін қалдырған». Бұл «іздерді» іріктеу немесе жинақтау ісін қазіргі заманғы Моңғолияның және Алтайдың территориясынан бастаған жөн, себебі дәл сол Алтай қазіргі көптеген түркітілді халықтардың атақонысы болып табылады. Жоғарыда біз батыс-қазақ ру-тайпаларының, оның ішінде Беріш тайпасының географиялық бастаулары мен көші-қон жолдарын көрдік. Қашан, қай уақыттарда ол түпкі Азияны мекендеген екен?

## **МЫ – БУРЧЕВИЧИ**

**(фрагменты истории племени Берш)**

*Светлой памяти моих предков*

Многие племена и народы, входящие ныне в состав казахской нации, имеют древнейшую историю, запечатлённую в исторических хрониках, источниках, летописях задолго до появления Казахского ханства. Уйсыны, канглы, кипчаки и другие племена зафиксированы на страницах письма ещё до нашей эры. Достаточно древни исторические факты и об арғынах, керейях, найманах, конратах, черкешах, бершах.

Хотя мы не имеем перед собой в полной мере развёрнутую, хронологически последовательную историю, в данном случае, племени Берш, но, опираясь на топонимы, антропонимы, общий ход истории, разрозненные сведения, всё же можем воссоздать относительно объективную картину исторических следов, наших предков.

Берши в истории "наследили" достаточно много. Подбор или сбор этих "следов" следует начать с территории современной Монголии и Алтая, т.к. именно Алтай является прародиной многих современных тюркоязычных народов. Выше мы видели географические истоки и пути миграции западно-казахских родов-племён, включая и племя Берш. Когда, в каких временах оно обитало в глубинной Азии?

Джеймс Черчвард өзінің Үндістанның мыңдаған жылдық тас жазбаларын зерттеу негізінде жазылған «Ежелгі Му континенті» кітабында бір заманда Тынық мұхитта Еуразияның метрополиясы болған Му континенті өмір сүргенін айтады. Бұл құрлықтың тағдыры қайғылы: ол Атлантиданың жоғалуынан көп бұрын мұхит тұңғығына батып кеткен. Тірі қалған Му тұрғындары Еуразияны басып қалды, оларды автор ұйғырлар деп атайды (түркілердің синонимі, кейінгі «ұйғыр» этнонимімен шатастырмау керек!).

«Ұйғырларға жататын арийлер Солтүстік Үндістанға кірген кезде, олар өздерімен бірге ұйғыр символикасын алып келді; Үндістанда қыруар арий тұрақтанғаннан кейін, ұйғыр символдары осы елде кең тарады. Әсіресе, Ра символы іспетті Күн ерекше. Бұл символдың ұйғырлық стильдегі бейнелері Вавилон мен Мысырға әкелінген болатын», - деп жазды ол.

Бұл ұйғырлар мен арийлер түркі тілдес суперэтностқа жатады. Міне, егер де біз беріштердің рулық таңбаларына назар аударатын болсақ, онда солардың бірі ретінде ортасында нүктесі бар шеңберді көреміз. Дәл осы символды әлемнің көптеген ежелгі халықтарынан, оның ішінде Месопотамиядан да табамыз (шеңбер – Күн, нүктелі шеңбер – «Күннің өлтірілуі», «Ай»).

Бұл символ рулық герб ретінде беріштерге қалай тап болды? Беріштер қай ғасырларда Орал мен Волга (Ра) жағалауларына келді? Қасиетті Ра өзені қалайша Мысырдағы Ра күн-құдыретке айналды? Тіпті де оңай сұрақтар емес...

Беріштердің рулық гербінен біз, олар – айға табынушылар деген ой түйе аламыз. Міне, не себепті осы бөрілі тайпаның өкілдері, Ұлы Ананы (осыдан LUNA, Луна, яғни Ұлы Ана) тәңір тұта отырып, Айға қарап және Ай туғанда ұлыды.

Джеймс Черчвард в своей книге «Древний континент Му», которая написана на основании изучения тысячелетних каменных письмен в Индии, утверждает, что некогда в Тихом океане существовал континент Му, являвшейся метрополией Евразии. Судьба этого континента трагична: он исчез в водах океана задолго до исчезновения Атлантиды. Выжившие же жители Му наводнили Евразию, их автор называет уйгурами (синоним тюрков, не путать с более поздним этнонимом «уйгур»!).

«Когда арии, которые относились к уйгурам, проникли в Северную Индию, они принесли с собой уйгурскую символику; после того, как в Индии обосновалось множество ариев, уйгурские символы распространились в этой стране. Особо выделяется Солнце, как символ Ра. Изображения этого символа в уйгурском стиле были принесены в Вавилон и Египет», - писал он.

Эти уйгуры и арии относились к тюркоязычному суперэтносту. Так вот, если мы обратимся к родовым знакам бершей, то в качестве одного из них обнаружим круг с точкой в центре. Тот же символ находим у многих древнейших народов мира, в том числе и Месопотамии (круг – Солнце, круг с точкой – «убийство Солнца», «Луна»).

Как этот символ попал в качестве родового герба к бершам? В каких веках берши попали на берега Урала и Волги (Ра)? Каким образом божественная река Ра превратилось в божество-солнце Ра в Египте? Вопросы отнюдь не простые...

Из родового герба бершей мы можем заключить, что они – лунопоклонники. Вот почему представители этого волчьего племени, обожествляя Улы Ана (отсюда LUNA, Луна, т.е. Великая Мать), выли на Луну и при Луне.

Беріштер қай ғасырларда Алтайда өмір сүрді? Ежелгі қытайлық хроникалар, б.д. дейінгі XII ғасырдан бастап Қытайдан солтүстікке қарай хунну (гунну) тайпасы өмір сүрген деп көрсетеді. Оларда сондай-ақ, атақты хунну билеушісі Мөденің (Мәди, Боғда, Оғыз-хан) өлімінен кейін ұлы хақан лауазымын оның ұлы Кошу (Ересен) иеленді деп жазылған. Қытай билеушілері осы жас әміршіге оның әкесіне бағынышты тайпаларды айдап салды, олардың арасында өзіне қазақтың қазіргі Кіші Жүзінің көптеген руларын (дәл осы өздерінен кейін сібірлік және алтайлық топонимдер қалдырған: Беріш, Черкеш, Шөмекей, Алтын, Кете, Таз, Ыссық, Арғын) қамтыған «да юджи» тайпасы болды. Көтеріліс басып тасталды, ал аталмыш тайпалар Еренқабырғаның (Тянь-Шань) шетіне дейін ығыстырып шығарылды. Бірақ бүлікшілер бұл жерлерде қоныстап қала алмады, Арал, Үстірт, Каспий маңына ойысты («Бей шу», Шанхай, 1937, т. 50, 351-357 бб.).

Беріштер туралы алғашқы ескертпелерді біз ежелгі түркілік «Күлтегін» сына ескерткішінен табамыз (Кіші жазу): «Соғды мен Беріш ұлысынан – Алыс батыс елдерінен – Нен-Сенгун мен Оғұл-тархан келді!». Бұл жазбадан Беріш тайпасының Түркі Қағанаты дәуірінде өмір сүргені көрінеді, және де түркілерге бағынышты жеке ұлыс болған. Көптеген қағандардың кеңесшісі және Күлтегіннің досы – **Тоныкөк Беріш руынан, оның Себек бөлімінен шыққаны** олардың саяси рөлінің дәлелдемесі болып табылады (Википедия мәліметтері).

Беріштер ғұндардың Еуропаға жасаған шапқыншылығына тартылған деп есептеген дұрыс, себебі ғұн империясының ыдырауынан кейін, беріштерді ғұн-болғарлар құрамына жатқыза бастады. Византиялық автор Феофан былай деп жазады: «...Ғұн-болғар елі, мұндағы біздің дереккөздер білетіндей, барсила немесе баршла иемденген БЕРСилия және БАРШлия, облыс болған, ол жақтан тек олар ғана емес, сонымен бірге хазарлар да шыққан» (бөлектеген мен, Б.Қ.).

В каких веках берши жили на Алтае? Древнекитайские хроники свидетельствовали, что, начиная с XII века до н.э. на севере от Китая жили племена хунну (гунну). В них также писалось, что после смерти знаменитого хуннского правителя Моде (Мади, Богда, Огуз-хан) должность великого хакана занял его сын Кошу (Ересен). Китайские правители натравили на этого молодого правителя подвластные его отцу племена, среди которых было племя «да юджи», включавшее в себя многие роды нынешнего Младшего Жуза казахов (именно тех, которые оставили после себя сибирские и алтайские топонимы: Берш, Черкеш, Чокекей, Алтын, Кете, Таз, Ыссык, Арғын). Восстание было подавлено, а упомянутые племена были вытеснены до пределов Еренкабырга (Тянь-Шань). Но бунтари не могли осесть и в этих местах, были вытеснены в пределы Арала, Устюрта, Каспия («Бей шу», Шанхай, 1937, т.50, с. 351-357).

Одно из первых упоминаний о Бершах мы находим на древнетюркском руническом памятнике “Кюль-тегин”(Малая надпись): «Из Согда и улуса Берч – Дальних западных стран – Пришли Нен-сенгун И Огул-тархан! Из этой надписи следует, что племя Берш существовало во времена Тюркского Каганата, и являлось отдельным улусом, подчиненным тюркам. Свидетельством их политической роли является то, что советник при многих каганах и друг Кюль-тегина – Тоньюкук происходил из рода Берш, отделения Себек (данные из Википедии).

Надо полагать, что берши были вовлечены в гуннское нашествие на Европу, поскольку после распада гуннской империи, бершей стали относить к гуннам-болгарам. Византийский автор Феофан писал: «...Страна гуннов-болгар, какую знают здесь наши источники, была БЕРСилией и БАРШлией, областью, занятой барсилами или баршлами, откуда вышли не только они, но и хазары» (выделения мои, Б.К.).

10 ғасырда Беріштер Хазар қағанатының екі тірегінің бірі болды. Егер хазар патшалары түркінің аристократиялық Ашина (Алшын) руынан шыққан болса, ал кеңесшілері мен сарай қызметкерлері Бершоғлы тайпасының адамдарынан тағайындалды.

Беріш руы берсил – барсилдардың, хазар туыстарының ұрпақтары болуы ықтимал. «Барсил» этнониміне қоса, ортағасырлық дереккөздер хазарлардың Еуропадағы экспансиясының бастапқы пункті болған **Берсилия елін** де, немесе, араб нұсқасындағыдай, **әл-Бершалияны** да біледі. Византиялық авторлар Берсилияны «Бірінші Сарматияның ең шеткі облысы» деп атайды немесе «Сарматияның қасындағы» облыс.

Араб тарихшысы әл-Белазури оны Дербенттен солтүстікке қарай орналастырады. Қазіргі заманғы тарихшылардың пікірі бойынша, бұл мәліметтер, Солтүстік Дағыстан облысына сілтейтін тәрізді – не болмаса, егер де «Армян географиясының» хабарламасын назарға алатын болсақ, онда да барсилалар Сарматиямен сабақтасқан, бірақ Поволжьеге орналастырылған, мұнда сөз солтүстік Каспий жағалауының кең жазира өңірі туралы болып отыр. Бұл кездейсоқ факті емес, өйткені беріштер Хазария құрамында қазіргі Украина территориясында, Литваның бір бөлігінде, бәлкі, Молдовияда да қалалар торабын салып, оларды өз ата-бабасының есімдерімен атаған.

Бұл аталмыш қалалар: Украинадағы БЕРШадь, БУРШтын, БАРЫШевка, БЕРЕЖаны, БЕРЕЖница, БИРЮЧий аралы немесе Азов теңізіндегі мүйіс, ПЕРЕЧин, БОРИЧев взвоз (XI-XII ғғ. Киевке кіретін қақпаның біреуі); БРИЧаны (Молдова); БИРШтонас, БИРЖай (Литва). Оған қоса хазар қағанаты құрамында Барайш қаласы болған.

В 10 веке Берши были одним из двух столпов Хазарского каганата. Если цари хазаров происходили из тюркского аристократического рода Ашина (Алшын), то советниками и придворными являлись люди из племени Бершоғлы.

Возможно род Берш являются потомками берсилов - барсилов, родственников хазар. Кроме этнонима «барсил» средневековые источники знают также **страну Берсилию**, или, в арабском варианте, **ал-Бершалию**, которая выступает исходным пунктом экспансии хазар в Европе. Византийские авторы называют Берсилию «самой дальней областью Первой Сарматии» или областью «рядом с Сарматией».

Арабский историк ал-Белазури помещает её к северу от Дербент. По мнению современных историков, эти данные, скорее всего, указывают на область Северного Дагестана - либо же, если принимать во внимание сообщение «Армянской географии», где барсилы также увязаны с Сарматией, но помещены в Поволжье, речь идёт о более широком регионе северного Прикаспия.

Этот факт не случаен, так как берши в составе Хазарии построили на территории нынешней Украины, части Литвы, возможно, Молдовии сеть городов, называя их именем своего предка.

Эти упомянутые города: БЕРШадь, БУРШтын, БАРЫШевка, БЕРЕЖаны, БЕРЕЖница, БИРЮЧий остров или коса на Азовском море, ПЕРЕЧин, БОРИЧев взвоз (один из въездов в Киев в XI-XII вв.) на Украине; БРИЧаны (Молдова); БИРШтонас, БИРЖай (Литва). К тому же в составе хазарского каганата существовал город Барайш.

...«Боричь» антропонимін біз балтық викингтерінің делегациясы (50-ге тарта адам, олардың арасында балтық есімдерінен басқа кәдімгі түркі есімдері кездеседі, бірақ ешқандай славян есімдері жоқ, тіпті Игорь есімі ол кезде өзгеше болған, - Ингвар) гректермен келісім-шартқа қол қойған кездегі «Игорь келісім-шартынан» кездестіреміз (941 жыл). Әлбетте, жылнамалар мен Карамзиннен бастап, орыс тарихшылары бұл делегацияны орыстыкі, яғни славяндық деп атады. Бірақ Русь деп сол кезде нақ осы прибалттарды (норманн, дат, свен) атайтын. Ең дұрысы, бұл делегация прибалт-печенег немесе прибалт-турк (торк) коалициясы болып табылады, оған Хазарияның, ал кейіннен Бұлғарияның күйреуінен кейін беріштер де кіруі мүмкін.

Хазария тарихы қайғылы тарих. Волга мен Оралдың сағасын мекендеген Хазария бастапқыда гүлденіп тұрды. Бірақ Каспий теңізінің деңгейі көтерілген соң, және де соның салдарынан көптеген хазарлық қалалар суға батқан соң, хазарлар Каспий жағалауынан жоғары қарай «көтерілуге» мәжбүр болды. Әлбетте, бұл миграция жанжалсыз болған жоқ.

Солтүстікте бұлғар, угр, викингтердің территориясы болды (қайта-қайта айта беру керек: славяндарды емес, нақ соларды Русь деп атады, себебі славяндар бұл жерлерге ғұн шапқыншылығынан қашып келіп орналасты, оларды – солтүстікте викингтер, оңтүстікте – хазарлар кәдімгідей паналатты, бірақ жер үлестері үшін екеуі де олардан алым-салық алды).

Алайда викингтер мен бұлғарларға мұндай күшті көрші қажет емес еді. Бұл коллизияға византиялық дипломатия да араласты. Ол викингтер мен болгарларды хазарларға қарсы айдап сала бастады. Хазарларды талқандаған, ресми тарихта жазылғандай, Святославтың (ресейлік тарихнама арсыздықпен славянинге айналдырып алған) жалғыз дружинасы ғана емес, дәл осы альянс болатын. Расымен де, жаяу викингтер өз кезінде бірнеше рет араб армиясына соққы берген, Кавказды бағындырған хазарлардың атты әскерін ешқашан жеңе алмас та еді, егер бұлғарларда дәл сондай атты әскер болмағанда.

... Антропоним «Боричь» мы встречаем в «договоре Игоря» (941 год), когда делегация балтийских викингов (перечисляется около 50 имён, среди которых кроме балтийских имён встречаются вполне тюркские имена, но нет никаких славянских имён, даже имя Игоря было тогда иное, - Ингвар) подписала договор с греками. Разумеется, русские историки, начиная с летописей и Карамзина, назвали эту делегацию русской, т.е. славянской. Но Русью в то время называли именно прибалтов (норманнов, датов, свенов). Скорее всего, эта делегация представляла прибалто-печенежскую или прибалто-тюркскую (торкскую) коалицию, куда могли входить и берши после разгрома Хазарии, а затем и Булгарии.

История Хазарии трагична. Населяя низовья Волги и Урала, Хазария вначале процветала. Но после подъёма уровня Каспийского моря и, как следствие, затопления многих хазарских городов, хазары вынуждены были «подняться» выше Прикаспия. Разумеется, эта миграция не была бесконфликтной.

На севере была территория булгар, угров, викингов (надо повторять и повторять: именно их называли Русью, а не славян, поскольку славяне населили эти места, бежав от гуннского нашествия, их просто приютили, - на севере викинги, на юге – хазары, но за земельные наделы брали с них дань и те, и другие).

Но викигам и булгарам такой сильный сосед не был нужен. К этой коллизии вмешалась и византийская дипломатия. Она стала натравливать на хазаров викингов и болгар. Именно этот альянс, а не одна лишь дружина викинга Святослава (которого российская историография беззастенчиво превратила в славянина) разбила хазар, как это установилось в официальной истории. Действительно, пешие викинги никогда бы не сладили с конницей хазаров, которая была в своё время несколько раз арабские армии, покоряла Кавказ, не будь такой же конницы у булгар.



Алайда, кейінірек кезек бұлғарлардың өзіне де келді, оларды енді тағы да печенегтердің атты әскері тас-талқан етті, ал жеңістің жемісін ұрыс даласында викингтер, ал хат беттерінде – славяндар иемденіп алды. Егер де Святославы печенегтер өлтірмегенде, онда печенегтерді жеңген торк жеңісін тағы да сол викингтер мен славяндар меншіктеп алар еді.

Беріштер тарихта олардың қыпшақ-половецтермен одақтық қатынастарынан кейін тым танымал бола түсті. Хазарлардың күйреуінен кейін біз оларды Приднепровьеде табамыз.

Орыс жылнамалары мен тарихшылар еңбектеріндегі мәліметтерге қарайық. Махмұд Қашқари (XI ғ.), қыпшақтар құрамында Бөрілі тайпасы бар деп мәлімдейді. Бұл этноним екі бөлікке бөлінеді: бөрі + елі, дәлме дәл «қасқыр тайпасы / халық, қауым және т.с.с.» дегенді білдіреді. Бұл түсіндірме қыпшақтардың қасиетті жануарларының, тотемдерінің бірі қасқыр болғанына сәйкес келеді. «Бөрі елі» этнонимі қасқырға табынатын көптеген рулар мен тайпалардың жинақтаушы атауы екені анық.

Қыпшақтар құрамындағы осы біріккен тайпалардың қауымдастығын ән-Нувайра (1331 ж. өлді), ибн-Халдун (1332-1406), Бейбарыс ад-Дауадар (1325 ж. өлді) тәрізді авторлар, сондай-ақ «Юаньши» қытай дереккөзі атап өткен. Осы және басқа дереккөздерде бұл этнонимнің жазылуы әртүрлі: алборли, ильбари, бурлы, Эльбури, Ольберы. Алуан түрде жазылуына қарамастан түпкі мәні біреу және оны «бөрі-адамдар» сөз тіркесімен немесе «адам-қасқыр» неологизмімен белгілеуге болады... Осы тайпалық консолидацияға, кейінірек көретініміздей, беріштер де кірді.

...Жылнаманың хабарлауынша, 1055 жылы «Қыпшақтардан БОЛУШ келді және Всеволод олармен бейбіт келісім жасады». Өңгіме Всеволод Ярославич туралы болып отыр. Қыпшақтар бұл уақытта бүкіл князьдіктерді қоса алғандағыдан анағұрлым қуатты болатын. Бірақ олар бейбітшілікті қалады...

Но очередь затем настала и самих болгар, которых опять же разбила печенежская конница, а плоды победы на поле боя присвоили себе викинги, а на страницах письма – славяне. Если бы Святослава не убили печенеги, то торкскую победу над печенегами опять бы присвоили викинги и славяне.

Наиболее берши стали известны истории после их союзнических отношений с кыпчаками-половцами. После разгрома хазар мы их находим в Приднепровье.

Обратимся к сведениям из русских летописей и трудам историков. Махмуд Кашкари /XI в./ сообщает, что в составе кипчаков есть племя Борили. Этноним этот разлагается на 2 части: бори + или /ели/, что буквально означает "волчье племя /народ, общность и т.п./". Это толкование соответствует тому, что одним из тотемов, священных зверей у кипчаков был волк. Этноним "бори ели" явно собирательное наименование многих родов и племён, поклоняющихся волку.

Это объединённое сообщество племён отмечено было в составе кипчаков такими авторами как ан-Нувайри /умер в 1331 г./, ибн-Халдун /1332-1406/, Бейбарс ад-Дауадар /ум. в 1325/, а также китайским источником "Юаньши". В этих и других источниках написания этого этнонима различны: алборли, ильбари, бурлы, Эльбури, Ольберы. Независимо от всех разнописаний суть одна и ее можно обозначить словосочетанием "люди-волки" или неологизмом "человолки"... К этой племенной консолидации, как увидим позже, относились и берши.

...Летопись сообщает, что в 1055 году "приходи БОЛУШ с Половцы и сотвори Всеволод с ними мир". Речь идёт о Всеволоде Ярославиче. Половцы в это время были намного сильнее, чем все княжества вместе взятые. Но они сотворили мир...

Жылнамалар, ал олардың ізінше тарихшылар / Карамзин, Ключевский/, бөтен мәдениетті мүлдем түсінбестен, қыпшақтарға қатысты қара бояуды аямай жақты және бықсық сөз таратты (киіз үй мен жануардың қанын пайдалануы туралы айтпағанның өзінде, тіпті жылқы сүтін пайдаланудың өзі оларға жиіркенішті көрінді).

Бірақ, жылнамалар орыс князьдерінің толып жатқан жүрек айнытарлық қылықтары жайлы жұмған аузын ашпады. Қыпшақтар, мысалы, «рыцарлық ар-намыс» кодексін сақтай білді және «шабуыл жасамау туралы пакті» жасалғаннан 6 жылдан кейін болған жағдай сияқты, келісім-шарт бекіткен бейбіт әріптесіне себепсіз бас салған жоқ. Бұл жағдайда Всеволод екіжақты ойын ойнады: оғыздарды / торктарды/ өздерінің одақтас-қыпшақтарына қарсы айдап салды.

Міне, сол кезде ойран басталды! 1061 ж. қыпшақтар Всеволодты тас-талқан етті және мол олжамен Донға оралды. 1078 жылға шейін олар Киев Русін 4 рет ойрандады. Жылнамалар бойынша, қыпшақтарды Секал хан бастады. Ал, Болуш кім болған? Тынышпаев оны Беріш есімімен ұқсастыруға бейім. Бұл антропоним емес, этноним, яғни тайпалық немесе рулық атау болуы ықтимал. Әңгіменің кейінгі ауаны осындай түсіндірмеге итермелейді.

...Всеволодтың өлімінен кейін (1093 ж.) қыпшақтар өздері бітімге келуді ұсынды, бірақ князь Святополк бейбітшілік елшілерін абақтыға қамады (тағы да опасыздық және қасиетті нәрсені қорлау!).

Қыпшақтар мұндай ақылға сыймайтын қылмысқа қарсы лайықты шарамен жауап берді: қалалар мен ауылдарды өртеді, адамдарды топырлатып тұтқынға алды. «Жеңілтек Святополктың» (Карамзиннің сөзі) өзі бітімге келуді сұрады, бірақ енді қыпшақтар мәмілеге келмеді: олар Торческ қаласын /түркілер мен торк-оғыздардың қаласы/ қоршауға алды, оған көмекке келген Святополк пен Мономахты талқандады. Оған қоса князьдер аса қатты жеңіліске ұшырады, Мономах Черниговқа, ал Святополк Киевке қашты (Карамзин мекерсініп, қашуды «қайта оралу» деп атаған).

Летописи, а вслед за ними историки /Карамзин, Ключевский/, совершенно не поняв чуждую культуру, не жалели чёрных красок и пакостных выражений в отношении кипчаков (даже потребление кобыльего молока казалось им омерзительным, не говоря о юртах и потреблении крови животных).

Но летописи умолчали о многих омерзительных поступках русских князей. Кипчаки, например, умели блюсти кодекс "рыцарской чести" и не могли беспричинно напасть на мирного партнёра, с кем закрепили договор, как это случилось через 6 лет после заключения «пакта о ненападении» В данном случае Всеволод вёл двойную игру: натравливал огузов /торков/ на своих союзников-кипчаков.

И тогда началось! В 1061 г. кипчаки разбили Всеволода и с богатой добычей воротились к Дону. Вплоть до 1078 г. они 4 раза громили Киевскую Русь. По летописям, половцев водил хан Секал. А кем был Болуш? Тынышпаев склонялся к отождествлению его с именем Берш. Возможно, что это не антропоним, а этноним, т.е. племенное или родовое название. Дальнейший ход изложения склоняет к такому толкованию.

...После смерти Всеволода /1093/ кипчаки сами предложили заключение мира, но князь Святополк заточил послов мира в темнице (опять вероломство и святотатство!)

Кипчаки ответили на это немислимое преступление адекватными контрмерами: сожгли города и селения, угнали в плен массу людей. "Легкомысленный Святополк" / выражение Карамзина/ сам запросил мира, но кипчаки были уже несговорчивы: они осадили г. Торческ /город тюрков или торков-огузов/, разбили пришедших ему на помощь Святополка и Мономаха. Причём князья потерпели жесточайшее поражение, Мономах бежал в Чернигов, а Святополк в Киев (Карамзин лукавил, когда побег называл "возвратом").

Қыпшақтар екіге бөлінді: бір бөлігі Торческ қоршауын жалғастырды, ал келесі бөлігі киевтік князьді өкшелей қуып, Русь астанасының қабырғасына дейін жетті. Князьдің тойтарыс беру талпынысы ол үшін жаңа ойранға ұласты. Торческ алынып, өртке оранды. Святополкке енді қайтпек керек? Әлбетте, өзін қорлайтын шарттарға көну. Ол осыған барды да.

Карамзин тағы да қараниеттікпен былай деп жазады: «Әскери бақытқа жете алмаған соң, Святополк қыпшақтарды басқаша тәсілмен тұйыққа қамауды ойлады және олардың князі Тугроканның қызына үйленді». Басқаша айтқанда, князь үйленуге ризашылығын білдіріпті... Жеңілген адам жеңімпаздың қызына қалай үйлене алады?

Әрине, оны... күштеп үйлендірді! Князь қорланса да өзін князьдіксіз қалдырмауды өтінгені сөзсіз, сол кезде қыпшақтар оған саяси бұғау кигізді: ханның қызымен неке құру арқылы Даланың вассалы жасады. «Игорь полкі туралы сөз» поэмасында осы саяси акті поэтикалық формуламен берілген: «Сұңқарды сұлу қызбен шырмау». Әлгінде Карамзин еске алған Тұғрұлхан /жылнамаларда Туграхан/ өзінің барлық қыздарын орыс князьдеріне күйеуге берді, бірақ өзі, ақыр соңында, дәл осы саясаттың құрбаны болды...

Сонымен, сахнада **Тұғрұлхан** пайда болды, тым елеулі тарихи тұлға. Өз өмірінің соңына дейін ол тағы бір көрнекті қолбасшы және билеуші хан Бонякпен тізе қоса соғысты /жылнамаларда Боняк БУРЧевич/. Олардың қолбасшылығымен қыпшақ атты әскері 1091 жылы Византияны печенегтермен алты жылғы соғысудың ойранынан анық сақтап қалды.

Ілгерідегі тарихи экскурс – Тұғрұлхан мен Боняктың Византиядағы жеңісті соғыстарының жалғасы. Тұғрұлханның князьдіктерге қатысты саясаты болса аса қарапайым: князьдерді күйеу бала ету, яғни «өзінікіне» айналдыру және олармен бейбіт қатар өмір сүру. Бірақ князьдер үнемі бір-бірімен қырқысып жататын, ал ханға судья рөлін атқарудан басқа ештеңе қалмады: талқыға салу, кінәлілерді жазалау.

Кипчаки разделились надвое: часть продолжала осаду Торческа, часть, преследуя киевского князя, достигла стен столицы Руси. Попытка князя дать отпор, обернулась для него новым разгромом. Торческ был взят и сожжён. Что оставалось сделать Святополку? Разумеется, идти на унижительные условия. И он пошёл на это.

Карамзин снова недобросовестен, когда писал: "Не имел счастья воинского, Святополк надеялся иным способом обезоружить половцев и женился на дочери их князя, Тугрокана". Иными словами, князь соизволил жениться... Как может жениться побеждённый на дочери победителя? Конечно, его женили... насильно!

Разумеется, князь униженно просил не оставлять его без княжества, тогда кипчаки надели на него политическое ярмо: через брак с дочерью хана сделали вассалом Степи. В поэме "Слово о полку Игореве" этот политический акт обозначен поэтической формулой: "Опутать сокола красной девицей". Уже упомянутый Карамзиным Тугрулхан /в летописях Туграхан/ всех своих дочерей выдал замуж за русских князей, но сам, в конце концов, стал жертвой именно этой политики...

Итак, на сцене появился **Тугрулхан**, весьма заметная историческая личность. До конца своей жизни он воевал бок о бок с другим выдающимся полководцем и правителем ханом Боняком. /в летописях Боняк БУРЧевич/. Под их командованием кипчакская конница в 1091 году буквально спасла Византию от разгрома в шестилетней войне с печенегами.

Предшествующий исторический экскурс - продолжение победоносных войн Тугрулхана и Боняка в Византии. Политика же Тугрулхана в отношении с княжествами была проста: сделать князей зятьками, т.е. "своими" и мирно с ними сосуществовать. Но князья-то постоянно грызлись между собой, а хану ничего иного не оставалось, как выступать в роли судьи: участвовать в разборках, наказывать виновных.

Дала-Русь БЕТПЕ-БЕТ ҚАРСЫЛАСТЫҒЫ, көптеген тарихшылар көрсетуге тырысатындай дәрежеде болған емес. Жанжалдар, өзара кикілжің мен Ұлы Киев тағы үшін күрес феодал арасында жүріп жатты, ал князьдер қыпшақтарды Руське өздері шақырды, ертіп келді және де өздері сол өз құдалары мен қайынаталарын зымияндықпен, опасыздықпен сатып кетті.

Русь өзінің қыпшақтармен болған «БІРІНШІ ЖЕҢІСІНЕ» В.Мономах тұсында жетті. Карамзин бұл туралы былай жазды: «Ақыры ұлы князь бен Владимир өз халқының жабырқаған рухын жеңіспен жігерлендірді. Бұл жеңістер, өкінішке орай, опасыздықпен басталды. Ұзақ уақытқа созылған мемлекеттік бақытсыздықтар жүректерді ашу-ызаға толтырады және адамгершіліктің өзіне зиян келтіреді. Қыпшақ көсемдері, Итларь мен Китан, Мономахпен бітім жасасып, оның ұлы Святославты тали, немесе аманатқа алды. Китан қала дуалына жақын қоста қауіп-қатерсіз тұрып жатты: Итларь Переяславльде Ратибор вельможада қонақта болатын.

Сол кезде қараниет кеңесшілер князге қас жауларының ағаттығын пайдаланып қалуды, қасиетті келісімді және одан қасиеті кем емес қонақжайлылық заңдарын бұзуды ұсынды – бір сөзбен айтқанда, барлық қыпшақтарды зұлымдықпен өлтіруге шақырды. Владимир біраз тайсақтады; бірақ дружина сол варварлардың өздері де мың сан рет серттен тайғанын әбден дәлелдеп, оның онсыз да жасық ар-ұжданын жұбатты...

Түн ортасында россиялықтар, өздеріне бағынышты торктермен бірге қаладан шықты да, ұйқы басқан Китан мен оның әскерлерін бауыздап салды, сөйтіп босатылған Святославты салтанатты түрде Владимирге алып келді. Итларь, ештеңені білместен, ертеңісін өзінің жылыжүзді қожайындарының үйінде асықпай ас ішуге дайындалды, сол кезде Ратиборлардың ұлы Олбег, қонақ бөлменің жоғары тұсынан әдейілеп жасалған тесік арқылы оның кеудесіне оқ қадады;

ЛОБОВОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ Поле-Русь, как это пытаются представить многие историки, не было. Раздоры, усобицы и борьба за великий киевский стол происходили между феодалами, сами князья наводили и приводили кипчаков на Русь и сами же подленько, вероломно предавали своих сватов и тестюшек.

Свою «ПЕРВУЮ ПОБЕДУ» над кипчаками Русь одержала при В.Мономахе. Карамзин об этом писал: "Наконец великий князь и Владимир ободрили победами унылый дух своего народа. Они, к сожалению, начались вероломством. Долговременные несчастья государственные остервеняют сердца и вредят самой нравственности людей. Вожди половецкие, Итларь и Китан, заключив мир с Мономахом, взяли в тали, или в аманаты, сына его Святослава. Китан безопасно жил в стане близ городского вала: Итларь гостил в Переяславле у вельможи Ратибора.

Тогда недостойные советники предложили князю воспользоваться оплошностью ненавистных врагов, нарушить священный мир и не менее священные законы гостеприимства - одним словом, злодейски умертвить всех половцев. Владимир колебался; но дружина успокоила его робкую совесть, доказывая, что сии варвары тысячу раз сами преступали клятву...

В глубокую ночь россияне, вместе с торками, им подвластными, вышли из города, зарезали сонного Китана, его воинов и с торжеством привели ко Владимиру освобождённого Святослава. Итларь, не зная ничего, спокойно готовился поутру завтракать у своих ласковых хозяев, когда сын Ратиборов, Олбег, пустил ему в грудь стрелу сквозь отверстие, нарочно для того сделанное вверху горницы;

байғұс Итларь, бір топ атақты жолдастарымен бірге пасық қастандықтың құрбаны болды, бұл сол замандағы ресейлік князьдердің ең жақсысының өзіне қарапайым қулық болып көрінетін».

Түсіндірме беру бұл арада орынсыз. Тек, қаза тапқан қыпшақтар арасында Аклан Бурчевич те болғанын атап өтеміз, яғни Беріштердің тағы бір «ұлы». Оған қоса, «орыс» князьдері мен воеводаларының көптеген есімдері қазіргі заманғы құлақ үшін әбден орысша естілгенмен де (Владимир, Святослав, Святополк және т.с.с.), мына Олбег есімінің пайда болуы, тіпті сол Ратибордың өзінің де есімі елең еткізеді... Бұл викингтердің, варягтардың есімдері. Шын мәнісінде алғашқы «орыс» князьдері Святослав пен Олег те славян емес болатын (олардың айналасындағы воеводалар мен елшілердің есімдерін еске түсірейік).

...Осындай сорақы опасыздық кек қайтаруды талап етті. Қыпшақтар жауап шабуыл жасады. Бірақ шайқаста Тұғрылханның өзі күйеу баласы Святополктың сарбазының жебесінен мерт болды. Басқа бағыттан басып кірген Боняк болса, Киевті алуға шақ қалды, оның елді мекендерін, монастырьларын өртеп жіберді, князьдікті құйындай шарпып өте шықты.

Осы арада әрі тарихи, әрі «бершелогиялық» қорытынды жасайық.

Біріншіден, орыстардың қыпшақтармен бірінші «танысқан» сәтінен бастап, соңғылары 30 жылдан астам уақыт бойы жеңіліп көрмеді, олардың гегемондығы барынша толық болды. Бірінші жеңіске, оның аярлықпен болғанына қоса, орыс князьдері қыпшақ күшінің Византияда печенегтермен болған соғыстан кейін әлсіреуінің арқасында жетті, онымен қоймай олар оның таңдаулы бөліктерін сойып тастады.

Екіншіден, Тұғрылханның тірі кезінде Боняк оның воеводасы болғаны туралы мағлұматтар бар, хан титулын ол Тұғрылхан тарих пен өмір сахнасынан кеткеннен кейін ғана алған. Бұл факті бірқатар логикалық түйіндер жасауға мүмкіндік береді...

несчастный Итларь, со многими знаменитыми товарищами, был жертвою гнусного заговора, который лучшему из тогдашних князей российских казался дозволенною хитростию».

Комментарии здесь уже неуместны. Отметим лишь, что среди погибших кипчаков был Аклан Бурчевич, т.е. ещё один «сын» Берша. Кроме того, хотя многие имена «русских» князей и воевод звучат вполне по-русски для современного уха (Владимир, Святослав, Святополк и т.п.), но вот появление имени Олбега, да и самого Ратибора, настораживает... Это имена викингов, варягов. Да и первые «русские» князья Святослав и Олег не были славянами (вспомним имена окружавших их воевод и послов).

...Эта вопиющая измена требовала отмщения. Кипчаки произвели ответный набег. Но в битве пал сам Тугрулхан от стрелы ратоборца своего зятя Святополка. Боняк же, вторгшийся в другом направлении, едва не взял Киев, выжег его предместья, монастыри, смерчем пронёсся по княжеству.

Подведем промежуточные, как исторические, так и "бершелогические", итоги.

Во-первых, с момента первого "знакомства" русских с кипчаками, последние, более 30 лет не знали поражений, их гегемонизм был полнейший. Первую победу, кроме того, что она была подлой, русские князья одержали над ослабевшей после войны с печенегами в Византии половецкой силой, к тому же они вырезали отборные её части.

Во-вторых, существуют сведения о том, что при жизни Тугрулхана Боняк был у него воеводой, титул хана он получил лишь после ухода первого с исторической и жизненной арены. Этот факт позволяет выдать некоторые логические выводы...

Хан титулы мұрагерлікпен берілетіні белгілі, ол әкеден балаға немесе, «лествица жүйесі» бойынша, яғни үлкен бауырынан кішісіне, ағасынан немере інісіне берілетін. Тақ иеленудің бұл формасы ғұндар тұсында өмір сүрді, ал кейін бірінші қағанаттардың түркілерінде де болды. Бұл ғұрып скифтер тұсында да болған деген ұйғарым бар (Геродот бойынша, - «патшалық скифтердің» кланы).

Оны Мономахтың билігінен бастап Русь те қабылдады. Бұл нұсқалардың кез келгенінде басты негіз туыстық болып табылады, ал мұның өзі Боняктың Тұғрылханның ұлы, не бауыры, не болмаса немере інісі болғанын білдіреді. Жылнамалар Боняктың тайпалық шығу тегін анық тіркеген: ол БУРЧевичтерден шыққан, яғни Беріш тайпасына жатады (Берч, Бурч, Борич және т.б.). Ал бұл тағы да сол, Тұғрылхан да, бәлкім, жоғарыда аталған БОЛУШ та, қыпшақтардың бір генеалогиялық, рулық немесе тайпалық бұтағынан шыққанын білдіреді деген сөз. Ал егер де, сол ұйқыдағы және қонақ қыпшақтарды қырған қатерлі түні «хановичтердің» біреуі, нақты айтқанда, - Аклан БУРЧевич (Тұғрылханның ұлы болуы ықтимал) өлтірілгенін ескеретін болсақ, онда бұл бағыттағы пікірлердің жорамал немесе жаңсақ сөз еместігі айқын көрінеді.

Тұғрылханның қазасынан кейін «бөрілі тайпаны» Боняк басқарды. Тарихи сахнада Кончактың пайда болған уақытына дейін, Боняк қыпшақтардың ең көрнекті қолбасшысы болды. Жылнамалар оған қатысты эпитеттерге сараңдық танытпапты. Оны нағыз антұрған, жауыз, малғұн, күнәһар деп атады және т.с.с. Ол князьдіктерге қатысты әскери іс-қимылдарды сәтті жүргізіп қана қоймай, сонымен бірге ...кейбір князьдерді қорғады. Оның өмірбаянындағы батылдығының, «қасқыр-адамдық» мінез-құлқының және әскери өнерінің даңқты беттерінің бірін келтірейік.

Известно, что титул хана был наследственным, он передавался от отца к сыну или по, так называемой "системе лестницы", т.е. от старшего брата к младшему, от дяди к племяннику. Эта форма престолонаследия существовала при гуннах, а потом и тюрках первых каганатов. Есть предположение, что этот обычай бытовал ещё при скифах (по Геродоту, - клан «царских скифов»).

Её переняла Русь, начиная с правления Мономаха. В любом из этих вариантов основой является родственность, а это значит, что Боняк был либо сыном, либо братом, либо племянником Тугрулхана. Летописи чётко зафиксировали племенную принадлежность Боняка: он был из БУРЧевичей, т.е. относился к племени Берш (Берч, Бурч, Борич и т.д.) А это снова значит, что и Тугрулхан, и, возможно, упомянутый БОЛУШ, представляли одну генеалогическую, родовую или племенную ветвь кипчаков. А если учесть и то, что в ту роковую ночь резни спящих и гостящих кипчаков был зарезан один из "хановичей", а именно, - Аклан БУРЧевич (возможно, сын Тугрулхана), то данный ход рассуждений не покажется домислом или выдумкой.

После гибели Тугрулхана "волчье племя" возглавил Боняк. До времён появления на исторической сцене Кончака, Боняк был самым выдающимся полководцем кипчаков. Летописи по отношению к нему не скупались на эпитеты. Его называли треклятым, кощеём, окаянным, безбожным и т.п. Он не только вёл успешные военные действия по отношению к княжествам, но и ...защищал некоторых князей. Приведём одну из славных страниц его биографии, воинского искусства, бесстрашия и "человолчьего" поведения.

1097 ж. князьдердің өзара соғыстарының нәтижесінде, Киев князі Святополктің ұлы Ярослав, Ростиславичтер кланын жазалау үшін, Руське король Коломан бастаған сансыз көп венгер армиясын алып келді. Ал, Святополкпен де, Ростиславичтермен де дұшпандық қарым-қатынаста болған князь Давид Игоревич болса, соңғысына қосылды да қыпшақтар жағынан одақтас іздеуге кірісті.

Жылнама хабарлайды: «Давыд ...қыпшақтарға барды және оны Боняк қарсы алды, содан Давыд қайтып оралды, сөйтіп олар венгрлерге қарай жүрді. Жол-жөнекей олар түнеуге тоқтады, содан түн жарымында Боняк орнынан тұрып, әскерден ұзап шықты және қасқыр құсап ұли бастады, оның ұлуына қасқыр үн қатты, содан көп қасқыр ұли жөнелді. Боняк болса, қайтып келіп, Давыдқа «біз ертең венгрлерді жеңеміз» деді».

Жылнаманың мәлімдеуінше, қыпшақтар 390 адам болған, ал Давидтің дружинниктері – 100, бірақ осы коалиция өзінен 80 еседей асып түсетін венгер армиясын тас-талқан етті!

Міне, жылнамаға сүйене отырып, осы шайқасты Карамзин қалай сипаттайды: «...әскерлерді жігерлендіріп, ержүрек Боняк оларды үш бөлікке бөлді; өзінің жолдасы Алтунопаға 50 атқышпен венгрлерге тіке қарсы жүруді бұйырды; Давидке негізгі отрядты тапсырды, ал өзі 100 шақты адамымен, алдыңғы жақта, жолдың екі жағын бірдей торуылдап жүріп отырды. Алтунопа алыстан қару-жарағы мен сауыттары шығып келе жатқан күннің алғашқы шапақтарымен жалт-жұлт еткен және ұланғайыр кеңістікте қатар-қатар сап түзеген жаудың қалың қарасын көрді. Ол тайсалмай алға жүріп, бірнеше жебені жаудырды да, қаша жөнелді. Венгрлер жапатармағай оның соңынан ұмтылған кезде, Боняк олардың тылынан соқты, Алтунопа алдынан, Давид те сол жақтан. «Аңырып қалған венгрлер құты қашып, бірін-бірі таптап дүрбелеңге түсті; Сан өзеніне секіріп, суға батты. Жеңімпаздар оларды екі күн қуды. Коломанның өзі әуіріммен тірі қалды, 40000-ға жуық әскерін, көптеген барондары мен оққағарларын жоғалтты...»

В 1097 г. в результате княжеских междоусобиц, сын киевского князя Святополка, Ярослав, чтобы наказать клан Ростиславичей, привёл на Русь тьмачисленную венгерскую армию во главе с королём Коломаном. Князь же Давид Игоревич, бывший в неприятельских отношениях, как со Святополком, так и с Ростиславичами, примкнул к последним и стал искать союзника в лице кипчаков.

Летопись сообщает: "Давыд ...пошёл к половцам и встретил его Боняк и воротился Давыд, и пошли они на венгров. В пути они остановились на ночлег, и когда наступила полночь, встал Боняк, отъехал от войска и начал выть по-волчьи, и волк откликнулся на его вой, и завыло множество волков. Боняк же, вернувшись, сказал Давыду, что «завтра мы победим венгров».

Летописец сообщает, что половцев было 390 человек, а дружинников Давида - 100, но эта коалиция разгромила венгерскую армию, превышающую её более чем в 80 раз!

Вот как, опираясь на летопись, описывает эту битву Карамзин: "...ободрив воинов, мужественный Боняк разделил их на три части; велел товарищу своему, Алтунопе, идти прямо на венгров с 50 стрелками; поручил Давиду главный отряд, а сам засел впереди, по обеим сторонам дороги, имея не более 100 человек. Алтунопа увидел вдали множество врагов, коих оружие и латы блистали от первых лучей восходящего солнца и которые стояли рядами на великом пространстве. Он шёл смело и, пустив несколько стрел, обратился в бегство. Когда же венгры устремились вслед за ним без всякого порядка, Боняк ударил на них в тыл, Алтунопа спереди, Давид также. "Изумлённые венгры в ужасе, в смятении давили друг друга; бросались в реку Сан и тонули. Победители гнали их два дня. Сам Коломан едва спас жизнь свою, потеряв около 40000 воинов, многих баронов и телохранителей..."

Венгрлер, Карамзиннің айтуынша, орыс жерін жаулап алып қана қоймай, «россияндарды өз Сеніміне» кіргізу үшін келді, себебі жасақтың ішінде епископтар да бар еді. Шайқаста қаза тапқан солардың біреуінің есімі /Купан/, жылнама беттерінде қалды. Осылайша, беріш-қыпшақтар Русьті құлдықтан ғана емес, сонымен бірге католицизмге кіруден де құтқарып қалды!

Осы жылнамалық факті, құрамына БУРЧ (БЕРЧ, БЕРШ) тайпасын да қамтыған «бөрілі» тайпалар одағына Боняқтың қатыстылығын растайтыны сөзсіз. Орыс жылнамасы Боняқты 1140 жыл уақиғаларына байланысты да еске алады, осыдан кейін барып ол енді басты кейіпкер ретінде жылнама беттерінен жоғалады.

Бірақ Ипатьев жылнамасында оның ұлы Севенч туралы айтылады, ол 1151 жылы Киевті қоршауға алған, сондағы бір шайқаста қаза тапқан. Әлбетте, бұл антропоним де – түркі есімдерінің бұрмаланған нұсқасы, СЕБЕПші немесе СЕБЕКші типтес...

Беріштер жайлы тарихи мәліметтер жылнамаларда 1185 ж. соғыста князь Игорь Святославич дружинасының талқандалуына байланысты да көрсетілген, «Слово о полку Игореве» атты ұлы шығарма осы соғысқа арналған. Басты кейіпкерлер қыпшақ Кончак пен Газактан (Гзак, Гза, Казак және т.с.с.) басқа, жылнамалар олардың мынадай одақтастарын атайды: Етебичтер, Токсобичтер, Колобичтер, Тертробичтер, Тарголове, Улашевичтер мен Бурчевичтер. Соңғыларын тарихшы Плетнева «бұрынғы Днепр бойы бірлестігінің ең қуатты ордаларының бірі» деп атайды.

Игорь әскерінің жеңілісінен, оның өзінің және айналасының тұтқындалуынан кейін, көп еңбек сіңірген және соғыста ерекше көзге түскен қыпшақтар көрнекті вельможаларды соңыра құн алу үшін үлестіріп ала бастады.

Венгры, по словам Карамзина, шли не только завоевать русские земли, но и обратить "россиян в свою Веру", так как с войском шли и епископы. Имя одного из них /Купан/, погибшего в сражении, осталось на страницах летописи. Таким образом, берши-кипчаки не только спасли Русь от порабощения, но и от обращения в католицизм!

Этот летописный факт, безусловно, подтверждает принадлежность Боняка к союзу "волчьих" племён, включавшего в себя и племя БУРЧ (БЕРЧ, БЕРШ). Русская летопись упоминает Боняка и в связи с событиями 1140 г., после чего он уже, как действующий персонаж, со страниц летописей пропадает.

Но в Ипатьевской летописи говорится о его сыне Севенче, который в 1151 году осаждал Киев, где погиб в одной из битв. Разумеется, и этот антропоним - искажённый вариант тюркских имён, типа СЕБЕПчи или СЕБЕКчи...

Исторические сведения о бершах отражены в летописях и в связи с разгромом дружины князя Игоря Святославича в битве 1185 г., чему было посвящено великое произведение "Слово о полку Игореве". Кроме главных героев кипчаков, Кончака и Газака (Гзак, Гза, Казак и т.п.), летописи называют следующих их союзников: Етебичи, Токсобичи, Колобичи, Тертробичи, Тарголове, Улашевичи и Бурчевичи. Последних историк Плетнёва называет «бывшими одной из самых сильных орд приднепровского объединения».

После поражения рати Игоря, пленения его самого и его окружения, наиболее заслуженные и отличившиеся в битве кипчаки стали разбирать сановных вельмож для получения последующего выкупа.



Рюриктің жылнамашысы жазғандай, Игорьді тарголовтық Чилбук алды, оның бауыры, Всеволодты – Гзактың ұлы Роман, Владимирді (Игорьдің ұлы) Копти Улашевич тұтқын қылды, ал Святослав Ольговичті (Игорьдің немере інісі) – **Елдечюк БУРЧевич** алды. Тіпті **Гзактың** өзін де жылнама **БУРнович** деп атайды, яғни бұл оның «бөрі» қандас болғанын көрсетеді...

Жылнамалардың бірі 1232 жылға таман мынадай мәлімет береді: «Қыпшақтардың **ПУРЫШ**евінің ұлы /курсив, - Б.Қ./ бүкіл Мордваны және Пургаскілік Русьті қырып-жойды, ал Пургас әрең дегенде қашып құтылды».

...Тағы да жолай қорытындылар жасай кетейік. М.Тынышпаев жүргізген беріштер жайлы іріктелген мәліметтерді бірқатар тарихи айғақтармен толықтырып, оларды хронологиялық тәртіппен басын қосып біріктіреміз.

941 жыл. **Боричь** деген біреу викингтер делегациясының құрамында (сол кезде викингтерді, варягтарды русиндер, орыстар деп атаған) гректермен бітім жасау туралы шартқа қол қояды. Бәлкім, Беріштің бұл есімін викингтер далалықтардан алған болар, мұндай жайттар Еуропада ғұн дәуірі кезінде жиі кездесетін.

1055 жыл. Қыпшақтарды бастаған **БОЛУШ** (Тынышпаев бойынша, - **БЕРШ** этнонимі) оңтүстік орыс шекарасына келді.

1091 жыл. Тұғрылхан мен воевода Боняк **БУРЧевич** Беріштердің «бөрілі тайпасын» бастап, печенегтерді талқандады және алты жылдық соғыста қалжыраған Византияны босатты.

1093 жыл. Осы қолбасшылар В.Мономах пен Святополктың полктарын жойды.

Летописец Рюрика сообщает, что Игоря взял Чилбук из тарголовцев, его брата, Всеволода - сын Гзака Роман, Владимира (сына Игоря) пленил Копти Улашевич, а Святослава Ольговича (племянника Игоря) - **Елдечюк БУРЧевич**. Да и самого Гзака летопись называет **БУРновичем**, т.е. указывает на то, что он был из "волчьих" кровей...

Одна из летописей под 1232 годом сообщает: "**ПУРЫШ**ев /курсив, - Б.К./ сын с Половцы избил Мордву всю и Русь Пургасскую, а Пургас едва в мале утече".

...Снова подведём попутные итоги. Дополнив подбор сведений о бершах, проведённых М.Тынышпаевым, некоторыми историческими свидетельствами, сведём их воедино в хронологическом порядке.

941 год. Какой-то **Боричь** в составе делегации викингов (Русин, русских, как называли в то время викингов, варягов) подписывает договор о мире с греками. Возможно, это имя Берша было заимствовано викингами у степняков, как часто это происходило во время гуннской эпохи в Европе.

1055 год. **БОЛУШ** (по Тынышпаеву, - этноним **БЕРШ**) во главе кипчаков подошёл к южнорусскому пограничью.

1091 год. Тугрулхан и воевода Боняк **БУРЧевич** во главе "волчьих племён" Бершей, разбили печенегов и освободили изнурённую 6-летней войной Византию.

1093 год. Эти же полководцы разбили полки В.Мономаха и Святополка.

1095 жыл. Князь Мономахтың ырзалығымен қыпшақтардың таңдаулы бөлігін қырып салу. Қаза тапқандар арасында беріштер болды / Аклан БУРЧевич/.

1140 жыл. Боняк БУРЧевич туралы соңғы жылнамалық жазбалар, оның неден өлгені белгісіз.

1151 жыл. Киев дуалының түбінде, оны қоршау кезінде, Боняктың ұлы Севенч қаза тапты, оның да БУРЧевичтерден екендігі анық.

1185 жыл, 5 мамыр – Игорь дружинасының талқандалуы. Беріштер белсенді рөл атқарды. Олардың біреуінің есімі жылнамада тіркелген (Елдечюк БУРЧевич/.

1232 жыл. ПУРЫШТЫҢ «ұлы» Мордва мен Руське қаһарын төкті.

Сонымен, аз дегенде 2-3 ғасыр бойы, әртүрлі адамдар жылнамаларда дәл сол бір әкенің: Беріштің балалары ретінде қылаң береді. Анығын айтқанда, сол бір есім әр жерде әртүрлі жазылды: Бурч, Пуруш, Бурц, Бурн және т.с.с. Тынышпаевтың дұрыс ескерткеніндей, түркі халықтарында «ұлы» сөзін тікелей емес, «пәлен есімді тайпадан шыққан ұрпақ немесе тұлға мағынасында...» түсінген жөн.

Беріштер туралы тарихи деректер болса тек орыс жылнамаларымен ғана тәмамдала қоймайды... Қытайлық «Юаньши» дереккөзі хабарлағандай, қыпшақтың қуатты тайпалар одағының біреуінің Арал теңізінің солтүстігінде өз иеліктері болған, оның басында ильбари тайпасы тұрған (біз бұның «бөрілі тайпалар одағы» екенін білеміз).

Дегенмен, бұл хабарламаны жылнамалармен, араб, парсы және түркі дереккөздерімен салғастыра отырып, біз енді осы одақ жайлы толық картина бере аламыз.

1095 год. Резня отборных частей кипчаков с ведома князя Мономаха. Среди погибших были берши /Аклан БУРЧевич/.

1140 г. Последнее летописное упоминание о Боняке БУРЧевиче, отчего он умер неизвестно.

1151 год. Под стенами Киева, при его осаде, погиб сын Боняка Севенч, разумеется, тоже из БУРЧевичей.

1185 год, 5 мая - разгром дружины Игоря. Активную роль сыграли берши. Имя одного из них зафиксировано летописно /Елдечюк БУРЧевич/.

1232 год. "Сын" ПУРЫША свирепствовал в Мордве и на Руси.

Итак, на протяжении почти, как минимум, 2-3 х веков различные люди в летописях фигурируют как сыновья одного и того же отца: Берша. Правда, одно и то же имя писалось различно: Бурч, Пуруш, Бурц, Бурн т.п. Тынышпаев верно заметил, что выражение «сын» у тюркских народов надо понимать не буквально, а «в смысле потомка или лица, происходящего из племени с таким именем...»

Исторические же сведения о бершах не исчерпываются лишь русскими летописями... Китайский источник "Юаньши" сообщал, что один из сильных кипчакских союзов племён имел свои владения на севере Аральского моря, что во главе его стояло племя ильбари (мы уже знаем, что это "союз волчьих племён").

Но, сопоставляя это сообщение с летописями, арабскими, тюркскими и персидскими источниками, мы можем дать уже развёрнутую картину об этом союзе.

Сармат, кейіннен – қыпшақ – тайпалар конфедерациясының әскери ядросы Беріш тайпасы болды (бурдж, барс, берс, варш). Артюр де Гобино жазғандай, поляк астанасы Варшава солардың құрметіне аталған. Испандық Барселона Барсин (=БЕРШин), Алан тайпаларына барып тіреледі.

Біздің орыс жылнамаларынан және Византияның тарихи хроникаларынан білуімізше, БУРЧевичтер Днепр, Қара теңіз бойын қоныстанған, олар оғыздармен, печенегтермен, князьдіктермен, венгрлермен, парсылармен соғысқан.

Басқа дереккөздердің хабарлауы бойынша, дәл сол «бөрілі тайпалар» Хорезммен соғысқан, моңғол шапқыншылығына дейін-ақ сол бөрілі-беріштер бөлшек-бөлшек болып Ауғанстанда, Үндістанда, Иранда, Мысырда, Сирияда және басқа елдерде тарыдай шашылғаны белгілі. Бір нұсқада, жалдамалы жауынгерлер ретінде, екіншісінде, - құл, гулямдар мен мамлюктер ретінде, өздерімен бірге билікке деген сарқылмас ерік-жігерін, озық әскери өнер машықтарын, түркінің тілі мен мәдениетін ала кетіп, биік дәрежелі тақ орындарын иелену құқығына қол жеткізді, моңғолдарға қарсы төтеп берді және өздері Тәңірінің немесе Алланың қалауымен тап болған елдердің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғап қалды...

1241 ж. беріштер моңғолдарға қарсы Бачманның басшылығымен Дидяков қаласында көтеріліске шықты және оған солтүстік кавказдық қыпшақтарды тартқаны тарихтан белгілі. Бачман әмір титулын иеленді (Рашид-ад-Дин бойынша) және Плетневаның пікірінше, Бурчевичтер тайпасынан шыққан. Осы бүлікті басу үшін тіпті орыс дружиналары тартылған болатын, бұл оның ауқымдылығын көрсетеді.

Осы тарихи фактіні Жувайни былай сипаттайды: «Барлығы көктің (жоғарының) жарлығы алдында тәжім етіп жатқан кезде, қыпшақ жексұрындардың арасында Бацман (Бачман) есімді біреу табылып, бірнеше сабазбен бой тасалап үлгерді».

Боевым ядром сарматской, позже - кипчакской - конфедерации племен было племя Берш (бурдж, барс, берс, варш). Как пишет Артюр де Гобино, польская столица Варшава названа в их честь. Испанская Барселона восходит к племенам Барсинов (=БЕРШин) и Аланов.

Из русских летописей и исторических хроник Византии мы уже знаем, что БУРЧевичи населяли Приднепровье, Причерноморье, воевали с огузами, печенегами, княжествами, венграми, персами.

Из других источников известно, что те же "волчьи племена" воевали с Хорезмом, что ещё до монгольского нашествия те же борилинцы-берши частями были разбросаны в Афганистане, Индии, Иране, Египте, Сирии и др. странах. В одном варианте, как наёмники-воины, в другом, - как рабы, гулямы и мамлюки, которые, унеся с собой неистребимую волю к власти, выдающиеся воинские навыки и искусство, тюркский язык и культуру, добивались права занимать высшие тронные места, сумели противостоять монголам и отстаивать независимость и свободу тех стран, где они оказывались по воле Тенгри или Аллаха...

Истории известно, что в 1241 г. берши поднимали восстание против монголов под предводительством Бачмана в городе Дидякове и вовлекли в него северокавказских половцев. Бочман носил титул эмира (по Рашид-ад-Дину) и относился, как считает Плетнёва, к племени Бурчевичей. Для подавления этого бунта были даже привлечены русские дружины, что говорит о его масштабности.

Этот исторический факт описывал Джувайни: «Когда все преклонили голову перед начертанием (высшего) повеления, то между кипчакскими негодьями нашёлся один, по имени Бацман (Бачман), который с несколькими удальцами успел скрыться».

...Кезінде әйгілі «Илетмиштің қырық түрік құлы» немесе «Құлдар патшасы» отрядына кірген түркі гулямы Айбек Кутаб-ад-дин, 1206 жылы, Делиде билікті тартып алып, өзі құрған мемлекеттің билеушісімін деп жариялады.

Дели түркі сұлтанаты осылай дүниеге келді, оның басында жай түркілер емес (Шамсаддин Илетмиш, оның қызы Разия, Ұлығ-хан Гийасаддин Балбан, Кейкубад), нақ «қасқыр-адам»-түркілер тұрды. Айтпақшы, сол Илетмиш Батыс Қазақстанның тумасы болатын, Делидің өзге сұлтандарынан бір ерекшелігі, оның генеалогиясы біршама белгілі: ол, тағы да сол, «бөрілі тайпалар» одағынан шыққан, яғни албөрілік немесе беріш.

Бұл адам-қасқырлар моңғолдарды әлденеше рет жеңіп, Үндістан мен Ауғанстанның тәуелсіздігін қорғап қалды, хорезмшах Мұхаммедтің баласы Желаладдиннің жетекшілігіндегі партизандық қозғалысқа дем берді.

Осыған ұқсас уақиға Мысырда да өткен, мұнда 1250 ж. түркітекті бұрынғы құл-мамлюктер билікті тартып алып, «даулат ат түрк», яғни түркі мемлекетін орнатқан және қалыптастырған, оны 1260 жылдан бастап беріштер басқарды: Бейбарыс, оның екі ұлы, Қалауын, оның тоғыз ұлы, олардың арасында ең әйгілісі ән-Насир болатын.

Беріштер бұл мемлекетті 130 жыл басқарған! Олар 4 рет моңғолдармен арпалысты және осы шайқастардың бәрінде де үстем болды (Бейбарыстың есебінде 3 жеңіс, ал ән-Насир оларды біржолата талқандады).

Бұдан басқа, беріштерден шыққан бірінші сұлтан, Бейбарыс, крес жорықтарының «жерлеушісі» ретінде тарихта қалды: ол екі рет «Христ солдаттарын» талқандады, шайқаста Франция королі IX Людовикті бауырларымен тұтқындады, Кавказды жаулап алды. Өзінің Мысырды және Сирияны 17 жылдық басқаруы кезінде ол бір де бір жеңіліске ұшыраған жоқ!

...Тюркский гулям Айбек Кутаб-ад дин, входивший в своё время в знаменитый отряд «Сорока тюркских рабов Илетмиша» или «Царей рабов», в 1206 году, захватив власть в Дели, объявил себя правителем государства, образованного им самим.

Так появился на свет тюркский Делийский султанат, во главе которого оказались не просто турки (Шамсаддин Илетмиш, его дочь Разия, Улуг-хан Гийасаддин Балбан, Кейкубад), а именно турки-"человолки". Кстати, указанный Илитмиш был выходцем из Западного Казахстана, в отличие от других султанов Дели, его генеалогия отчасти известна: он был, опять-таки, из союза "волчьих племён, т.е. алборлинцем или бершем.

Эти человолки отстаивали независимость Индии и Афганистана, неоднократно побеждая монголов, помогали партизанскому движению под руководством Джелаладдина, сына хорезмшаха Мухамедда.

Подобная же история произошла и в Египте, где в 1250 г. бывшие рабы-мамлюки тюркского происхождения, захватив власть, установили и сформировали "даулат ат түрк", т.е. тюркское государство, во главе которого, начиная с 1260 г. находились берши: Бейбарс, его два сына, Калаун, его девять сыновей, из которых наиболее знаменит ан-Насир.

Берши управляли этим государством 130 лет! Они 4 раза бились с монголами и во всех этих битвах одержали верх (3 победы на счету Бейбарса, а окончательно добил их ан-Насир).

Кроме того, первый султан из бершей, Бейбарс, остался в истории как "похоронщик" крестовых походов: он дважды громил "солдат Христа", пленил в бою короля Франции Людовика IX с братьями, завоёвывал Кавказ. За всё своё 17-летнее правление Египтом и Сирией, он не потерпел ни одного поражения!

Бейбарыс, Қалауын, ән-Насир тек көрнекті қолбасшылар ғана емес, сонымен бірге сарабал саясаткерлер, өнердің, ғылымның, кәсіптің, сауданың қамқоршылары болды. Олар өздерінің этникалық тамырларын ешқашан жоғалтқан жоқ, өз шежіресін жақсы білді, туған түркі тілінің қыпшақ диалектісінде сөйледі, жат жерде жүріп өз халқының мәдениетін сақтады және оны дамытты, Отанымен байланыстарын үзбеді.

Бұл тарихи мағлұматтар, негізінен, жалпыға белгілі, оларды көптеген тарихшылар тіркеген және суреттеп жазған. Сұлтан-беріштердің, әсіресе Бейбарыстың генетикалық шығу тегі де едәуір толық анықталған. Біздің аталастарымыз жайлы осыншама құнды мәліметтерді жазып алған және сақтаған биографтар мен тарихшылар алдында бас июге болады...

Бейбарыстың биографы, ибн Әбдузахир (1223-1293 жж.) Бейбарысты АлБӨРІлі тайпасына, яғни, біз бұған дейін білетіміздей, «бөрілі» тайпалар одағына жатқызады. Оның басқа бір биографы, ибн Шаддат (1217-1285 жж.), Бейбарыс БУРЖОғлы (оғлы – ұлы) тайпасынан шыққан деп нақтылайды, демек, - «БЕРІШтің ұлы» Бейбарыс. Ибн-Шаддаттың түсініктемелерін анағұрлым дәл деп есептеген дұрыс, себебі Бейбарыс биографиясының көптеген фактілері, Бейбарыстың өзімен бірге тұтқындалған, құлдықтың бүкіл қиыншылығын онымен бірге көрген, ал кейіннен Бейбарыстың «командасында» мамлюктердің әмірі атағына және титулына дейін жеткен жерлесі Байсарының аузынан жазып алынған.

Тарихшы әл-Айнидің «Тарихи дәуірдің тұрғындары жайлы маржан моншақтары» атты трактатында Бейбарыстың генезисі туралы өзінің түсініктемесі жазып алынған: «Мен, бей-Барыс, ат-түрк, беріш руынан шыққан әл қыпшақ». Бейбарыс қайтыс болған кезде, әл-Айни 16 жаста болатын (өмір сүрген жылдары 1361-1445), яғни біздің бұл жазбаға сенуімізге барлық негіз бар.

Бейбарс, Калаун, ан-Насир были не только выдающимися полководцами, но и непревзойденными политиками, покровителями искусства, науки, ремесел, торговли. Они никогда не теряли свои этнические корни, знали свою генеалогию, разговаривали на родном кипчакском диалекте тюркского языка, хранили и развивали культуру своего народа на чужбине, поддерживали связи с Родиной.

Эти исторические сведения, в основном, общеизвестны, они зафиксированы и описаны массой историков. Достаточно ясно установлено и генетическое происхождение султанов-бершей, в особенности Бейбарса. Поклонения заслуживают биографы и историки, которые записали и сохранили столь ценные сведения о наших соплеменниках...

Биограф Бейбарса, ибн Абдузахир /1223-1293/ относил Бейбарса к племени АлБОРИли, т.е., как мы уже знаем, к союзу «волчьих» племён. Другой его биограф, ибн Шаддат /1217-1285/, уточняет, что Бейбарс был из племени БУРДЖОғлы (оғлы - сын), значит, - Бейбарс из "сыновей БЕРШа". Показания ибн-Шаддата следует считать более точными потому, что многие факты биографии Бейбарса были записаны им из уст Байсары, земляка Бейбарса, пленённого вместе с ним, прошедшего все мытарства рабства тоже вместе с ним, а затем в "команде" Бейбарса дослужившегося до звания и титула эмира мамлюков.

В трактате историка аль-Айни "Коралловые бусы о жителях исторической эпохи" записано показание самого Бейбарса о своём генезисе: "Я, бей-Барс, ат-тюрк, аль кипчак из рода берш". Когда умер Бейбарс, аль Айни было 16 лет /годы жизни 1361-1445/, т.е. мы имеем все основания, доверять этой записи.

Осы биографтар ғана емес, сонымен бірге кейіннен өмір сүрген тарихшылар да қыпшақтардың құрамында Беріш тайпасын ерекшелеп, бөліп көрсетті. Бұл – Бейбарыс ад-Дауадар, ән-Нувайри, ибн-Халдун (өмір сүрген жылдарын мен жоғарыда келтірдім), сондай-ақ 14 ғ. тарихшылары Ахмад әл-Варрак пен Шамсудин Димашки. Бұл тарихшылардың бәрі, өз ізашарларының еңбектеріне сүйенгені сөзсіз, сол себепті содан былай дәстүрге айналған этнонимдердің, антропонимдердің, топонимдердің жазылуын бір-бірінен алды. «Бурж-оғлы» этнонимінің өзара ынтымақпен біркелкі жазылуының негізінде де осы дәстүр жатыр.

Сонымен, Беріш тайпасынан шыққан барлық танымал және көрнекті тарихи тұлғалар, «Беріштің ұлдары» деп аталды немесе өз-өздерін солай атады. Оған қоса бұл ерекшелік 11 ғ. жылнамаларынан бастап, 14 ғасырдағы араб, түркі, парсы авторларының тарихи мағлұматтарымен бірге бірнеше жүзжылдық бойы тіркеліп отырған.

Бұдан басқа, бұған дейін атап көрсетілгендей, беріштердің Каспий, Қара теңіз, Днепр жағалауларында және Шығыс Еуропаның басқа да түкпірлерінде, ал кейіннен олардың мұсылман елдерінде жалдамалылар мен құлдар ретінде пайда болуына дейін, беріштер жазба дереккөздерден тыс өмір сүргені де, бар болғаны да ақиқат. Олар Алтайды, Сібірдің оңтүстік-батысын, Моңғолияның қазіргі территориясын, Тянь-Шаннің бөктерін қоныстанды.

Мысалы, тіпті Шыңғысханның шежіресін бірқатар авторлар (Б.Әділов, А.Атабек) Беріш руына жатқызуға бейім. Ұлы Темірші (Темучин – қытайша бұрмалануы) ғұнның қият руынан, Бөріжтегін бөлімшесінен (Рашид-ад-Дин бойынша) шыққан, сөзбе-сөз – «Беріштің ұрпағы».

Не только эти биографы, но и жившие впоследствии историки отмечали и выделяли в составе кипчаков племя Берш. Это - Бейбарс ад-Дауадар, ан-Нувайри, ибн-Халдун /годы жизни я их уже указал/, а также историки 14 в. Ахмад аль Варрак и Шамсудин Димашки. Все эти историки, безусловно, опирались на труды своих предшественников, поэтому перенимали друг у друга написания этнонимов, антропонимов, топонимов, ставших уже традиционными. Эта традиция и лежит в основе дружного единообразия написания этнонима "бурдж-оглы".

Итак, все известные и выдающиеся исторические личности, выходцы из племени Берш, назывались или сами себя называли "сыновьями Берша". Причём эта особенность была зафиксирована на протяжении нескольких столетий, начиная с летописей 11 в. и кончая историческими сведениями арабских, тюркских, персидских авторов 14 века.

Кроме того, как уже было подчёркнуто, до появления бершей на берегах Каспия, Чёрного моря, в Приднепровье и других уголках Восточной Европы, а затем появления их в качестве наёмников и рабов в мусульманских странах, берши вне письменных источников и были, и жили. Они населяли Алтай, юго-запад Сибири, современную территорию Монголии, предгорья Тянь-шаня.

Например, даже родословную Чингисхана некоторые авторы (Б.Адилов, А.Атабек) склонны отнести к роду Берш. Великий Темірші (Темучин – китайское искажение) происходил (по Рашид ад Дину) из гуннского рода Кият, подрода Бөріжтегін, букв., - «Берша потомок».

Әдебиетте қалыптасқан Бөріжеген этнонимі (сөзбе-сөз, - «бөріні жеген») бұрмалаушылық болып саналады. Шын мәнінде, Бирюса және Онон өзендерінің жағалаулары Шыңғысханның атақоныс жерлері болған. Бирюса – Бирюс + ақ (Бирюш + ақ) атауының бұрмаланған нұсқасы, - «Беріштің суы», «Беріштің өзені». Ал Шыңғыстың Бөріштегі руы өзін Көк Қасқырдың тұқымы санады.

Тіпті, шашылып түскен моншақтай фактілердің өзінен көрініп тұрғандай, беріштер «бөрілі тайпаларға» жатады, олардың бөріні жинақтап «бөрі елі» деп атаған. Міне, Боняк ханның қасқырша ұлитыны да осыдан, Бейбарысты албөрілі тайпасына жатқыза отырып, оны «бурж-оғлы» (Беріштің ұлы) деп нақтылайтыны да осыдан, Гзак хан, ол да, Бурнович, «Игорь полкі туралы сөзде» «көк қасқыр болып жорта жөнелетіні» де осыдан және т.с.с. Нақ осы фактілер «бөрілі» негіздегі «Беріш» этнонимінің этимологиясын және түсіндірмесін жасау үшін негіз болады.

Беріш этнонимінің әртүрлі оқылуы және түрліше жазылуы (Бурч, Бурдж, Бердж, Пуруш, Бериш және т.с.с.), қалай болғанда да, Қасқыр атауының дәл солайша әртүрлі жазылуы мен оқылуын (бөрі, бури, бери және т.с.с.) еске түсіретін болғандықтан, этнонимді зоонимнен шығару да соншалықты дұрыс. Дәл осы негізге сүйене отырып, ізделіп отырған сөздің этимологиясын немесе түсіндірмесін де соған сай құрамыз.

Кез-келген тілдегідей, түркі тілінде де, кішірейте-еркелететін немесе құрметтей-еркелететін есімдер жиі қолданылады: Ер – Еркеш, Нұр – Нұрыш, Тұр-Тұраш, Сері – Сераш, Әмір – Мираш және т.с.с. Осы тізімге ізделіп отырған есім әрі үйлесімді, әрі қисынды сәйкесе кетеді: Бөрі /Бури/ - Бөріш, Буриш, Бураш, Беріш, Бирюч және т.с.с. Еркелеткен Бөріш есімі /Бөлтірік/, оның иесіне бекітіліп, ал кейін, түрін өзгертіп, этнонимге айналды.

Установившийся в литературе этноним Борижегин (букв., – «волка съевший») считается искажением. На самом деле, берега рек Бирюса и Онон были родовыми землями Чингисхана. Бирюса – искажение названия Бирюс + ак (Бирюш + ак), - «Бершева вода», «Бершева река». А чингизов род Бориштегин считал себя отрыском Сивого Волка.

Даже из разбросанных, как бисер, фактов, уже видно, что берши относились к "волчьим племенам", которых обобщённо называли «бори ели». Отсюда-то и идёт то, что был по-волчьему хан Боняк, что Бейбарса, относя к племени алборли, уточняли, что он "бурдж-оғлы" (сын Берша), что хан Гзак, опять-таки, Бурнович, в "Слове о полку Игореве" "бежит серым волком" и т.п. Именно эти факты дают основание для этимологии или толкования этнонима "Берш" из «волчьих» основ.

Поскольку разночтения и разнописания этнонима Берш /Бурч, Бурдж, Бердж, Пуруш, Бериш и т.п./ так, или иначе, напоминают те же разнописания и разночтения имени Волка /бури, бори, бери и т.п./, постольку и резонно выведение этнонима из зоонима. Именно на этой основе и построим этимологию или толкование искомого слова.

Как и в любом другом, в тюркском языке, часто применялись уменьшительно-ласкательные или уважительно-ласкательные имена: Ер – Еркеш, Нур - Нурыш, Тур - Тураш, Сери - Сераш, Амир - Мираш и т.п. В этот же перечень и гармонично, и логично, вписывается и искомое имя: Борі /Бури/ - Бориш, Буриш, Бураш, Бериш, Бирюч и т.п. Ласкательное имя Бориш /Волчонок/, закрепившись за его носителем, а затем, видоизменившись, превратилось в этноним.

Тайпаның қазірші қазақша Беріш атауы есімнің эволюциясының нәтижесі екендігі даусыз, оның ең дұрыс праформасы – Бёрш, Буриш. Бұл Беріш тайпасының түпкі атасына тән есімнің этимологиясы «халықтық» этимологияға, айталық, сол Тынышпаевтың Беріш есімін «денедегі қатаю, беріштену» сөз тіркесімен түсіндіруіне қарағанда, тарихи айғақтарға да, ментальділікке де, лингвистика заңдарына да барынша сәйкес келеді...

Сонымен, кесімді қорытындыны жасайық.

○ Беріштер, бірқатар тайпалар тәрізді (шеркеш, шекті, шөмекей, кете, алтын, аргын), Алтайды мекендеген, сол жерден олар Батысқа қарай ұзақ та алыс және қиын-қыстау жолға шыққан.

○ Феофан беріштерді ғұн-бұлғарларға жатқызды, сәйкесінше, олар халықтардың ұлы қоныс аударуы процесіне ғұндардың құрамында қатысты.

○ Беріштер Хазария этногенезіндегі ең қуатты бастаулардың бірі саналады, демек, олар араб халифаттарымен соғыстарға қатынасты, сол арқылы Оңтүстік-Шығыс Еуропаны исламданудан құтқара отырып, сондай-ақ, Кавказдың этникалық қауымдастықтарының қалыптасуына өз үлесін қосты. Хазарияның құрамында олар әлі күнге дейін сақталған көптеген қалаларды салды.

○ Олардың Түркі Қағанаттары тарихының даңқты беттеріне қатысы бар (БЕРЧекер).

○ Беріштің бұрмаланған есімі (Боричь) 9 ғасырдағы Еуропада кездеседі (Игорьдің гректермен келісім-шарты).

Нынешнее название племени в казахском Бериш и есть результат эволюции имени, праформа которого, скорее всего, - Бёрш, Буриш. Данная этимология имени прародителя племени Бериш более соответствует и историческим свидетельствам, и ментальности, и законам лингвистики, чем "народная" этимология, допустим, того же Тынышпаева, который имя Берш толковал словосочетанием "затвердение в теле"...

Итак, подведём окончательные итоги.

○ Берши, так же, как и некоторые племена (шеркеш, шекты, шөмекей, кете, алтын, аргын), проживали на Алтае, откуда они проделали долгий, далёкий и трудный путь на Запад.

○ Феофан относил бершей к гунно-булгарам, следовательно, они участвовали в процессе великого переселения народов в составе гуннов.

○ Берши представляли одно из самых мощных начал в этногенезе Хазарии, а, значит, участвовали в войнах с арабскими халифатами, тем самым, спасая Юго-Восточную Европу от исламизации, а также внесли свой вклад в формирование этнических сообществ Кавказа. В составе Хазарии они построили массу городов, которые сохранились до сих пор.

○ Они были причастны к славным страницам истории Тюркских Каганатов (БЕРЧекер).

○ Искажённое имя Берш (Боричь) встречается в 9 веке в Европе (договор Игоря с греками).





○ XI ғасырдың ортасына қарай беріштер бөрі елінің (албөрілі, ольбер және т.с.с.), яғни «бөрілі тайпалардың» құрамында қыпшақ коалициясына кірді және осы одақта екі жүз жыл бойы әлемдік саясаттағы бірінші рөлдерді ойнады. Олар Византияны иран мен печенегтер шапқыншылығынан, орыс князьдіктерін құлдық пен католицизмнен қорғап қалды.

○ Моңғол шапқыншылығына дейін және одан кейін беріштер планетаның көптеген түкпіріне шашылып кетті, ал кейбір елдерде, билікті өз қолдарына алып, сұлтандар мен әмірлердің жоғары лауазымына дейін өсті.

○ Беріштер моңғолдарға қарсы көтеріліс жасады (Бачман).

○ Алтын Орданың ыдырауынан кейін, беріштер ноғайлар, қазақтар, қарақалпақтар, башқұрлар, татарлар (қазан және қырым татарлары), бірқатар кавказ ұлыстары іспетті халықтардың этникалық компонентінің біріне айнала бастады.

○ Тұғрылхан, Ақлан, Боняк хан, оның ұлы Севенч, Елдечук, Бачман, делилік және мысырлық сұлтандар Илетмиш, Разия, Ұлығ-хан Гийасаддин Балбан, Кейкубад, Бейбарыс, Қалауын, Хасан, ән-Насир тәрізді тұлғалар, Исатай және Махамбет батырлар, Аманғали «бандит» және басқалары өздерінің түпкі атасы – «бөлтіріктің» атақ-даңқын шығарды, өз ұрпақтары толық құқылы түрде өздерінің этникалық шығу тегімен және ұлы Беріш тайпасына қатыстылығымен мақтана алатындай еңбек сіңірді.

○ Где-то в середине XI в. берши в составе бори ели /альборли, ольберов и т.п./, т.е. "волчьих" племён, влились в кипчакскую коалицию и в этом союзе на протяжении двух столетий играли первые роли в мировой политике. Они спасали Византию от иранских и печенежских нашествий, русские княжества от порабощения и католицизма.

○ До и после монгольского нашествия берши были разбросаны по многим уголкам планеты, а в некоторых странах, захватив власть в свои руки, дорастали до высших должностей султанов и эмиров.

○ Берши поднимали восстание против монголов (Бачман).

○ После распада Золотой Орды, берши стали составлять один из этнических компонентов таких народов, как ногайлинцы, казахи, каракалпаки, башкиры, татары /казанские и крымские/, некоторые кавказские народности.

○ Такие личности, как хан Тугрулхан, Ақлан, хан Боняк, его сын Севенч, Елдечук, Бачман, делийские и египетские султаны Илетмиш, Разия, Улуг-хан Гийасаддин Балбан, Кейкубад, Бейбарс, Калаун, Хасан, ан Насир, батыры Исатай и Махамбет, "бандит" Аманғали и многие другие прославили имя своего прародителя - "волчонка", способствовали тому, что их потомки с полным правом могут гордиться своим этническим происхождением и принадлежностью к великому племени Берш.

**Беріш тайпасынан шыққан атақты тұлғалар  
(есімдер мен мәліметтердің толық емес  
жинағы)**

✦ **Тонькөк** – Екінші Түркі Қағанатының көптеген хандарының тұсындағы кеңесші, Күлтегіннің досы.

✦ **Тұғрыл Бурчевич** (Тұғрылхан, Тугорхан) – Беріш тайпасынан шыққан қыпшақ ханы. 1091 жылы Тұғрылхан мен воевода Боняк Бурчевич Беріштердің «бөрілі тайпаларын» бастап, печенегтерді талқандады және 6 жылдық соғыстан қалжыраған Византияны құтқарды. 1093 жылы осы қолбасшылар В.Мономах пен Святополктың полктарын жойды.

✦ **Бойнақ Бурчевич** (жылнамаларда – Боняк) – Беріштен шыққан қыпшақ ханы. Византияны печенегтердің езгісінен азат етуші және орыс князьдіктерін католицизм мен венгр экспансиясынан құтқарушы. Киев Русін, Мономах пен Святополктің полктарын талқандады.

✦ **Себенші Бойнақұлы Бурчевич** (Севенч) – Боняк ханның ұлы, 1151 жылы Киев түбінде қаза тапты.

✦ **Гзак** (Казак) Бурнович – «Игорь полкі туралы сөз» поэмасы кейіпкерлерінің бірі.

✦ **Елдечук Бурчевич** (Вобурцевич) – 1185 жылғы 5 мамырда Князь Игорьдің жасағын талқандаушы батыр. Игорь полктарының талқандалуынан кейін көрнекті сановниктер олжа мен тұтқын вельможаларды өзара бөліске салды. Жылнама былай дейді: «Игорьді Тарголовтық Чилбук есімді ер тұтқынға алды, ал оның бауыры Всеволодты Роман Кзич олжалады, Святослав Ольговичті – Вобурцевичтерден Елдечук, Владимирді – Копти Улашевич алды».

**Знаменитые личности из племени Берш  
(неполный свод имён и сведений)**

✦ **Тоньюкук** - советник при многих ханах Второго Тюркского Каганата, друг Кюльтегина.

✦ **Тугрул Бурчевич** (Тугрулхан, Тугорхан) – кипчакский хан из племени Берш. В 1091 году Тугрулхан и воевода Боняк Бурчевич во главе "волчьих племён" Бершей разбили печенегов и освободили изнурённую 6-летней войной Византию. В 1093 году эти же полководцы разбили полки В.Мономаха и Святополка.

✦ **Бойнак Бурчевич** (В Летописях - Боняк) – кипчакский хан из Бершей. Освободитель Византии от ига печенегов и спаситель русских княжеств от католицизма и венгерской экспансии. Громил Киевскую Русь, полки Мономаха и Святополка.

✦ **Себенчи Бойнакулы Бурчевич** (Севенч) – сын хана Боняка, погиб под Киевом в 1151 году.

✦ **Гзак** (Казак) Бурнович – один из героев поэмы «Слово о полку Игореве»

✦ **Елдечук Бурчевич** (Вобурцевич) - герой разгрома дружины князя Игоря 5 мая 1185 года. После разгрома полков Игоря видные сановники разделили меж собой трофеи и вельмож-пленников. Летопись утверждает: «Игоря взял в плен муж именем Чилбук из Тарголовцев, а Всеволода, брата его, захватил Роман Кзич, а Святослава Ольговича – Елдечук из Вобурцевичей, а Владимира – Копти из Улашевичей».

✘ **Айбек Кутаб-ад-Дин, Шамсаддин Илетмиш, оның қызы Разия, Ұлығ-хан Гийасаддин Балбан, Кейкубад** – 1206 жылы құрылған Дели сұлтанатының билеушілері.

✘ **«Қыпшақ Пурыштың ұлы...»** (Пурыш – Тынышпаев бойынша – дәл сол Беріш).

✘ **Бочман Бурчевич** – 1241 ж. Дидяков қаласында моңғолдарға қарсы көтерілісті бастады және оған солтүстік кавказдық қыпшақтарды тартты. Әмір титулын иеленді (Рашид-ад-Дин бойынша). Бұл бүлікті басып тастау үшін тіпті орыс жасақтары тартылды, бұл оның аса ауқымдылығын көрсетеді.

✘ **Бейбарыс** – Мысырдың Беріштерден шыққан бірінші сұлтаны (билік құрған жылдары: 1260-1277).

✘ **Саид Мұхаммед Насираддин Берке-хан. Мысыр сұлтаны** (1277-1279). Бейбарыстың ұлы.

✘ **әл-Әділ Бедраддин Саламыш. Мысыр сұлтаны** (1279). Бейбарыстың ұлы.

✘ **Қалауын. Мысыр сұлтаны** (1279-1290). Бейбарыстың серігі, досы және туысы, Мысырды ғасырдан астам уақыт билеген династияның негізін салушы.

✘ **әл-Ашраф Халил. Мысыр сұлтаны** (1290-1293). Қалауынның ұлы.

✘ **Байдара. Сұлтан** (1293). Қалауынның ұлы.

✘ **ән-Насир Мұхаммед. Мысыр сұлтаны** (билік еткен жылдары: 1294-1295, 1299-1309, 1310-1340). Қалауынның төртінші ұлы, Мысырды 42 жыл биледі.

✘ **Бейбарыс Жахангир. Сұлтан** (1309-1310).

✘ **Әбу Бәкір. Мысыр сұлтаны** (1340-1341). Насырдың ұлы.

✘ **Айбек Кутаб-ад дин, Шамсаддин Илетмиш, его дочь Разия, Улуг-хан Гийасаддин Балбан, Кейкубад** – правители Делийского султаната, образовавшегося в 1206 году.

✘ **"Пурышев сын с Половцы...** (Пурыш – по Тынышпаеву - тот же Беріш).

✘ **Бочман Бурчевич** - в 1241 г. поднял восстание против монголов в городе Дидякове и вовлек в него северокавказских половцев. Носил титул эмира (по Рашид-ад-Дину). Для подавления этого бунта были даже привлечены русские дружины, что говорит о его масштабности.

✘ **Бейбарс** - Первый султан Египта из бершей (годы правления: 1260-1277).

✘ **Саид Мухаммед Насираддин Берке-хан. Султан Египта** (1277-79). Сын Бейбарса.

✘ **Ал-Адил Бедраддин Саламыш. Султан Египта** (1279). Сын Бейбарса.

✘ **Калаун. Султан Египта** (1279-1290). Соратник, друг и родственник Бейбарса основоположник династии, которая правила Египтом более века.

✘ **Аль-Ашраф Халил. Султан Египта** (1290-1293). Сын Калауна.

✘ **Байдара. Султан Египта** (1293). Сын Калауна.

✘ **Ан-Насир Мухаммед. Султан Египта** (годы правления: 1294-1295, 1299-1309, 1310- 1340) Четвертый сын Калауна, правил Египтом 42 года

✘ **Бейбарс Жахангир. Султан Египта** (1309-1310).

✘ **Абу Бакр. Султан Египта** (1340-1341). Сын Насыра.

- ✎ **Шибабидин. Мысыр сұлтаны (1342).** Насырдың ұлы.
- ✎ **Исмаил. Мысыр сұлтаны (1342-1345).** Насырдың ұлы.
- ✎ **Шабан-1. Мысыр сұлтаны (1345-1346).** Насырдың ұлы.
- ✎ **Хаджи-1. Мысыр сұлтаны (1346-1347).** Насырдың ұлы.
- ✎ **Хасан. Мысыр сұлтаны (1347-1351, 1354-1361).** Насырдың ұлы.
- ✎ **Салих. Мысыр сұлтаны (1351-1354).** Насырдың ұлы.
- ✎ **әл-Мансұр Салахиддин. Мысыр сұлтаны (1361-1363).** 1-ші Хаджидің ұлы, Насырдың немересі.
- ✎ **Шабан-2. Мысыр сұлтаны (1363-1376).** Насырдың немересі.
- ✎ **әл-Мансұр Аладдин Әли. Мысыр сұлтаны (1376-1379).** 2-Шабанның ұлы, Насырдың шөбересі.
- ✎ **Хаджи-2. Мысыр сұлтаны (1379-1382).** 2-Шабанның ұлы, Насырдың шөбересі.
- ✎ **Шибабидин. Султан Египта (1342).** Сын Насыра.
- ✎ **Исмаил. Султан Египта (1342-1345).** Сын Насыра.
- ✎ **Шабан-1. Султан Египта (1345-1346).** Сын Насыра.
- ✎ **Хаджи-1 Султан Египта (1346-1347).** Сын Насыра.
- ✎ **Хасан Султан Египта (1347-1351, 1354-1361).** Сын Насыра.
- ✎ **Салих Султан Египта (1351-1354).** Сын Насыра.
- ✎ **Аль Мансур Салахиддин - Султан Египта (1361-63)** Сын Хаджи-1, внук Насыра.
- ✎ **Шабан-2 Султан Египта (1363-1376).** Внук Насыра.
- ✎ **Аль Мансур Аладдин Али Султан Египта (1376-1379).** Сын Шабана-2, правнук Насыра.
- ✎ **Хаджи-2 Султан Египта (1379-1382).** Сын Шабана-2, правнук Насыра.

## **XVII-XVIII-XIX ғасырлардағы атақты батыр және ақын беріштер**

✎ **Тілеуке** – Ағатай батырдың әкесі, Тайман батырдың арғы атасы, Исатай батырдың бабасы.

## **Знаменитые батыры и поэты - берши XVII-XVIII-XIX веков:**

✎ **Тлеуке** – отец батыра Агатая, прадед батыра Таймана, прапрадед батыра Исатая

**ж. Ағатай батыр.** XVII ғ. 70-жылдарының аяғында ойраттар Жайық өзеніне жетіп, қазақ пен ноғайдың ежелгі астанасы – Сарайшықты алды. Ұлы Жүзден Шилибай батыр, Орта Жүзден Науша батыр және Кіші Жүзден Марғасқа батыр бастаған үш Жүздің біріккен әскері бекіністі қоршады. Бірақ, олар оны қанша шабуылдаса да ала алмады. Сол кезде Кіші Жүздің жауынгерлері арасынан бір жігіт «Алшын!» ұранымен атып шықты да, қалған сарбаздарды соңынан ертіп, Сарайшыққа бар екпінімен бұзып-жарып кірді, сөйтіп ол қазақтарға жеңіс алып келді. Әскери кеңесте оны үш жүздің әскербасылары шақырып алды. Оның есімі Ағатай, әкесі – Тілеуке, ал өзі Беріш руынан екенін біліп, олар оған олжаны бөлісу пұрсатын беруге шешім қабылдады. Ол өзіне тек ең тәуір әскери қару-жарақты алды, ал ойрат қонтайшысының қызы – Ұлансарды өзінің бауыры Шағатайға берді. Осы уақиғадан кейін оның есімі Беріштердің рулық ұранына айналды. Көп ұзамай 1680 жылдардағы соғыс майданында да оның даңқы шықты. Тәуке хан Байұлы руының 10 мың сарбазын оның басқаруына берді. Сондай-ақ, Ағатай батыр Қанжығалы Ақша батырдың (Бөгенбай батырдың әкесі) басшылығындағы сегіз қолбасшының бірі болды, олар астана – Түркістанды жоңғарлардан қорғады. Ол – атақты Исатай батырдың бабасы.

**ж. Шағатай батыр.** Ағатай батырдың ағасы, өзінің бауыры сияқты ауызша аңыздарда аталған.

**ж. Есет бахадүр.** 1635 жылы ойраттар қазақ даласын кесіп өтіп, Еділ (Волга) мен Жайықтың (Орал) аралығына өтеді. Мұғалжар таулары арқылы оларды Беріш Есет бахадүр бастаған қазақ батырлары өткізбей қойды.

**ж. Есболай** – батыр, би әрі бай, 17-18 ғасырларда өмір сүрген. Итемген батырдың әкесі, Табылды батырдың атасы, Құлбарақ батырдың бабасы. Оның басшылығымен қалмақтардың шапқыншылығы кесірінен Жетісуға ауып кеткен Кіші Жүз рулары Батыс Қазақстанға қайтып оралды. Ол адайларды Маңғыстауға орналастырды және өзі де сол араға көшті. Орта Жүздегі Қазыбек бимен достық қарым-қатынаста болған.

**ж. Ағатай-батыр.** В конце 70-х годов XVII в. ойраты достигли реки Жайык, взяли древнюю столицу казахов и ногайцев — Сарайшык. Объединенное войско трех Жузов во главе с Шилибай батыром из Старшего Жуза, Науша батыром из Среднего, и Маргаска батыром из Младшего осадили крепость. Сколько не штурмовали они ее, но не смогли взять. Тогда из среды воинов Младшего Жуза с ураном (боевым кличем) «Алшын!» выскочил джигит, стремительно ворвавшись в Сарайчик и ведя за собой остальных воинов, он принёс победу казахам. На военном совете его позвали военачальники трех жузов. Узнав, что его зовут Ағатай, отца его — Тлеуке, а сам он из рода Берш, они решили дать ему привилегию разделить добычу. Он себе взял только лучшие военные доспехи, а дочь ойратского контайши — Улансар, отдал своему брату Шағатаю. После этого случая его имя стало родовым кличем Бершей. Вскоре он прославился на воинском поприще и в 1680х годах. Тауке-хан дал под его командование 10 тыс. воинов из племени Байулы. Также Ағатай батыр был одним из восьми военачальников под командованием Канжыгалы Акша батыра (отец Бөгенбай батыра), которые защищали столицу — Туркестан от джунгар. Он – прапрадед знаменитого Исатай батыра.

**ж. Шағатай-батыр.** Брат Ағатай-батыра, как и его брат, отмечен в устных преданиях.

**ж. Есет бахадүр.** В 1635 году ойраты, пересекая казахскую степь, отправляются в междуречье Едилы (Волги) и Жайыка (Урала). Через горы Мугоджары их не пропустили казахские батыры под предводительством Берш-Есет-бахадүра.

**ж. Есболай** - батыр, бий и бай, жил в 17 — 18 веках. Отец батыра Итемгена, дед батыра Табылды, прадед батыра Кульбарака. Под его началом племени Младшего Жуза вернулись в Западный Казахстан из Семиречья куда были загнаны из за набегов калмыков. Он расселил адаев в Мангистау, куда перекочевал и сам. Был в приятельских отношениях с Казыбек бием из Среднего Жуза.

- ✦ **Итемген** – Есболай батырдың ұлы, Табылды батырдың әкесі және Құлбарақ батырдың атасы.
- ✦ **Итемген** - сын Есболай-батыра, отец батыра Табылды и дед батыра Кулбарака, буквальный перевод его имени: «Собакой Вскормленный».
- ✦ **Табылды** – Есболай батырдың немересі, Итемгеннің ұлы, Құлбарақ батырдың әкесі.
- ✦ **Табылды** - внук батыра Есболая, сын Итемгена, отец батыра Кулбарака.
- ✦ **Құлбарақ** – қазақтарды Хиуа езгісінен құтқару үшін күрескен халық батыры. Маңғыстау территориясында, Бозашы түбегінде Табылды батырдың отбасында туған. Хиуа хандығының әскеріне қарсы қазақ қолының шайқасы өткен Тиген мекенінде (Ақтау қаласынан 300 км жерде) жерленген. Мұнда «Құлбарақ ата» некрополи мен мемориалы салынды (ЮНЕСКО тізімінде мәдени қазына ретінде тіркелген).
- ✦ **Кулбарак** - народный батыр, сражавшийся за свободу казахов от хивинского засилия. Родился на территории Мангистау, на полуострове Бузачи в семье батыра Табылды. Похоронен в местечке Тиген (примерно в 300 км от г. Актау), где когда-то произошла битва казахских воинов против войск хивинского ханства. Там построен некрополь и мемориал «Кулбарак – ата» (находится в списке ЮНЕСКО как культурное достояние).
- ✦ **Айғана** – Беріш тайпасының Есен руынан шыққан, жоңғарлармен соғыстың батыры.
- ✦ **Айғана** - герой войны с джунгарами, из рода Есен племени Берш.
- ✦ **Саржала** – Беріш тайпасының Себек руынан шыққан атақты батыр, оның көптеген ұрпақтары қазір Атырау облысында, әсіресе – Исатай ауданында өмір сүріп жатыр.
- ✦ **Саржала** - знаменитый батыр из рода Себек племени Берш, его многочисленные потомки проживают в Атырауской области, особенно - в Исатайском районе.
- ✦ **Пыштанай** – Беріш тайпасынан (Бегіс руы) шыққан батыр, Батыс Қазақстанда Жоңғарлардың тажалы және Ерсары (оны адайлар осылай атаған) атымен де танымал болған.
- ✦ **Пыштанай** - батыр из рода Берш (подраздел Бегис) был известен в Западном Казахстане еще под именем Гроза Джунгар и Ерсары (так его называли адайцы).
- ✦ **Қара** – осы есімдес бірнеше батырлар болған, бірақ ол туралы мәлімет мүлдем дерлік жоқ.
- ✦ **Қара** - под этим именем кроется несколько батыров, сведений о нём почти нет.
- ✦ **Жүзбатыр** – ол туралы мәліметтер жоқ деуге болады немесе олар бір-біріне қайшы келеді.
- ✦ **Жузбатыр** - сведений о нём почти нет или они противоречивы.
- ✦ **Жауылқазы** - ол туралы мәліметтер жоқ дерлік.
- ✦ **Жауылқазы** - сведений о нём почти нет
- ✦ **Жаубасар** - ол туралы мәліметтер жоқ дерлік.
- ✦ **Жаубасар** - сведений о нём почти нет
- ✦ **Жауғашар** - ол туралы мәліметтер жоқ дерлік.
- ✦ **Жауғашар** - сведений о нём почти нет
- ✦ **Құттығай** – ол туралы мәліметтер жоқ.
- ✦ **Куттыгай** - сведений о нём почти нет

➤ **Алдар би** – Өбілқайыр ханның кеңесшісі және Нұралы ханның тәрбиешісі. Кейіннен Сырым батырдың оң қолы.

➤ **Кебек би** – Сырым батырдың көтерілісі кезінде оны ақ киізге салып, көтерілісшілердің ханы етіп көтерген. Бұл көтерілістің жетекшілерінің көбі Беріш руынан шыққан.

➤ **Тайман батыр.** Сырым Датұлы бастаған көтеріліс жетекшілерінің бірі, Исатай батырдың атасы.

➤ **Исатай Тайманұлы және Махамбет Өтемісұлы** – Кіші Жүз көтерілісінің жетекшілері.

➤ **Есет Қараұлы** – ақын әрі батыр.

➤ **Мұрат Мөңкеұлы** – мықты ақын-импровизатор, жырау және Алтынорда шығармашылық мектебінің соңғы өкілі.

➤ **Аманғали Кенжеахмет** (1888 – 1928 ж. 11 қаңтар) – Себек руынан шыққан, лақап аты «Бандит Аманғали». Жалған мәліметпен Кеңес билігінің жаулары қатарына жатқызылып, қуғын-сүргінге түсті және 7 жылдай туыстарымен бірге НКВД мен ЧОН-ның тұрақты отрядтарымен шайқасты. Қыстауды қоршау кезінде НКВД әскерлері өлтірді.

➤ **Алдар бий** – советник Абулхаир хана и воспитатель Нуралы хана. Впоследствии правая рука Сырым батыра.

➤ **Кебек бий** - во время восстания Сырым батыра его подняли на белой кошме и объявили ханом восставших). Многими руководителями этого восстания были выходцы из Бершей.

➤ **Тайман-батыр** (один из руководителей восстания Сырыма Датова, дед Исатая)

➤ **Исатай Тайманов и Махамбет Утемисов** - руководители восстания в Младшем Жузе

➤ **Есет Кара-улы** (акын и батыр).

➤ **Мурат Монкеулы** — лучший поэт-импровизатор, жырау и последний представитель творчества Золотоордынской школы.

➤ **Аманғали Кенжахмет** (1888- 11 января 1928 г.) – из рода Себек, прозвище «Бандит Аманғали», по ложному доносу был причислен к врагам Советской власти, подвергся преследованиям и около 7-лет с группой родственников воевал против регулярных отрядов НКВД и ЧОН. Убит при осаде становища (зимовья) войсками НКВД.

## ТОҚСАРЫ СКИФТІК ДОСТЫҚ ЖАЙЫНДА

Біздің ежелгі ғұлама жерлесіміз Тоқсары (ежелгі гректер оны Токсарид, Токсарис деп атаған) біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырдың ортасында Каспий маңында туған. Б.д.д. 580-жылдары ол Ежелгі Грекияның білімі мен мәдениетін зерттеу мақсатымен Элладаға келеді.

Тоқсары жан-жақты және өте көрнекті тұлға болған: ақын, саяхатшы, ділмәр шешен, музыкант әрі орындаушы, емші, этнограф (әрине, қазіргі тілмен айтқанда). Бірақ Элладада оның даңқы сынықшы өнерімен шықты. Оның қабылдауына Грекияның барлық түкпірінен мүгедектерді, майып болғандар мен жарымжандарды алып келіп жатты. Тоқсары олардың бәрін аяғынан тік тұрғызды, сөйтіп, жат жерде жүріп сүйіспеншілік пен қошеметке, құрмет пен даңққа бөленді.

Оның жерлесі, сахараның ұлы перзенті Анақарызымен (Анахарсис) кездесуі бізге белгілі, ол да б.д.д. 594 жылы 26 жасында қызықты оқиғалар, беймәлім білімдер мен мәдени құндылықтар іздеп Элладаға келген. Анахарсис Грекияны өзінің дүниетанымымен, бал тамған тілімен баурап алды. Ол пікірталастарда гректің маңдайалды философтары мен жазушыларының бәрін жеңіп, үйіне жиналған кезде Тоқсарыны өзімен бірге Отанына оралуға үгіттеді.

Бірақ, Тоқсары қайтудан бас тартты, ол өзінің қарсылығын сахарада сынықшылардың толып жатқанына сілтеп, ал Элладада ол өзінің адамдарды емдеу үшін ғана емес, сонымен бірге шәкірттерін осы өнерге үйрету үшін де қажет екендігімен түсіндірді. Міне, құрметті еуроцентрист мырзалар, сіздер гректер мен римдіктерден бастап, бәріңіз варварлар деп атайтындардың болмысы осындай!

## ТОКСАРЫ О СКИФСКОЙ ДРУЖБЕ

Наш замечательный древнейший земляк Токсары (древние греки называли его Токсарид, Токсарис) родился в середине VI века до нашей эры в Прикаспии. В 580-ых годах до н.э. он попал в Элладу в целях изучения образования и культуры Древней Греции.

Токсары был разносторонней и выдающейся личностью: поэтом, путешественником, оратором-златоустом, сочинителем и исполнителем музыки, лекарем, этнографом (говоря, конечно, современным языком). Но славу в Элладе ему принесло искусство костоправа. Со всех концов Греции несли к нему на приём инвалидов, покалеченных и искалеченных индивидов. Всех их он ставил на ноги, тем самым, завоевав на чужбине любовь и почёт, уважение и славу.

Известна его встреча с земляком, великим сыном степей Анакарызы (Анахарсис), который в 594 г. до н.э. в возрасте 26 лет также прибыл в Элладу в поисках приключений, неизведанных знаний и культурных ценностей. Когда Анахарсис, покоров Грецию своими познаниями, златоустными речами, победив в спорах всех первых греческих философов и писателей, засобирался домой, тогда он убеждал Токсары вернуться вместе с ним на Родину.

Но Токсары отказался вернуться, обосновав свой отказ тем, что в степи костоправов – пруд пруди, а в Элладе он нужен людям для того, чтобы не только лечить, но и учить этому искусству своих учеников. Вот вам, господа европоцентристы, сущность тех, кого вы, начиная с греков и римлян, называли варварами!



Токсарис туралы ежелгі гректің философтары мен жазушылары қыруар жазбалар қалдырды. Солардың бірі – Лукиан, өзінің «Токсарид және Достық» атты әңгімесін грек Мнесипп пен Тоқсары арасындағы достық жайлы сұхбат формасында баяндайды. Бұл шығарма платондық диалогтарды қатты еске түсіреді, ал Тоқсарының ділмарлығын Сократтың шешендігімен салыстыруға болады.

Пікірталас Мнесипптің адамдарды өлтіріп, скиф тұтқынынан қашып шыққан, және де өздерімен бірге скифтердің идолы – Артемиданы алып кеткен Элладаның екі батыры Орест пен Пиладаға скифтердің неліктен құдайдай табынатынына түсінбеушілігінен басталады. Бұған Тоқсары былай жауап берді:

«Алдымен мені тыңдап ал, құрметтім, содан кейін біздің, яғни варварлардың, жақсы адамдар туралы сіздерге қарағанда қаншалықты дұрыс пікірде екендігімізді көреміз. Аргос пен Микенада, мысалы, Орест пен Пилладаның мәртебелі мазарын көру мүмкін емес, ал бізде олардың екеуіне де арналған храмды көрсете алады, өйткені олар жолдас болған. Оларға құрбандық шалады, және де олар өзге де барлық сый-құрметке ие; ал олардың скиф емес, жат елдік болғаны, оларды біздің айбынды адамдар деп санауымызға мүлдем кедергі келтірмейді.

Біз тамаша және асыл адамдар қай жерде туған деп анықтама жинамаймыз ғой, және де егер олар біздің досымыз болмай-ақ, қандай да бір ізгілікті іс тындырса, оларға тіксіне қарамаймыз. Олардың іс-әрекетін дәріптей отырып, біз ондай адамдарды амал-әрекеттеріне қарап өзіміздің жақынымыз деп есептейміз.

Оған қоса, бұл адамдардың бойында бізді таң қалдыратын әрі мақтаныш туғызатын нәрсе бар, олар, біздің ойымызша, бүкіл адамдардың ішіндегі ең жақсы достар іспетті және тағдырдың тауқыметін достарыңмен қалай бөлісу керектігі, скифтердің ең таңдаулылары арасында қалайша қадірлі болуға болатыны жөніндегі істерде елді аузына қарата алады.

О Токсарисе древнегреческие философы и писатели написали массу строк. Один из них – Лукиан, свой рассказ «Токсарид или Дружба» построил в форме диалога о дружбе между греком Мнесиппом и Токсары. Это сочинение сильно напоминает платоновские диалоги, а речи Токсары сравнимы с речами Сократа.

Спор начинается с того, что Мнесипп недоумевает, почему скифы, как богам, поклоняются двум героям Эллады Оресту и Пиладу, которые сумели бежать из скифского плена, убив при этом людей, и унеся с собой идол скифов – Артемиду. На что Токсары отвечал:

«Выслушай же меня, почтеннейший, и посмотрим, насколько мы, варвары, судим о хороших людях правильнее, чем вы. В Аргосе или Микенах, например, нельзя увидеть славной могилы Ореста или Пилада, а у нас вам покажут храм, посвященный им обоим, ибо они были соратниками. Им приносят жертвы, и они получают все прочие почести; а то, что они были не скифами, но чужестранцами, совсем не мешает нам считать их доблестными людьми.

Мы ведь не наводим справок, откуда родом прекрасные и доблестные люди, и не относимся к ним с пренебрежением, если они совершают какой-нибудь добрый поступок, не будучи нашими друзьями. Восхваляя их деяния, мы считаем таких людей своими близкими на основании их поступков.

Более же всего в этих людях вызывает наше удивление и похвалу то, что они, по нашему мнению, являются наилучшими друзьями из всех людей и могут стать законодателями в делах о том, как нужно делить с друзьями превратности судьбы и как быть в почете у лучших скифов.

Біздің ата-бабаларымыз осы достардың екеуі бірге және бірі үшін біреуі бастан кешкеннің бәрін *мыс тақтаға ойып жазды*, және де оны Орест храмына қайырымдылықпен сыйға тартып, осы тақтайша ілім мен тәрбиенің бастамасы болуы үшін мынадай заң шығарды: «балалар онда жазылғанды жатқа білуі тиіс». Одан әрі қарай Тоқсары сол мыс тақтайшада не жазылғанын және не салынғанын баяндайды (демек, скифтердің де өз жазуы болған ғой?!?), ал содан кейін барып ойын жалғастырады:

«Мұндай шын берілгендік, қауіп-қатерлер арасындағы табандылық, адалдық пен шын ықылас, бір-біріне деген нағыз мықты махаббат, біздің ойымызша, қарапайым адами қадір-қасиет қана емес, әлдеқандай бір сұңғыла ақылдың дәулетін құрайды. Себебі көптеген адамдар, кемедегі сапарда ілеспе жел соғып тұрған кезде, егер де серіктері өздерімен бар қызықты бөліспесе, оларға ашуланады; ал аздап болса да қарсы жел соға қалса, олар өз достарын қауіп-қатер арасында қалдырып, тайып тұрады.

Сонымен, біліп ал, скифтер достықтан артық ештеңені мойындамайды, әрбір скиф досының бейнеті мен қиыншылығын онымен бөлісуді құрметке лайық санайды; егер сені достыққа опасыздық жасады деп айыптаса, ол бізде ең ауыр кінәмен тең.

Осыдан барып біз, осындай скифке тән айбынмен ерекшеленген және өздерінің достықтарының арқасында даңққа бөленген Орест пен Пиладты қадір тұтамыз, - ал достыққа біз бәрінен артық сүйініміз. Сол себепті біз оларды «Корак» деп атадық – бұл біздің тілімізде «данышпан, достықтың жебеушісі» дегенмен бара-бар». Осы тұста Мнесипп өзінің скифтерді варварлар деп санаған кезінде қателескенін мойындайды. Тоқсары болса ары қарай жалғастырады:

Наши предки *написали на медной доске* все то, что друзья претерпели оба вместе или один за другого, и пожертвовали ее в храм Ореста, издав закон, чтобы началом учения и воспитания служила эта доска: дети должны были заучивать то, что на ней написано». Далее Тоқсары сообщает, что было написано и нарисовано на той медной доске (выходит, и у скифов была своя письменность?!?), а затем продолжает мысль:

«Подобная привязанность, стойкость среди опасностей, верность и дружелюбие, истинная и крепкая любовь друг к другу не являются, как мы решили, простым человеческим свойством, но составляют достояние какого-то лучшего ума. Ведь большинство людей, пока во время плавания дует попутный ветер, сердятся на спутников, если они не разделяют с ними в полной мере удовольствий; когда же хотя немного подует противный ветер, они уходят, бросая своих друзей среди опасностей

Итак, знай, что скифы ничего не признают выше дружбы, что каждый скиф сочтет наиболее достойным разделить с другом его труды и опасности; равным образом у нас считается самой тяжелой обидой, если тебя назовут изменником дружбы.

Оттого мы и почитаем Ореста с Пиладом, отличавшихся этой скифской доблестью и заслуживших славу благодаря своей дружбе, - а дружбой мы более всего восхищаемся. Поэтому мы прозвали их «Кораки» - на нашем языке это все равно что сказать «гении, покровители дружбы». Тут Мнесипп признаётся в том, что заблуждался, когда скифов считал варварами. Торсары же продолжал:



«Әсілі, бұл заманда мен біз эллиндерден басқа жағынан да кереметпіз, ата-анамызға әділміз және құдайларды анағұрлым артық құрметтейміз деп мақтана қоймас едім. Бірақ, скифтер эллиндерге қарағанда анағұрлым адал достар екендігін, және де достық заңдары бізде сіздерге қарағанда барынша құрметтелетінін көрсету қиын емес. Және де, егер мен сенімен сіздердің араңызда ұзақ уақыт болу барысында жасаған өз бақылауларыммен бөлісетін болсам, онда, эллиндік құдайлар үшін, шамданбай тыңда.

Менің ойымша, сендер достық туралы сөздерді басқалардан керемет етіп айта аласыңдар, - ал оның істері жөнінде ойланбайсыңдар: сендерге достықты тек көкке көтере мадақтау және оның қандай ұлы игілік екенін көрсету әбден жеткілікті. Ал енді, қиыншылық туа қалса сендер өз сөздеріңнен айнып, ойпырмай десеңші! - ең жауапты сәтте - тайып тұрасыңдар. Сендердің трагедиялық ақындарың сахнада достықтың тамаша үлгілерін көрсетіп жатқан сәтте, сендер қайран қала қол соғасыңдар; сендердің көпшілігің достар өздерінің достары үшін қауіпке басын тіккен кезде көзінің жасын көл қылады.

«Пожалуй, в наше время я не стал бы хвастаться, что мы лучше эллинов и в других отношениях, справедливее к родителям и больше почитаем богов. Но нетрудно показать, что скифы являются более верными друзьями, чем эллины, и что законы дружбы у нас более чтимы, чем у вас. И, ради эллинских богов, выслушай без раздражения, если я поделюсь с тобой наблюдениями, которые сделал, находясь уже долгое время среди вас.

Мне кажется, что вы лучше других можете произносить речи о дружбе, - о делах же ее вы не заботитесь: для вас вполне достаточно только восхвалять дружбу и показывать, какое великое благо она составляет. В нужде же вы изменяете своим речам и удираете - подумайте только! - в самый ответственный момент. Когда ваши трагические поэты показывают на сцене замечательные примеры дружбы, вы восхищаетесь и рукоплещете; многие из вас проливают слезы, когда друзья подвергаются опасности ради друзей.

Алайда өз достарың үшін сендер мадаққа лайық бір де бір нәрсе істеуге батылдарың бармайды. Егер досың қиындыққа тап болса, онда осы толып жатқан трагедиялардың бәрі сол сәтте-ақ сендерді тастап, көрген түстей жан-жаққа бытырап ұшып кетеді, сөйтіп сендер аузын кере ашқанмен бір де бір дыбыс шығара алмайтын кеуек әрі мылқау маскаға ұқсап қаласыңдар. Ал біз болсақ, керісінше, достық туралы пікірлеріміз жөнінде қаншалықты артта қалсақ та, оның көріністері жөнінен сендерден соншалықты асып түсеміз».

Осы тұста дауласушылар бір-біріне достықтың нақты және заманауи бес уақиғасын келтіріп беруге келіседі.

Мнесиптің эллиндік достық жайлы әңгімелері, түптеп келгенде, Токсаридтің өмірінен алынған уақиғаларға қарағанда солғындау болып шықты, ол өз әңгімелеріне кіріспес бұрын, достық жайлы өзіндік ерекше әлеуметтанулық ой-толғамдарды келтіреді:

«Мен саған достары үшін кісі өлтіру, соғысу мен өлім жайлы көптеген уақиғаларды айтып бере аламын. Эллиндік достық істері скифтіклермен салыстырғанда жай ғана баланың ойыны екендігіне сенің көзің жетеді. Солай бола тұрса да, сендердің сезімдеріңнің орынды негізі бар, және де сендердің болар-болмас іс-әрекетті көкке көтерулерің әбден түсінікті жайт; себебі шектеулі әлемде өмір сүретін сендерде достықты дәлелдейтін өзінше ғажайып уақиғалар бола бермейді.

Қайықшының жақсы екенін теңіздің тымық кезінде білмейсің ғой: бұл үшін дауыл тұруы керек. Ал біз болсақ, үздіксіз соғыстан көз ашпаймыз: кейде өзіміз басқаларға шабуыл жасаймыз, не болмаса шапқыншылықтан қорғанамыз, жайылымдық жер үшін қоян-қолтық ұрыстарға қатысамыз және олжа үшін айқасамыз: негізінен, дәл осы жерде адал достар қажет-ақ. Міне, осындай жағдайларда біз ең берік достықты ғана жеңілмейтін және еңсерілмейтін қару деп есептей отырып, достығымызды нығайтамыз.

Но ради своих друзей вы не решаетесь совершить ничего достойного похвалы. Если друг окажется в нужде, то все эти многочисленные трагедии тотчас же покидают вас и разлетаются, как сны, и вы остаетесь похожими на пустые и немые маски, которые, широко разевая рот, тем не менее, не производят ни звука. Мы же, напротив, насколько отстаем в рассуждениях о дружбе, настолько же превосходим вас в ее проявлениях».

На этом месте спорщики договариваются донести друг другу по 5 реальных и современных им случаев дружбы.

Рассказы Мнесиппа об эллинской дружбе оказались на поверку бледными, чем случаи из жизни Токсариды, который перед тем, как приступить к своим рассказам, приводит своеобразные социологические размышления о дружбе:

«Я же тебе расскажу о многочисленных убийствах, войнах и смерти за друзей. Ты убедишься, что дела эллинской дружбы по сравнению со скифскими - детская забава. Впрочем, ваши чувства имеют разумное основание, и вполне естественно, что вы восхваляете незначительные деяния; ведь у вас, живущих в глубоком мире, не может быть выдающихся своей необычностью случаев выказать дружбу.

Так и во время затишья не узнаешь, хорош ли кормчий: для этого нужна буря. У нас же непрерывные войны: мы или сами нападаем на других, или обороняемся от набега, участвуем в схватках из-за пастбищ и сражаемся из-за добычи: тут-то по преимуществу и нужны хорошие друзья. Вот при каких условиях мы заключаем самую надежную дружбу, считая только ее одну оружием непобедимым и непреодолимым.

Ең алдымен, мен саған біздің досты қалай табатынымыз туралы айтып бергім келеді. Сендер сияқты арақ-шарап ішкенде емес, және де бірге өскендіктен немесе көрші болғанымыз үшін емес. Жоқ, біз айбынды және ұлы ерліктер жасауға қабілетті қандай да бір адамды көрген кезде, бәріміз соған ынтық боламыз, және де сендер құдалық кезінде істеу қажет деп есептейтінді біз дос іздегенде істейміз. Біз бар ынтамызбен құдаласамыз, достыққа қол жеткізу үшін және оған лайық болу үшін бәріне дайынбыз.

Міне, осылай, әлдекім достыққа таңдап алынған кезде, одақ жасалады және ең ұлы ант беріледі: бірге өмір сүру және егер қажет болса, досы үшін өмірін қию. Және де біз мұны орындаймыз.

Анттасқаннан кейін, өз саусағымызды кесіп, кесеге қанын жинаймыз да, қылышымыздың жүзін қынаптан суырып, екеуміз бір-бірімізден ұстасып тұрып, оны ішеміз; осыдан кейін бізді ешбір күш айыра алмайды. Достық шарты ең көп дегенде үш адам арасында жасалады; егер де әлдекімнің достары көп болса, онда біз үшін – ол да бір, әркімнің қолы жететін бұзық әйел де бір: егер біз өз ықыласымызды тым көп адаммен бөлісетін болсақ, ондай достық біркелкі күшті бола алмайды деп ойлаймыз».

Тоқсарының достық жайлы барлық бес әңгімесінен скифтік достықты барынша анық сипаттайтын біреуін ғана алайық. Онда Тоқсары былай дейді:

«Мен үйімнен эллиндік біліммен танысу ниетімен Афиныға сапарға шыққан кезде, Понтиялық Амастирдаға жүзіп жеттім. Карамбаға жақындау орналасқан бұл қала Скифиядан жүзіп келетіндердің ыңғайлы тұрағы болып табылады. Менің жанымда бала кезімнен бергі жолдасым Сисинн (*қазақша нұсқасы – Сисен*, - курсив менікі, - Б.Қ.) бар еді

Прежде всего, я хочу тебе рассказать, каким образом мы обретаем друзей. Не на попойках, как вы, и не потому, что росли вместе или были соседями. Нет, когда мы видим какого-нибудь человека, доблестного и способного совершать великие подвиги, мы все спешим к нему, и то, что вы считаете необходимым делать при сватовстве, то мы делаем, ища друзей. Мы усердно сватаемся, делаем все, чтобы добиться дружбы и не показаться недостойным ее.

И вот, когда кто-нибудь избран в друзья, заключают союз и приносят величайшую клятву: жить вместе и умереть, если понадобится, друг за друга. И это мы выполняем.

После клятвы, надрезав себе пальцы, мы собираем кровь в чашу и, обнажив острия мечей, оба, держась, друг за друга, пьем из нее; после этого нет силы, которая могла бы нас разъединить. Дозволяется же заключать дружбу самое большее с тремя; если же у кого-нибудь окажется много друзей, то он для нас — все равно, что доступная для всех развратная женщина: мы думаем, что дружба не может быть одинаково сильной, раз мы делим свое расположение между многими».

Из всех 5 рассказов Тоқсары о дружбе возьмём лишь один, но наиболее характеризующий скифскую дружбу. В нём Тоқсары рассказывал:

«Когда я отправлялся из дому в Афины, желая познакомиться с эллинским образованием, я приплыл Понтийскую Амастриду. Этот город, расположенный неподалеку от Карамбы, является удобной стоянкой плывущих из Скифии. Со мною был Сисинн (*казахский вариант – Сисен*, - курсив мой, - Б.К.), мой товарищ с детства.



Міне, сөйтіп біз айлақтан әйтеуір бір қонақүй тауып, кемедегі өз заттарымызды тасып жеткіздік те, алдын-ала еш жайсыздық күтпестен, серуендеп келуге шығып кеттік. Осыны пайдаланған бір ұрылар есіктің ысырмасын жұлып алып, біздің бар затымызды, тіпті бір күнге жететін нәрсе қалдырмай үптеп кетіпті. Үйге келгенде не болғанын көрген біздер, біреулер біздің төрт жүз дарикімізді, бүкіл киімімізді және кілемдерімізді, бізде болған мүліктің бәрін ұрлап кеткенін айтып, көпшілікке өтірікші-бопсалаушы болып көрінуден қорқып, өз көршілеріміздің де, оған қоса олар тым көп болатын, қожайынның да үстінен билік орындарына шағым жасауды жөн көрмедік.

И вот, найдя у гавани какую-то гостиницу и перенеся туда с корабля свои вещи, мы пошли погулять, не предвидя никакой неприятности. Воспользовавшись этим, какие-то воры, вытащив у двери засов, унесли у нас все, не оставив даже столько, чтобы хватило на один день. Придя домой и увидав, что произошло, мы не нашли возможным жаловаться властям ни на своих соседей, которых к тому же было много, ни на хозяина, из страха показаться большинству обманщиками-вымогателями, рассказывая, что кто-то похитил у нас четыреста дариков, много одежды и ковров и остальное имущество, какое у нас было.

Біз мұндай жағдайда не істеу керектігін ойластыра бастадық – енді жат елде мүлдем қаражатсыз қалдық қой. Мен дәл сол жерде, аштық пен шөл қасиетсіз қылық жасауға мәжбүр етпеуі үшін, қылышымды бүйіріме қадап, өмірден кетуге шешім қабылдадым. Бірақ Сисинн мені жігерлендіріп, бұлай істемеуге көндірді. Ол қажетті азықты табудың ең тиімді тәсілін тапты: айлақта ағаш тасуға жалданды және өзінің табысына бізге арналған ішіп-жем сатып алып оралды. Ол келесі күні таңертең, алаңнан өтіп бара жатып, оның айтуынша, сымбатты тұлғалы, бекзат жігіттерден құралған шеруді көреді.

Шынында бұл үш күннен кейін қойылым кезінде өнер көрсететін, ақыға жалданған гладиаторлар болатын. Оларға қатысты барлық қажетті мәліметке қаныққан Сисинн маған келді де былай деді:

- Токсарид, өзінді бұдан былай кедеймін деп атама, - үш күннен кейін мен сені бай қыламын. Ол осылай деді. Екі күн әупіріммен күн көріп, белгіленген күн келгенде біз уәделескен тамашаны көруге аттандық. Сисинн, дәп бір жанға жағымды және ерекше эллиндік ойын-сауық көрсетуді көздегендей, мені өзімен театрға ертіп алды.

Жайғасып отырған соң, біз қысқа найзалармен жабайы аңдарды қалай аулағанын, оларға қалай ит қосқанын, аңдарды әлдебір байлаулы адамдарға, сірә зұлымдар болса керек, қалай жібергенін көрдік. Ақыры гладиаторлар шықты-ау. Жаршы аса бойшаң жас жігітті шығарып, онымен жекпе-жек айқасуды қалайтын кез-келген тілек білдірушінің ортаға шығуы керектігін жариялады, - бұл үшін ол айқастың ақысы – он мың драхм алады.

Осы сөздер айтылған кезде Сисинн ұшып тұрды да, аренаға жүгіріп шығып, шайқасу ниетін білдірді және қару беруін өтінді. Он мың драхмды алып, ол ақшаларды маған әкеп берді. «Егер мен жеңіске жетсем, - деді ол, - біз бірге қайтамыз, бізге ақша жетеді, ал егер мен жығылсам – мені жерле де Скифияға кері қайт». Бұл сөздерді естігенде мен қатты өкіріп қоя бердім.

Мы стали обдумывать, что нам в таком положении делать — мы ведь остались совершенно без средств на чужбине. Я решил тут же, как был, вонзить в бок свой меч и уйти из жизни, чтобы голод и жажда не вынудили совершить недостойный поступок. Но Сисинн ободрял меня и уговаривал не делать этого. Он нашёл самый подходящий способ найти необходимое пропитание: нанялся таскать в гавани лес и возвратился, купив на свой заработок припасов для нас. Следующим утром, проходя по площади, он увидел шествие, состоявшее, по его словам, из видных юношей благородной осанки.

На самом деле это были нанятые за плату гладиаторы, которые через три дня выступали во время представления. Разузнав относительно них все, что было надо, Сисинн пришёл ко мне и сказал:

- Токсарид, не называй себя больше бедным, - через три дня я сделаю тебя богачом. Так он сказал. С трудом просуществовав два дня, когда наступил назначенный день, мы отправились посмотреть обещанное зрелище. Сисинн захватил меня с собой в театр, как будто с целью показать приятное и своеобразное эллинское представление.

Усевшись, мы видели, как охотились с дротиками на диких зверей, как их травили собаками, как выпускали зверей на каких-то связанных людей, по-видимому, злодеев. Наконец выступили гладиаторы. Глашатай, выведя весьма рослого юношу, объявил, чтобы всякий желающий сразиться с ним один на один выходил на середину, - за это он получит десять тысяч драхм - плату за бой.

При этих словах Сисинн вскочил и, сбежав на арену, изъявил желание сразиться и потребовал оружия. Получив десять тысяч драхм, он принес их и отдал мне. «Если я окажусь победителем, - сказал он, - мы уедем вместе, денег нам хватит; если же я паду - похорони меня и возвращайся обратно в Скифию». При этих словах я громко зарыдал.

Ал Сисинн қаруланып алды, тек шлемді кимеді: ол басы ашық күйінде шайқасты. Бастапқыда ол жарақаттанып қалды: қисық семсер оның тізесінің астынан тиді, содан қан саулап ақты; мен қорыққаннан одан бұрын өліп кетуге шақ қалдым. Бірақ Сисинн тым батыл ұмтылған өзінің қарсыласының аңысын аңдады, сөйтіп оны семсерімен кеудесінен тұтастай шаншып, сұғып алды. Сисинн, жарақатынан өзі де қинала жүріп, өліктің үстіне отырды және бақилық болып кете жаздады; мен жүгіріп барып, оны көтеріп алдым да қайраттандыра бастадым.

Сисинн жеңімпаз деп жарияланған кезде, мен оны көтеріп алып, біздің баспанамызға жеткіздім. Ұзақ уақыт емделген соң ол оңалып кетті және менің қарындасыма үйленіп, қазір де Скифияда өмір сүріп жатыр, - дегенмен сол жарақаттан аяғы ақсақ боп қалды.

Бұл, Мнесипп, не махлиялықтардың арасында, не болмаса Аланияда болған уақиға емес, онда куәгерлер болмас еді және маған сенбеуге де болатын еді; амастриялықтардың көбі қазір де Сисиннің жекпе-жегі туралы ұмытқан жоқ».

Әлбетте, нағыз достықты дәлелдеуде Тоқсары өзінің оппонентінен басым түсті, оған скифтік достық бәрінен де сай келді. Мнесипп өзінің жеңілісін мойындап, дәл сол жерде Тоқсарыға өзінің достығын ұсынды.

Біз мұнда достық жайлы осы ежелгі әңгімелерді не үшін келтіріп отырмыз? Өйткені, біздің дәуірімізде, барлығын жаппай «алтын торпақ» мүйіздеп, ал адамдар арасындағы қарым-қатынас барған сайын лас сатармандық және ұсақ меншіктік, пайдакүнемдік және жатбауырлық, тұтынушылық және эгоистік сипат алған кезде, біздің бабаларымыз алтын мен тамыр-таныстан, өзінің өмірі мен аман-саулығынан жоғары бағалаған достық пен махаббат, адамшылық пен адамсүйгіштік сияқты биік рухани сезімдер мен қатынастарды еске алу артық болмас еді.

А Сисинн вооружился, не надевая только шлема: он сражался с непокрытой головой. Сперва он был ранен: кривой меч задел его под коленом, так что кровь обильно заструилась; я же со страху чуть не умер раньше него. Но Сисинн подстерег своего противника, кинувшегося слишком смело, и пронзил его насквозь, поразив в грудь. Гладиатор тут же пал к его ногам. Сисинн, страдая и сам от раны, сел на убитого и едва не лишился жизни; я подбежал, поднял его и стал ободрять.

Когда же Сисинн был провозглашен победителем, я поднял его и доставил в наше жилище. После долгого лечения он оправился и сейчас еще живет в Скифии, женившись на моей сестре, - хотя все-таки хромает от раны.

Это, Мнесипп, случилось не среди махлийцев и не в Алании, где не было бы свидетелей и можно было бы не доверять мне; многие из амастрийцев и сейчас еще помнят о поединке Сисинна».

Разумеется, в доказательствах истинной дружбы, которой более всего соответствовала скифская дружба, Тоқсары одержал верх над своим оппонентом, который, признав своё поражение, тут же предложил Тоқсары свою дружбу.

К чему мы здесь приводим эти древние рассказы о дружбе? Да к тому, что в нашу эпоху, когда всех и вся заботит «золотой телец», а отношения между людьми становятся всё более и более грязноторгашескими и мелкособственническими, меркантильными и отчуждёнными, потребительскими и эгоистичными, нелишне было бы вспомнить о высоких духовных чувствах и отношениях, таких как дружба и любовь, человечность и человеколюбие, которых наши предки ценили выше злата и блата, собственной жизни и благополучия.



Осындай жоғары әрі мәңгілік құндылықтар жай ғана идеал емес, анық ақиқат, ол адамзат пен адамдықты, қоғам мен адамдарды қиын кезеңдерде және сын сағаттарда үнемі қорғап келді.

Эти высшие и вечные ценности не просто идеал, а та реальность, которая часто спасала человечество и человечность, общество и людей в трудные времена и «минуты роковые».

## ПУШКИН ЖАЙЫҚ БОЙЫНДА... (Пушкиннің Орал өңіріне сапарына орай)

1833 жылы А.Пушкин Орал қаласына келді. Оның сапарының мақсаты қандай болғаны жайлы екі нұсқа бар. Олардың екеуі де Пугачев көтерілісіне тікелей байланысты.

Бірінші нұсқа бойынша, ол өзінің әке жағынан атасының жүрген іздерін іздеді, ол есімінің ар жағында Пугачтың өзі жасырынып жатыр-мыс делінетін «3-ші Петр» көтерілісінің жақтаушысы болған. Иә, Емельянның бастапқыда дәл осындай лақап аты болды. Бұл лақап есімді В.И.Даль құжатпен растайды (1), 2-том, 222-223 бб.).

Еске түсіретін болсақ, 3-ші Петр – екінші Екатеринаның күйеуі – оның бұйрығы бойынша 1762 жылы өлтірілген боп саналады. Бірақ сол уақытта халық, оның ішінде көрнекті, білімді тұлғалар мен қызметкерлер де бар, оны бірбеткейлікпен тірі деп есептеді. Емельян, шамасы, өз мақсатына қол жеткізу үшін осы объективті жағдаятты пайдаланып қалған: жалған атақ оған осы наразы топты өз жағына тартуына мүмкіндік берді.

Александр Сергеевичтің атасы жайында А.С.Мыльников былай деп баяндайды: «Л.А.Пушкин солдаттарды арандатушылыққа берілмеуге, әскери анттарына адал болып қалуға шақырды... Көбісі... тұтқындалды, ал Л.А.Пушкин – қатаң жазаға тартылды... Л.А.Пушкинді қорғанға қамап тастады. Одан шыққаннан 1790 ж. қайтыс болғанға дейін ол Екатерина II-ге ешқашан қызмет еткен жоқ» (2), 2-ші том, 222-223 бб).

Александр Сергеевичтің өзі (әрі қарай аббревиатура – АСП) өзінің автобиографиялық жазбасында былай деп жазды: «Лев Александрович 1762 жылы да артиллерияда қызмет етті, бүлік кезінде III Петрге адалдық танытты. Ол қамалға отырғызылды және де екі жылдан кейін босатылды» (2), 2-ші том, 222-223 бб).

## ПОЕЛИКУ ПУШКИН ЕЗДИЛ ПО ЯИКУ... (по поводу поездки Пушкина в приуральские края)

В 1833 году А. Пушкин прибыл в Уральск. Есть две версии того, какова была цель его приезда. Обе они напрямую связаны с восстанием Пугачёва.

Первая версия утверждает, что он искал следы пребывания своего деда по отцовской линии, который был сторонником восстания «Петра-3», за именем которого таился, якобы, Пугач. Да, именно такая кличка была первоначально у Емельяна. Это прозвище документально подтверждалось В. И. Далем. (1), том 2, с. 222-223.

